Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА «ХИМИЯ» ОҚУ ПӘНІН ОҚЫТУ БОЙЫНША (7-9-СЫНЫПТАР) ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Әдістемелік ұсынымдар

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «ХИМИЯ» (7-9 КЛАССЫ) В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ

Методические рекомендации

Астана
2018

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 25.05. № 6 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 6 от 25.05.2018 года)

Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Химия» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 136б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «Химия» (7-9классы) в рамках обновления содержания образования. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 136с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптар) «Химия» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді жоспар дайындау және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген, 7-9-сыныптар үшін «Химия» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлардың үлгісі ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, химия мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін жоспарлау мәселесімен айналысатын мүдделі тұлғаларға бағытталған.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы «Химия» (7-9 классы) в рамках обновления содержания, формы и методы организации обучения учебного предмета «Химия»; методические рекомендации по разработке краткосрочных планов и организации критериального оценивания; представлены примерные краткосрочные планы по учебному предмету «Химия» для 7-9 классов.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям химии и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2018.
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2018.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс», - деп атап көрсетіп, білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керектігін айтты [1].

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

Білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсудің тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Осыған байланысты жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары әзірленді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары – бүгінгі күннің талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Алғаш рет оқу жоспары белгілі бір білім беру материалын беруге емес, күтілетін нәтижелер жүйесіне бағытталғалып отыр.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша 7-сыныптан бастап жаратылыстану-математика циклінің: «Физика», «Биология», «Химия», «Геометрия», «Алгебра» және «География» пәндері қатар оқытылады. Яғни, алғашқы рет «Химия» пәнін оқыту 7-сыныптан басталады. «Химия» пәнін жаңартылған мазмұнда оқыту оқушыларға химиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, сонымен қатар, эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамытуға негізделген.

Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптарда) «Химия» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдамада жаңартылған білім мазмұны жағдайында пәнді оқытуды ұйымдастыру, бағалау критерийлерін жасау бойынша әдістемелік ұсыныстар беру.

Сонымен қатар, «Химия» пәнін оқыту мен оқуда педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолдану, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы сандық білім беру ресурстарын қолдану бойынша ұсынымдамалар берілген.

1 Білім мазмұнын жаңарту аясында (7-9-сыныптарда) «Химия» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Білім мазмұнын жаңарту, бірінші кезекте, орта білім берудің өзіндік моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін және әдістерін қайта қарау, білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген [2].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы қолданыстағы бағдарламадан өзгеше. «Химия» оқу пәнінің 7-9-сыныптарға арналған 2013 жылғы және жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының (2017 ж.) құрылымының салыстырмалы талдауы 1-кестеде берілген.

1-кесте – «Химия» оқу пәні бойынша 2013 жылғы және жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары құрылымының салыстырмалы кестесі

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасы (2013)	**Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы (2017)**
1. Түсінік хат	1-тарау. Жалпы ережелер
2. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны	2-тарау. «Химия» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру
3. Оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі
	Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

Жаңартылған білім беру аясында «Химия» оқу пәнінің:

– пән мазмұнын іріктеудің шиыршықтылық қағидаты;

– таным заңдылықтарына негізделген және пәннің неғұрлым маңызды іс-әрекеттерімен (нәтижелердің өлшемділігі, репродуктивтіден шығармашылыққа дейінгі оқу әрекеттерінің барлық түрлерін есепке алу) жіктелетін оқу мақсаттарының иерархиясы;

– білім деңгейлері және оқу курсы бойына пән мақсаттарының бірізділігі пәнаралық байланысты барынша анық ескеруге мүмкіндік беруі;

– пәндердің бөлімдері мен тақырыптары мазмұнынының заман талабына сәйкестігі, әлеуметтену дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктер болып табылады [3].

«География», «Биология», «Физика» және «Химия» оқу пәндерінің 7-сыныпта оқытылып бастауы ғылыми жаратылыстану білім берудің үздіксіздігін сақтау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Үлгілік оқу жоспары әр пәннің мазмұнын және білім алушылардың когнитивтік қабілеттеріне сәйкес білім мен дағдыларын анықтайды.

Химиялық білімнің алғашқы түсініктері бастауыш мектептің 1-4 сыныптарында «Жаратылыстану» пәнінен басталады да, негізгі орта мектептің 5-6-сыныптарында жалғасады.

«Жаратылыстану» пәні – «Биология», «География», «Физика» және «Химия» пәндерін негізгі мектепте оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған пропедевдикалық курс [4].

Оқу пәнінің мақсаты білім алушылардың бойында ғылыми жаратылыстану білімін, табиғат пен қоғамның өзара байланысы, заңдылықтар туралы ұғым мен тұтас көзқарас қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірдегі табиғи құбылыстар мен процестерді түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану біліктерін дамыту болып табылады.

Бастауыш сыныптарда білім алушылар «Заттар және олардың қасиеттері», «Заттардың жіктелуі», «Заттардың пайда болуы және оларды алу», «Өлі табиғаттағы процестер», «Тірі табиғаттағы процестер» тәрізді ұғымдармен танысады, сонымен қатар бақылау және эксперимент жасаудың алғашқы дағдылары қалыптасады және білім алушылар химияның дамуы мен маңызы туралы біледі.

2-сыныпта:

«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде: ауа; ауаның адам, өсімдіктер мен жануарлар үшін маңызы; ауаның қасиеттері (түсі, иісі); ауаның агрегаттық күйі; жылуөткізгіштік; ауаның бос кеңістікті толтыратын қасиеті; су және оның физикалық қасиеттері; судың агрегаттық күйлері: қатты, сұйық, газ тәрізді; судың табиғи көздері; табиғат ресурстары және олардың қолданысы; табиғат ресурстарын шығу тегі бойынша жіктеу тәрізді ұғымдармен танысады.

3-сыныпта:

«Мен – зерттеушімін» бөлімінде ғылыми жаңалықтар және олардың адамның күнделікті өміріне әсері; ақпарат көздерінің түрлері; ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктері; экспериментті жоспарлау және

жүргізу; эксперимент нәтижелерін тіркеу және диаграмма түрінде көрсету; қорытындылар жасау тәрізді дағдылар қалыптастырылады.

«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде: заттар мен денелер; заттарды шығу тегі бойынша жіктеу; табиғи және жасанды денелер; заттарды агрегаттық күйі бойынша жіктеу (қатты, сұйық, газ тәрізді); ауа және оның құрамы (көмірқышқыл газы, оттегі, азот, т.б.); ауаның жануды қолдайтын қасиеті; суды тазалау тәсілдері; фильтр арқылы тазалаумен танысады.

4-сыныпта:

«Заттар және олардың қасиеттері» бөлімінде: заттардың қасиеттері (қаттылық, мөлдірлік, серпімділік, т.с.с); заттарды қасиеттеріне байланысты қолдану; құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу; адам тіршілігінің түрлі салаларында ауаны қолдану; ауаның ластануы; ауаның ластануының табиғи және жасанды көздері; ауа тазалығын сақтау; ауаны тазарту жолдары; ауаның орын ауыстыруы; судың ластану көздері (тұрмыстық, өндірістік, ауылшаруашылық); түрлі заттардың судағы ерігіштігі; пайдалы қазбалар (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ); Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын оқиды [4].

Негізгі орта мектеп деңгейінің 5-6-сыныптарындағы «Жаратылыстану» оқу пәнінің «Заттар және материалдар» бөлімінде заттардың құрылысы мен қасиеттерімен; заттардың жіктелуімен; заттардың пайда болуы және заттарды алу жолдарымен танысады [5].

«Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер» бөлімінде өлі және тірі табиғатта болатын процестер туралы бастауыш сыныпта алынған білімдерін тереңдетеді.

«Жаратылыстану» курсынан алынған білім негізгі мектептің «Химия» курсында жалғасын табады.

«Химия» оқу пәнін оқытудың мақсаты:

- заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттерінің, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастыруды;

- заттар және химиялық реакциялар туралы білімін өмірде пайдалану біліктерін дамытуды көздейді [6].

Күтілетін нәтижелер білім беру саласының ерекшелігін ескере отырып әзірленеді, ол өзара байланысты бірнеше пәндерді біріктіреді. Төмендегі суретте «Химия» оқу пәнін оқудан күтілетін нәтижелер берілген (1-сурет).



заттардың атомдармен молекулаларының құрылымын, химиялық реакция барысында заттардың қасиеттерінің өзгеруі туралы
химиялық реакцияның жылдамдығының әртүрлі жағдайда өзгеру заңдылықтарын
химиялық реакцияларды жүргізу ережелерін, өмір мен қоршаған орта қауіпсіздігі үшін техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауды
эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми әдістері
химиялық процестер мен олардың заңдылықтарын болжау және түсіндіру үшін химияның басты заңдылықтарын қолдануды және бағалауды білулері қажет

1-сурет. Оқытудан күтілетін нәтижелер

«Химия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

1) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Химия» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мамұны келесі 5 бөлімнен тұрады.

1) «Заттардың бөлшектері»;
2) «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары»;
3) «Химиядағы энергетика»;
4) «Химия және қоршаған орта»;
5) «Химия және өмір».

«Химия» оқу пәнінің жаңартылған білім мазмұны 2-суретте берілген.



2-сурет. «Химия» оқу пәнінің мазмұны

Бөлімдер білу, түсіну, білік және дағдылар түрінде берілген күтілетін нәтижелерден тұратын бөлімшелерді қамтиды.

Атом бөлшектері протондар мен нейтрондардан және электрондардан тұратын ядродан құрылған өзара әрекеттесетін элементар бөлшектер жүйесін білдіреді.

Молекулалық бөлшектер атом ядроларынан және оларды қоршаған ішкі және валентті электрондардан құралған өзара әрекеттесетін элементар бөлшектер жүйесін білдіреді. Ол атом бөлшектерінің әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Атом бөлшектерінің арасындағы химиялық байланыстардың пайда болуын валентті электрондар жүзеге асырады.

«Заттардың бөлшектері» бөлімінде таза заттар мен қоспалар, заттардың күйінің өзгеруі, атомдағы электрондардың қозғалысы, заттардың формулалары және химиялық реакциялардың теңдеулері, металдардың белсенділігін салыстыру қарастырылады.

«Заттардың бөлшектері» бөлімінің тақырыптары 3-суретте берілген.



3-сурет. «Заттардың бөлшектері» бөлімшесінің тақырыптары

Химиялық реакция – бір немесе бірнеше бастапқы заттардың химиялық құрамы немесе құрылысы бойынша басқа заттарға айналуы.

Химиялық реакциялар жүруінің негізгі заңдылықтарына периодтық заң және химиялық элементтердің периодтық кестесі, химиялық реакциялардың жіктелуі, зат массасының сақталу заңы, металдардың электрохимиялық кернеу қатары жатады.

«Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімінде химиялық реакциялар, химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, кейбір сипаттамаларын периодтық өзгерісі және химиялық элементтер атомдарының қасиеттері, химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері қарастырылады.

4-суретте «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімінің тақырыптары берілген.



4-сурет. «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары» бөлімшесінің тақырыптары

Химиядағы энергетика – бұл химиялық реакциялар, еру процестері, кристалдану барысында энергияның әртүрлі түрлерінің өзгеруін зерттейтін химияның бөлімі. Химиялық термодинамика процестердің өздігінен жүру мүмкіндіктері мен шекараларын зерттейді, термодинамикалық жүйе, термодинамиканың зерттеу нысаны болып табылады.

Термодинамикаға зерттеу объектісі термодинамикалық жүйе болып табылады, ол арқылы біз ғарыштан бөлінген денелердің жиынтығын түсінеміз, олардың арасында масса және жылу алмасу мүмкіндігі бар.

Реакция кезінде заттардың құрылымы өзгереді және олардың қосылыстары өзгереді, химиялық реакцияға кірісетін заттардың бір немесе бірнеше атомдарын ауыстыру, бір күрделі заттың қарапайым заттарға ыдырауы, заттардың реакциясына байланысты әртүрлі құбылыстарды қадағалай алады, мысалы, жылуды өндіру, энергияны сіңіру және тағы басқалар.

«Химиядағы энергетика» бөліміндегі тақырыптар 5-суретте берілген.



5-сурет. Химиядағы энергетика

«Химия және қоршаған орта» бөлімінде заттардың жіктелуі, руданың өңделуі, табиғат ресурстарын өндірудің қоршаған ортаға тигізетін әсері, қышқыл жаңбырлардың пайда болу себептері мен экологияға әсері, органикалық қосылыстардың көптүрлілігінің себептері, табиғаттағы көміртек айналымы, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға тигізетін әсері қарастырылады.

«Химия және қоршаған орта» бөлімінің тақырыптары 6-суретте берілген.



6-сурет. Химия және қоршаған орта

Биохимия – тірі жасушалар мен ағзалардың химиялық құрамы, сонымен қатар олардың тіршілік әрекетінің негізіндегі химиялық процестер туралы ғылым. «Химия және өмір» бөлімінде химиялық элементтер және адам ағзасындағы қоспалар, азық-түлік құрамындағы қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер қарастырылады.

«Химия және өмір» бөлімінің тақырыптары 7-суретте көрсетілген.



7-сурет. Химия және өмір

Оқу бағдарламалары кез келген бөлімді оқу барысында білім алушылардың жас ерекшеліктерін және білім, білік пен дағдылардың біртіндеп өсіп отыруын ескере отырып шиыршық қағидатына сәйкес әзірленген.

Оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқытудың мақсаттарымен анықталған, оқудан күтілетін нәтижелерге ерекше назар аудару қажет.

Мысалы, «Атомның құрылысы» тақырыбында:

7-сынып	8-сынып	9-сынып
Жаратылыстану (6-сынып) 6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау	Химия (7-сынып) 7.1.2.6 алғашқы 20 элементтің атом құрылысы мен атом ядросының құрамын білу	Химия (8-сынып) 8.1.3.5 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіну

Күрделі ұғымдар мен заңдардың мағынасы туралы біліммен жоғары сыныптарда танысатын болады. Оқу материалын қайта меңгеру білім алушылардың танымдық қабілеттерін ескере отырып неғұрлым жоғары деңгейде жоғары сыныптарда жүзеге асырылады. Сол себепті бір немесе басқа тақырып бойынша материалды қиындатпай, оқитын сыныптың оқу мақсатына сәйкес қамту қажет.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама қолданыстағы бағдарламаның мазмұнының бәрін қамтиды, сонымен қатар келесі тақырыптар қамтылған жаңадан енгізілді:

– заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі;

– адам ағзасындағы химиялық заттар;

– геологиялық химиялық қосылыстар.

Негізгі орта мектептің 7-сынып бағдарламасының «Химия пәні. Таза заттар және қоспалар» бөлімінде білім алушылар химия – заттар туралы жаратылыстану ғылымдарының бір саласы, химияның дамуы мен маңызы, химия кабинетіндегі және зертханасындағы қауіпсіздік техникасының ережелері, таза заттар және олардың физикалық қасиеттері, біртекті және әртекті қоспалар, заттарды тазарту және бөлу тәсілдері, жай және күрделі заттар, элемент, химиялық қосылыстар ұғымдарымен танысады.

Бөлімде білім алушыларға қауіпсіздік техникасының ережелерін білу үшін «Қауіпсіздік техникасының ережелерімен және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу» тақырыбында №1 практикалық жұмыс, қоспалардың түрлерін және оларды бөлу әдістерін үйрету мақсатында «Заттар қоспалары мен олардың қосылыстарын салыстыру» № 1 зертханалық тәжірибе, «Ластанған ас тұзын тазарту» №2 зертханалық тәжірибелері берілген.

«Заттар күйінің өзгеруі» бөлімі физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция, заттың агрегаттық күйлері, қатты, сұйық, бөлшектердің кинетикалық теориясына сәйкес газ тәріздес заттардың құрылымы, заттардың салқындау, қыздыру және булану үдерістерін қамтиды. Бөлімде № 3

«Химиялық реакциялардың белгілері» зертханалық тәжірибесі, «Салқындау үдерісін зерттеу» № 4 зертханалық тәжірибесі, «Судың қайнау үдерісін зерттеу» тақырыбымен № 5 зертханалық тәжірибе қарастырылған.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаға «Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі» тақырыбында заттардың агрегаттық күйлерінің өзгеруін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан оқыту тұңғыш рет енгізілді, бұл білім алушыларға заттардың құрылысы мен қасиеті арасында себеп-салдар байланыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар PISA, TIMMS халықаралық зерттеулерінде кестелер, диаграммалар, суреттер, графиктер түрінде берілген ақпаратты құру, түсіндіру және жалпылауға бағытталған тапсырмалардың жиі кездесетіндігін атап кету қажет, яғни білім алушылар физика мен математика сабақтарында пайда болған дағдыларды қолдана отырып, тәжірибе барысында температураны өлшейді және өздерінің бақылауларын жалпылап, сәйкес қызу және салқындау үрдістерінің графиктерін құрастырады.

«Атомдар. Молекулалар. Заттар» бөлімінде білім алушылар атомдар мен молекулалар, атомдар мен молекулалардың айырмашылығы, химиялық элементтер, химиялық элементтердің символдары, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, жай және күрделі заттар, атомның құрамы мен құрылысы, ядро, протон, нейтрон, электрон, изотоптар, элементті аталуы және фундаменталды бөлшектерінің саны бойынша сипаттау туралы ұғымдармен танысады. Мұнда заттарды құрамына қарай жай және күрделіге жіктейді, протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасының заряды туралы білім алады.

«Ауа. Жану реакциясы» бөлімі ауа және оның құрамы, атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы, жану үдерісі, заттың жану шарттары, тез тұтанатын, жанатын және жанбайтын заттар, отын, оттек, тұтану көзі, тұтану температурасы, металдар мен бейметалдардың жануы, жану реакциясының өнімдерімен танысатын болады. Сондай-ақ заттардың жану кезінде ауа құрамына кіретін оттектің жұмсалатынын түсіну үшін: «Балауыз шамның жануы» тақырыбында № 6 зертханалық тәжірибе және металдар мен бейметалдардың жануы кезінде оксидтер түзілетіндігін түсіндіру мақсатында «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру» № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім ұсынылған.

«Химиялық реакциялар» бөлімінде табиғи қышқылдар мен сілтілер; «қышқылдық» және «сабынды» қасиеттері, индикаторлар, әмбебап индикатор, pH шкала метилоранж, лакмус, фенолфталеин, индикаторлардың түрлі орталардағы түстерінің өзгеруі, қышқылдар мен сілтілер, антацидті заттар, бейтараптану реакциясы, сұйылтылған қышқылдар, қышқылдардың қолданылу аймақтары, қышқылдармен жұмыс жүргізу ережелері, сұйылтылған қышқылдардың түрлі металдармен әрекеттесуі, сутекке сапалық реакция, карбонаттар, сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі, көмірқышқыл газына сапалық реакция ұғымдары оқытылады.

Білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында бөлімде:

№ 7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы»;

№ 10 зертханалық жұмыс «Сутекке сапалық реакция»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция» сабақтары қарастырылған.

Қышқыл және сілті ерітінділері әсерінен түсін өзгертетін заттар индикаторлар: лакмус, метилоранж және фенолфталеинмен танысып, олардың көмегімен қышқыл мен сілтіні ажыратып қана қоймай, ортаның қышқылдылығын — pH көрсеткішін анықтау әдістерін үйренеді. Әмбебап индикатор қышқыл ортада pH < 7, сілтілік ортада pH > 7, бейтарап ортада pH = 7 көрсететінін түсінеді.

7-сыныпта химиялық реакция теңдеулері жайындағы бастапқы білім сызбанұсқалар арқылы қарастырылады:

натрий оксиді + су = натрий гидроксиді.

«Химиялық элементтердің периодтық кестесі» бөлімінде химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы, И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуі, периодтық заң, периодтық кестенің құрылымы, периодтық кестенің құрылу принципі, атом нөмірі, ядро заряды, атомдағы элементтер бөлшектері туралы тақырыптар қамтылған.

Бұл бөлімде білім алушылар химиялық элементтерді И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында жіктеуді үйреніп, периодтық кестенің құрылымын сипаттап: топтар мен периодтардың орналасу тәртібімен танысады. Изотоптар қоспасы, табиғи изотоптар, салыстырмалы атомдық масса, салыстырмалы молекулалық/формулалық масса, химиялық формула, химиялық элементтердің валенттілігі, бинарлы қосылыстардың формулаларын құрастыру, қосылыстардағы атомдардың қатынастары туралы ұғымдар бағдарламаның «Салыстырмалы атомдық масса және қарапайым формулалар» бөлімінде қарастырылған.

Білім алушылар бөлімнен элементтердің басым бөлігі планеталардың қалыптасу кезінде пайда болған изотоптар қоспасы түрінде кездесетіндігін, табиғи изотоптары бар химиялық элементтердің атомдық массалары бөлшек сан болатындығын түсінеді.

«Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімі «Химия» оқу пәні бағдарламасына жаңадан қосылып отыр, бөлімде қоректік заттар, адам ағзасындағы химиялық элементтер (O, C, H, N, Ca, P, K), химиялық элементтердің тірі және өлі табиғаттағы таралуы, адам ағзасындағы микро-макроэлементтердің биологиялық рөлі, тыныс алу үдерісі, тамақтану теңгерімі ұғымдары берілген. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге баулу мақсатында «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» № 4 практикалық жұмысы, «Тыныс алу үдерісін зерттеу» № 11 зертханалық тәжірибе ұсынылған.

Бұл жаңа бөлімде өмірдегі маңызды биологиялық процестер химиялық тұрғыда қарастырылады. Биология курсынан алған білімді пайдаланып, білім алушылар адам ағзасының химиялық құрамын біледі, адам ағзасына қажетті заттарды, сондай-ақ адам ағзасына кері әсер ететін зиянды заттар туралы білім алады. Осылайша, өмірмен тығыз байланысты оқу процесін жүзеге асыру, сонымен қатар білім алушылардың табиғатқа, өмірге деген жалпы көзқарасын қалыптастыруға себептесетін оқуға ықпалдастық әдістемелер қолданылады.

«Геологиялық химиялық қосылыстар» бөлімі де жаңадан енгізіліп отыр. Бұл жаңа бөлімде пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар, табиғи ресурстар, кен орны, кен, кеннің құрамы, минералдар, табиғи ресурстарды өндіру, металдарды алу, Қазақстанның пайдалы қазбалары, минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері ұғымдары оқытылады.

«Геологиялық химиялық қосылыстар» бөлімінде білім алушыларға «Жаратылыстану» және «География» курстарынан алған білімдерін жинақтап жетілдіріп, толықтыруға мүмкіндіктер болады. Жер қыртысының химиялық құрамына, кендерден металдарды өндіру негіздеріне қатысты мәселелер қарастырылуда. Бұл тақырыпты оқу барысында білім алушылар табиғаттағы болып жатқан процестерді зерттейді, олардың бойында елге, жерге деген патриоттық сезімдері оянады.

Оқу пәнінің 7-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны төмендегідей бөлінген (2-кесте).

2-кесте – Химия пәнінің 7-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны

1-тоқсан	**2-тоқсан**	**3-тоқсан**	**4-тоқсан**
Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар	**Атомдар Молекулалар Заттар**	**Химиялық реакциялар**	**Адам ағзасындағы химиялық элементтер**
➢ Химия пәні ➢ Элемент, қоспа және қосылыс ➢ Қоспаларды бөлу әдістері	➢ Атомдар мен молекулалар ➢ Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар ➢ Атомның құрамы мен құрылысы. Изотоптар	➢ Табиғи қышқылдар мен негіздер ➢ Сұйылтылған қышқылдардың металдармен әрекеттесуі ➢ Сұйылтылған қышқылдардың карбонаттармен әрекеттесуі	➢ Тағам құрамындағы қоректік заттар ➢ Адам ағзасындағы химиялық элементтер ➢ Тыныс алу үдерісі
Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі	**Ауа. Жану реакциясы**	**Химиялық элементтердің периодтық кестесі**	**Геологиялық химиялық қосылыстар**
➢ Физикалық және химиялық құбылыстар ➢ Заттардың агрегаттық күйлері	➢ Ауа. Ауаның құрамы ➢ Жану үдерісі	➢ Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы ➢ Периодтық	➢ Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы

➢ Салқындау үдерісі ➢ Қыздыру үдерісі		кестенің құрылымы ➢ Салыстырмалы атомдық масса ➢ Валенттілік. Химиялық формулалар. ➢ Қосылыстардың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу	➢ Қазақстанның пайдалы қазбалары Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері

Сонымен, жаңартылған білім мазмұнының 7-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінің бағдарламасында химиялық элемент, атом, молекула, атомның және молекуланың салыстырмалық массасы, ион, зат, физикалық және химиялық құбылыстар, химиялық реакция; заттың агрегаттық күйі; бөлшектердің кинетикалық теориясы бойынша қатты, сұйық және газ тәріздес заттардың құрылымы; заттарды салқындату, ысыту және буландыру процестері және осы заңдарды техника мен күнделікті өмірде қолдану тәрізді *химиялық негізгі ұғымдар* қарастырылады. Химия және оның заңдары барлық жаратылыстанудың өзегі болып табылатындығына ерекше назар аударылады. Сондықтан, білім алушылардың бойында табиғатты танудың ғылыми әдістері мен әлемнің жалпы бейнесі туралы түсініктер қалыптастыру химия курсының ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

8-сыныптың оқу бағдарламасында химияны оқу «Атомдардағы электрондардың қозғалысы» бөлімін оқудан басталады. Бұл бөлімде білім алушылар атомдардағы электрондардың орналасуымен, энергетикалық деңгейлермен, s және p орбитальдарының пішіндерімен, электрондық конфигурациямен; электронды-графикалық формуламен, иондардың түзілуі, «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың формулаларын құрастырумен танысады. № 1 зертханалық тәжірибеде білім алушылар атомдардың модельдерін жасау арқылы бөлімді қорытындылайды.

Білім алушылар бұл бөлімде электрондардың атомдарда қалай таралатынын, s және p орбитальдарының пішіндері, электрондық конфигурацияларды және электронды-графикалық формулаларды жазуды, атомдар электрондарды қалай қабылдайтынын және жоғалтатынын, Д.И.Менделеевтің периодтық жүйесіндегі бірінші 20 элементтің атомдарының орналасу схемасын; химиялық реакциялардың теңдеулерін білулері тиіс.

«Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері» бөлімінде келесі тақырыптар қамтылған: химиялық формула, химиялық реакция теңдеулері, заттардың массасының сақталу заңы, химиялық реакциялардың типтері: бірігу, ажырау, алмастыру, алмасу; табиғаттағы және тірі организмдер мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар.

Білім алушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту мақсатында бөлімде № 1 көрсетілім «Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы» қарастырылған.

Бұл бөлімнен білім алушылар зат құрамындағы элементтердің массалық үлесін есептеуді, элементтердің массалық үлесі бойынша заттардың формулаларын шығаруды, реагенттер мен реакция өнімдерінің формулаларын жаза отырып химиялық реакциялардың теңдеулерін құрастыруды, зат массаларының сақталу заңын білулері тиіс.

«Металдардың химиялық белсенділігі» бөлімінде металдардың оттегімен және сумен әрекеттесуі, металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың тұз ерітінділерімен әрекеттесуі, металдардың белсенділік қатары оқытылады.

Танымдық көзқарастары мен қызығушықтарын арттыру үшін бөлімде:

№ 2 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі»;

№ 3 зертханалық тәжірибе «Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 3 көрсетілім «Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»;

№ 1 практикалық жұмыс «Металдардың белсенділігін салыстыру» қамтылған.

Бұл бөлімде оқу барысында білім алушылар металдардың тотығуы дегеніміздің не екенін, белсенді металдардың суық сумен, ыстық сумен немесе бумен өзара әрекеттесуі реакцияларының жүруін, жемірілу және оның себептері, металдардың қышқылдармен, тұздармен әрекеттесу теңдеулерін білулері тиіс.

«Заттың мөлшері» бөлімінде заттың мөлшері, моль, Авогадро саны, заттың молярлық массасы, массаның, молярлық массаның және зат санының өзара байланысы оқылады.

Білім алушылар мольды заттың санын өлшеу бірлігі ретінде және Авогадро санын, қосылыстардың молярлық массасын есептеуді, заттың массасын, санын және құрылымдық бөлшектердің санын білулері тиіс.

«Стехиометриялық есептеулер» бөлімінде химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару, Авогадро заңы, молярлық көлем, газдардың салыстырмалы тығыздығы, көлемдік қатынастар заңы оқылады.

Білім алушылар бұл бөлімнен қосылыстың формуласы бойынша химиялық элементтің массалық үлесі; ерітіндідегі заттың массалық үлесі; заттың саны, заттың саны бойынша көлемі немесе массасы, Авагадро заңы туралы білім алады.

Жаңадан қосылған «Химиялық реакциялардағы энергиямен танысу» бөлімінде экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар, термохимиялық реакциялар әртүрлі отындардың потенциалы, қоршаған ортаға әсері, энергия өзгерісі кинетикалық бөлшектер теориясы тұрғысынан оқытылады, сонымен қатар жылыжай эффектісінің пайда болу себептері мен оны шешу жолдары қарастырылады.

Жану – заттардың оттекпен жылдам әрекеттесуі нәтижесінде жылу және жарық түзіле жүретін реакция екені белгілі. Бұл тотығу процесін сызбанұсқа түрінде былай белгілеуге болады:

Жанғыш зат + оттек = тотығу өнімдері + энергия.

Көміртекті қосылыс + оттек = көмірқышқыл газы + су + жылу.

$$CH_4+2O_2=CO_2+H_2O$$

Жанатын бөліктің басты өнімі көміртек, ол көп мөлшерде жылу бөліп шығарады. Кейде көміртек қосылыстары шала жанған кезде өмірге қауіпті улы газ – иіс газы CO және күйе түзіледі. Мұндай жану өнімдері өте қауіпті екенін еске сақтауды ескеру қажет.

Бұл бөлімге «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар» № 4 зертханалық тәжірибесі енгізілген.

Бұл бөлімді аяқтау барысында білім алушылар келесілерді: жану реакциясының өнімдері, көмірқышқыл газдың, иіс газы немесе көміртек түзілуі; жылыжайлық эффектісінің себептерін, экзотермиялық реакциялардың жылу бөлумен, ал эндотермиялық реакцияның жылуды жұтумен жүретіндігі; әртүрлі отындардың қоршаған ортаға әсері туралы білулері тиіс.

«Сутек. Оттек және озон» бөлімі бойынша білім алушылар: сутек, оның қасиеттері, алынуы мен қолданылуы; оттек, олардың алынуы, қасиеттері, және қолданылуы, оттек және озон туралы білім алады.

Зерттеушілік қабілеттері мен танымдық әлеуетін арттыру мақсатында бөлімге:

№ 4 көрсетілім «Сутек пероксидінің ажырауы»;

№ 2 практикалық жұмыс «Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 3 практикалық жұмыс «Сутектің переоксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу» жұмыстары берілген.

Бұл бөлімді оқу барысында білім алушылар сутек алуды үйренулері және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеулері, ауаның құрамындағы және жер қыртысындағы оттектің пайыздық арақатынасын, оттек алудың жолдарын білулері және оның қасиеттері мен қолданылу салаларын зерттеулері, Жердің озон қабатының маңызын түсіндірулері тиіс.

«Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» бөлімінде химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы, химиялық элементтердің атомдарының кейбір қасиеттері мен сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі, периодтық жүйедегі орыны бойынша элементтің сипатталуы, химиялық элементтердің табиғи тектестері және олардың қасиеттері, металдар мен бейметалдар оқытылады.

Білім алушылардың атом нөмірінің, тобының, кезеңінің физикалық мағынасын, топтар мен кезеңдердегі элементтер қасиеттерінің, химиялық элементтердің табиғи тектес өзгеру заңдылықтарын түсіндіру және сілтілі металдарға, галогендерге, инертті газдарға мысалдар келтіре білулеріне назар аудару қажет.

«Химиялық байланыс түрлері» бөлімін оқу барысында білім алушылар электртерістілігі, ковалентті байланыс, байланыс түрлерінің арасындағы өзара байланыс, кристалл торларының типтері және заттардың қасиеттері ұғымдарын дұрыс түсіну дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аудару керек.

Оқыту барысында электртерістілігі негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың пайда болуы, иондық байланыстың пайда болу

механизмі және иондық қосылыстардың қасиеттерін жорамалдау, заттардың қасиеттерінің кристалл торларының типтеріне тәуелділігі ұғымдарының негізін қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, «Химиялық байланыс түрлері» бөлімін оқу кезінде түрлі заттардың молекулаларының 3D моделінің бейнесіне көңіл аудару ұсынылады. Заттардың 3D моделін білу білім алушыларға молекулалардың формасын, байланыс бұрышын, полярлылығын, ол өз кезегінде оның қасиеттері мен ол қатыса алатын өнім реакцияларына меңзейтіндігін анықтауға септігін тигізеді.

Сондай-ақ, негізгі орта мектеп білім алушыларының «нүктелер мен айқыштар» (Льюис диаграммасы) диаграммасының көмегімен ковалентті және ионды байланыстарды бейнелей білуі аса маңызды болып саналады.

«Ерітінділер және ерігіштік» бөлімінің оқу материалы келесі ұғымдарды қамтиды: заттардың суда еруі, заттардың ерігіштігі, еріген заттың массалық үлесі, заттың ерітіндідегі молярлық концентрациясы. Бұл бөлімнен білім алушылар ерітінділердің табиғаттағы және күнделікті өмірдегі рөлін, заттардың ерігіштігіне температураның әсерін түсіндірулері, заттардың 100 г суға ерігіштігін есептей, буландыру техникасын қолдану арқылы алынған нәтижелерді анықтама деректерімен салыстыра білулері тиіс.

Алған білімді тәжірибемен ұштастыру үшін бұл бөлімде:

№ 5 зертханалық тәжірибе «Заттардың ерігіштігін зерттеу»;

№ 4 практикалық жұмыс «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері»;

№ 5 практикалық жұмыс «Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау» сабақтары қамтылған.

«Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» бөлімі: бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары арасындағы генетикалық байланыс, қышқылдар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; негіздер: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы; тұздар: құрамы, номенклатурасы, жіктелуі, қасиеттері, алынуы және қолданылуы ұғымдарын қамтиды.

Теориядан тәжірибеге бағытталған жаңартылған бағдарламаның бұл бөлімі:

№ 6 зертханалық тәжірибе «Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 7 зертханалық тәжірибе «Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Тұздардың қасиеттері және алынуы» жұмыстарын қамтиды.

Аталған бөлімде оксидтердің, қышқылдардың, негіздердің, тұздардың жіктелуі және қасиеттері туралы білім алып, олардың химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыруды үйренеді.

«Көміртек және оның қосылыстары» бөлімі көміртектің жалпы сипаттамасы; табиғатта көміртек және оның қосылыстарының таралуы, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолдану аймағы, көміртектің қасиеттері, көміртектің оксидтері

және олардың қасиеттері, тірі ағзаларға иіс газының физиологиялық әсері, көміртектің табиғаттағы айналымы туралы білім береді.

Бөлімде: № 6 практикалық жұмыс «Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері»;

№ 7 практикалық жұмыс «Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттерін зерттеу» жұмыстары берілген.

Бұл бөлімде білім алушылар көміртектің табиғатта таралуын, оның неліктен көптеген қосылыстарда төрт байланыс түзетінін түсініп, көміртектің аллотропиялық түр өзгерістерінің қолданылу аймағын зерттейді.

Судың құрамы, қасиеттері және қолданылуы, табиғаттағы су, су – табиғи әмбебап еріткіш, сулы ерітінділер және жүзгіндер, судың бірегей қасиеттері және оның өмір үшін маңызы, судың табиғаттағы айналымы, судың ластану себептері, судың кермектігі және оны жою тәсілдері, судың және сулы ерітінділердің табиғаттағы, өндірістің түрлі салаларындағы және ауыл шаруашылығындағы маңызы, суды тазарту әдістері, ауыз суын тазарту, Қазақстан Республикасындағы ауыз су мәселесі, су бассейнін ластанудан қорғау, Қазақстандағы су ресурстарының экологиялық мәселелері, сусыз мыс (II) сульфатының көмегімен суды анықтау әдісі бағдарламаның «Су» бөлімін қамтиды. Сонымен қатар бөлімде № 10 «Судың кермектігін анықтау» зертханалық тәжірибесі берілген.

Мұнда білім алушылар судың табиғатта кең таралғандығын, оның бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсініп, судың ластануының қауіптілігі мен себебін анықтап, суды тазарту әдістерін түсіндіреді.

8-сынып оқу бағдарламасының базалық мазмұны 3-кестеде берілген.

3-кесте – 8-сынып оқу бағдарламасының базалық мазмұны

1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан

Атомдағы электрондардың қозғалысы ➢ Атомда электрондардың таралуы ➢ Энергетикалық деңгейлер ➢ Иондардың түзілуі ➢ Қосылыстар формуласын құрастыру **Заттардың формулалары және химиялық реакция теңдеулері** ➢ Химиялық формулалар бойынша есептеулер ➢ Химиялық реакция теңдеулерін құру. Зат массасының сақталу заңы ➢ Химиялық реакция типтері ➢ Табиғаттағы және тірі ағзалар мен адам тіршілігіндегі химиялық реакциялар	**Зат мөлшері** ➢ Зат мөлшері. Моль. Авогадро саны. Заттардың молярлық массасы ➢ Масса, молярлық масса және зат мөлшері арасындағы байланыс **Стехиометриялық есептеулер** ➢ Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептер шығару ➢ Авагадро заңы. Молярлық көлем ➢ Газдардың салыстырмалы тығыздығы. ➢ Көлемдік қатынас заңы	**Химиялық элементтердің периодтық жүйесі** ➢ Химиялық элементтердің периодтық жүйесінің құрылымы ➢ Химиялық элемент атомдарының қасиеттері мен кейбір сипаттамаларының периодты түрде өзгеруі ➢ Периодтық жүйедегі орны бойынша элементтің сипаттамасы ➢ Химиялық элементтердің табиғи ұяластары және олардың қасиеттері ➢ Металдар және бейметалдар **Химиялық байланыс түрлері** ➢ Электртерістілік. Ковалентті байланыс ➢ Иондық байланыс ➢ Кристалдық тор түрлері, ➢ байланыс типтері және заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланыс ➢ Ерітінділер және ерігіштік ➢ Заттардың суда еруі ➢ Еріген заттың массалық үлесі Ерітіндідегі заттардың молярлық концентрациясы	**Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Генетикалық байланыс** ➢ Оксидтер ➢ Қышқылдар ➢ Негіздер ➢ Тұздар ➢ Бейорганикалық қосылыстар арасындағы генетикалық байланыс ➢ Көміртек және оның қосылыстары ➢ Көміртектің жалпы сипаттамасы ➢ Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері ➢ Көміртектің қасиеттері **Су** ➢ Табиғаттағы су ➢ Судың ластану себептері

Металдар белсенділігін салыстыру ➢ Металдардың оттекпен және сумен әрекеттесуі ➢ Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі ➢ Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары ➢ Металдардың белсенділік қатары	**Химиялық реакциядағы энергиямен танысу** ➢ Отынның жануы және энергияның бөлінуі ➢ Экзотермиялық және эндотермиялық реакциялар **Сутек. Оттек және озон** ➢ Сутек, алынуы, қасиеттері және қолданылуы ➢ Оттек, алынуы, қасиеттері, қолданылуы ➢ Оттек және озон		

9-сынып курсы «Электролиттік диссоциация» бөліміндегі: электролиттер және бейэлектролиттер, С. Аррениустың электролиттік диссоциациялану теориясының негізгі қағидалары, электролиттік диссоциациялану механизмі, ерітінділердің немесе заттың балқымаларының электр өткізгіштігінің химиялық байланыс түріне тәуелділігі, күшті және әлсіз электролиттер, диссоциациялану дәрежесі, қышқыл, сілті және тұздардың судағы ерітінділерінде электролиттік диссоциациялануы, көпнегізді қышқылдардың, қышқылдық және негіздік тұздардың диссоциациялануы, ион алмасу реакциялары және олардың жүру жағдайлары, электролиттік диссоциациялану теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз және тұз ерітінділерінің химиялық қасиеттері, тұздар гидролизі ұғымдарынан басталады.

Бөлімде:

№ 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы»;

№ 1 зертханалық тәжірибе «Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау»;

№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары»;

№ 2 зертханалық тәжірибе «Тұздар гидролизі» қамтылған.

Аталған бөлімде білім алушылар электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларымен танысып, иондық және коваленттік полюсті байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациялану механизмін түсінеді, қышқыл, сілті, орта және қышқылдық тұздардың электролиттік диссоциациялану теңдеулерін құрастыра алады.

«Бейорганикалық заттарға сапалық талдау» бөлімінде катиондарға сапалық реакциялар, жалын түсінің боялуы бойынша Li^{+}, Na^{+}, K^{+}, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} металл катиондарын анықтау, аниондардың сапалық реакциялары, бейорганикалық қосылыстардың құрамын сапалық талдау тақырыптары қарастырылған. Сондай-ақ, теориядан тәжірибеге қарай бағыттау үшін:

№ 3 зертханалық тәжірибе жалын түсінің боялуы бойынша «Li^+, Na^+, K^+, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} катиондарын анықтау»;

№ 4 зертханалық тәжірибе «Fe^{2+}, Fe^{3+}, Cu^{2+} катиондарына сапалық реакциялар»;

№ 5 зертханалық тәжірибе «Сулы ерітіндідегі Cl^-, Br^-, I^-, PO_4^{3-}, SO_4^{2-}, CO_3^{2-}, NO_3^-, SiO_3^{2}- аниондарын анықтау»;

№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау» берілген.

Бұл бөлімде Li^+, Na^+, K^+, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын сипаттап, хлорид-, бромид-, йодид-, сульфат, карбонат-, фосфат-, нитрат-, силикат- иондарына сапалық реакцияларды тәжірибе жүзінде жүргізеді.

Химиялық реакциялардың жылдамдығы, химиялық реакциялардың жылдамдығына әсер ететін факторлар, бөлшектердің кинетикалық тұрғысынан реакция жылдамдығы, катализаторлар, ингибиторлар, катализаторлар мен ингибиторлардың реакция жылдамдығына әсері ұғымдары «Химиялық реакциялардың жылдамдығы» бөлімінде оқытылады.

Білім алушылардың алған білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдеу үшін:

№ 2 көрсетілім «Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы»;

№ 6 зертханалық тәжірибе «Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері»;

№ 3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері» жұмыстары қарастырылған.

Бөлімде реакция жылдамдығына әсер ететін факторларды анықтау және оны бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіріп, катализатордың реагенттен айырмашылығын және реакция жылдамдығына әсерін зерттейді, ингибитор ұғымымен танысып, оның реакция жылдамдығына қалай әсер ететінін зерттейді.

«Қайтымды реакциялар» бөлімінде химиялық тепе-теңдік, тепе-теңдік динамикалық үдеріс ретінде, химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, Ле-Шателье-Браун принципі, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлардың өзгерісінің әсері, бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан химиялық тепе-теңдік түсініктері мен № 3 көрсетілім «Қайтымды химиялық реакциялар», «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы» № 7 зертханалық тәжірибесі қарастырылған.

Бұл бөлім тепе-теңдікті динамикалық үдеріс ретінде сипаттау және Ле-Шателье-Браун принципі бойынша химиялық тепе-теңдіктің ығысуы, химиялық тепе-теңдік күйіне және химиялық реакция жылдамдығына жағдайлар өзгерісінің әсерін түсіну және ажырату туралы білім беріп, химиялық тепе-теңдікті бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан түсіндіреді.

«Тотығу-тотықсыздану реакциялары» бөлімі химиялық элементтердің тотығу дәрежелері, қосылыстардың формулалары бойынша химиялық элементтердің тотығу дәрежелерін анықтау, тотықтырғыш және тотықсыздандырғыш туралы түсінік, тотығу-тотықсыздану реакциялары,

электрондық баланс әдісі ұғымдарын түсіндіреді. Бөлімде білім алушылар тотығу-тотықсыздану реакцияларын тотығу дәрежесі өзгере жүретін реакциялар ретінде түсіндіріп, электрондық баланс әдісімен тотығу-тотықсыздану реакцияларының коэффициенттерін қоюды үйренеді.

Металдардың жалпы сипаттамасы, металдық байланыс пен металдық кристалдық тор, темір мен мыстың физикалық және химиялық қасиеттері, металдардың тек тотықсыздандырғыш қасиеттерін көрсетуі, темір қорытпалары және олардың қолданылуы, металлургия туралы түсінік, шойын мен болат өндірісі, Қазақстанда металлургияның дамуы, металдар мен олардың қорытпаларын алу, Қазақстандағы металдар және оның қосылыстарының маңызды кен орындары, металдарды өндіру үдерістері, қоршаған ортаға әсері, металдарды алу тақырыптары «Металдар мен қорытпалар» бөлімінде қарастырылады.

Оқу процесінде оқушылардың теориялық және тәжірибелік ойлау дағдыларын қатар қалыптастыру мақсатында: «Металдардың кристалдық торы модельдері»; «Металдар және қорытпалар» көрсетілімдері беріліп отыр.

Металдық байланыс пен металдық кристалдық тор жайындағы білімдерін қолданып металдардың қасиетін түсіндіру, құйма ұғымын және оның артықшылықтарын, шойын мен болаттың құрамы мен қасиеттерін, Қазақстандағы металдардың кен орындарын атау және оларды өндіру үдерістерін, қоршаған ортаға әсерін зерттеу осы бөлімде жүзеге асырылады.

«1 (I), 2 (II) және 13 (III) топтар элементтері және олардың қосылыстары» бөлімінде 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары, атомдары құрылысы негізінде сілтілік металдардың жалпы қасиеттері, сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 2 (II)-топ элементтері және олардың қосылыстары, 1 (I)-ші және 2 (II)-топ металдарының жалпы қасиеттері, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттері және олардың қолданылуы, 3 (III)-топ элементтері, алюминий және оның қосылыстары, алюминийдің қосылыстары мен қорытпаларының қолданылу аймағы, алюминий, оның оксиді мен гидроксидінің екі дайлы қасиеттері оқытылады.

Білім алушыларды зерттеу жұмыстарына бағыттайтын белсенді оқуды ұйымдастыру үшін:

№ 6 көрсетілім «Натрийдің, кальцидің сумен әрекеттесуі»;

№ 8 зертханалық тәжірибе «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»;

№ 7 көрсетілім «Алюминий мен оның қорытпалары»;

№ 9 зертханалық тәжірибе «Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі»;

№ 4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару сабақтары қамтылған.

Бұл бөлімде сілтілік металдардың оксидтері мен гидроксидтерінің негіздік қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін құрастыру, кальций оксиді мен гидроксидінің негіздік қасиеттерін түсіндіру және қолданылуын

сипаттау, топ металдарының жай және күрделі заттармен әрекеттесуіне байланысты тәжірибені жоспарлау және жүргізу жайлы білім беріледі.

«17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топтарының элементтері және олардың қосылыстары» бөлімінде галогендер, байланыс түрі және кристалдық тор типі, топтағы галогендер қасиеттерінің өзгеру заңдылықтары, хлор, хлордың химиялық қасиеттері: металдармен, сутекпен және галогенидтермен әрекеттесуі, хлорсутек қышқылының құрамы қасиеттері мен қолданылуы, 16 (VI)-топ элементтері, күкірт, күкірттің аллотропиялық түр өзгерістерінің физикалық қасиеттері, күкірттің негізгі қосылыстары және олардың физикалық және химиялық қасиеттері, қышқылдық жаңбырдың пайда болу себебі мен экологияға тигізетін әсері, күкірт қышқылы, күкірт қышқылы және оның тұздарының жалпы және ерекше қасиеттері, қасиеттері мен қолданылуы, 15 (V)-топ элементтері: азот, азоттың қасиеттері және табиғаттағы азот айналымы, аммиак, аммиактың қасиеттері, алынуы мен қолданылуы, аммиак өндірісі, (Габер синтезі): азот қышқылы, азот қышқылының қасиеттері, азот қышқылы мен нитраттардың өзіне тән қасиеттері, фосфор және оның қосылыстары, фосфорды аллотропиялық түрлендіру, фосфор қосылыстарының Қазақстандағы кен орындары, фосфор және оның қосылыстарының жалпы химиялық қасиеттері, минералды тыңайтқыштар, олардың Қазақстанда өндірілуі және оларды тиімді қолдану, азот және фосфор тыңайтқыштарының қоршаған ортаға әсері, 14 (IV) - топ элементтері, кремний және оның қосылыстары, кремнийдің қолданылу аймағы және оның жартылай өткізгіш ретінде маңызы, сұйық кристалдар, кремний, оның диоксиді мен карбидіндегі химиялық байланыс түрін және кристалдық тор типі, кремний мен оның қосылыстарының химиялық қасиеттері, Қазақстандағы силикат өнеркәсібі туралы білім беру қарастырылған.

Теориялық және тәжірибелік ойлау дағдыларын қатар қалыптастыру мақсатында бөлімге

№ 8 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері»;

№ 5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»;

№ 10 зертханалық тәжірибе «Азот молекуласының моделін дайындау»;

№ 11 зертханалық тәжірибе «Аммиак молекуласының моделін дайындау»;

№ 6 практикалық жұмыс «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»;

№ 12 зертханалық тәжірибе «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері»;

№ 9 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар»;

«Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері» № 10 көрсетілім қарастырылған.

Бөлімде галоген молекулаларының электрондық формулаларын құрастыру және кристалдық тор түрі мен байланыс типін анықтау, күкірт қышқылы ерітіндісі мен оның тұздарының физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеу, азот қышқылының молекулалық, формулаларын білу және

атомдар арасындағы химиялық байланыстардың түзілуін түсіндіру, минералды тыңайтқыштардың жіктелуі туралы білім беріледі.

«Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімінде адам ағзасының химиялық құрамы, макроэлементтер және микроэлементтер, олардың маңызы, адам ағзасының құрамына кіретін элементтер және олардың маңызы: (O, C, H, N, Ca, P, K, S, Cl, Mg, Fe), Қазақстан тұрғындарының теңгерімді тамақтану рационы, ағзадағы кейбір элементтерді анықтау, ауыр металдармен қоршаған ортаның ластану көздері, ауыр металдардың ағзаларға әсері туралы түсініктер қарастырылады.

Білім алушылардың теориялық білімін өмірде қолдана білуге баулу мақсатында тәжірибелік дағдыларға бағытталған «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»; «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау» зертханалық тәжірибелері берілген.

Білім алушылар бұл бөлімде адам ағзасының құрамына кіретін элементтерді, Қазақстан тұрғындарының типтік тамақтану рационын зерттейді және теңгерімді тамақтану рационын құрастырады, тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтауды үйренеді.

«Органикалық химияға кіріспе» бөлімінде органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы, А.М. Бутлеровтың органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізгі қағидалары, органикалық заттардың ерекшеліктері, органикалық қосылыстардың жіктелуі, функционалдық топ түсінігі, органикалық қосылыстардың гомологтық қатарлары, органикалық қосылыстардың номенклатурасы, органикалық қосылыстардың изомериясы ұғымдары қарастырылған.

Сабақта білім алушылардың зерттеушілік қабілеттері мен қызығушылықтарын арттыру үшін:

№ 11 «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь, этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері»;

№ 12 «Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері»;

№ 13 «Пентан изомерлерінің модельдері» көрсетілімдері берілген.

Көмірсутектердің және олардың туындылары: спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, көмірсулар, аминқышқылдарының жіктелуі, функционалдық топ түсінігі қалыптасып, органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдануды; органикалық қосылыстардың негізгі кластары: алкандар, алкендер, алкиндер, арендер, спирттер, альдегидтер, карбон қышқылдары, аминқышқылдары үшін IUPAC номенклатурасын қолдануды үйренеді.

«Көмірсутектер. Отын» бөлімінде көмірсутектердің жіктелуі, номенклатурасы және изомериясы, қаныққан көмірсутектер, алкан, метан, қанықпаған көмірсутектер, алкендер, этилен, алкиндер, ацетилен, арендер, бензол, көмірсутектер арасындағы генетикалық байланыс, көмірсутектердің табиғи көздері, көмірсутекті отындар, табиғи газдың, мұнайдың, көмірдің Қазақстандағы кен орындары, оларды өндіру және өңдеу, көмірсутектерді

өндіру, өңдеу және қолданудағы экологиялық мәселелер, көмірсутектерді экономиканың түрлі салаларында және тұрмыста пайдалану, альтернативті отын түрлері, мұнай, мұнай фракциялары және шикі мұнай өнімдерінің қолданылу аймағы туралы түсініктер қамтылған.

Сонымен қатар бөлімде:

№ 14 «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»;

№ 15 «Отын түрлері»;

№ 16 «Мұнай және мұнай өнімдері» көрсетілімдері берілген.

«Оттекті және азотты органикалық қосылыстар» бөлімінде оттекті органикалық қосылыстардың жіктелуі және номенклатурасы, метанол, этанол, спирттердің улылығы және этил спиртінің адам организміне зиянды әсері, оттекті органикалық қосылыстардың өкілдері, этандиол, пропантриол, этан қышқылы, глюкоза, сахароза, крахмал, целлюлозаның қолданылуы, карбон қышқылдары, күрделі эфирлер мен майлар, сабын, синтетикалық жуғыш заттар, синтетикалық жуғыш заттардың қоршаған ортаға әсері, көмірсулар, нәруыздар, аминқышқылдары, биологиялық маңызды органикалық қосылыстар, Қазақстанның тамақ өнеркәсібі тақырыптары қамтылған.

Алған білімдерін өмірде қолдана білуге баулу мақсатында бөлімге:

№ 15 «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»;

№ 16 «Нәруыздардың денатурациясы» зертханалық тәжірибелері қарастырылған.

9-сыныпқа арналған жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны 4-кестеде берілген.

4-кесте – Оқу пәнінің 9-сыныптағы жаңартылған мазмұндағы базалық білім мазмұны

1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
Электролиттік диссоциация	**Тотығу-тотықсыздану реакциялары**	**17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV)-топ элементтері және олардың қосылыстары**	**Органикалық химияға кіріспе**
➢ Электролиттер мен бейэлектролиттер ➢ Электролиттік диссоциациялану теориясы ➢ Қышқыл, негіз, тұздардың электролиттік диссоциациясы ➢ Диссоциациялану дәрежесі. Күшті және әлсіз электролиттер ➢ Электролиттік диссоциациялану	➢ Тотығу дәрежесі. ➢ Тотығу және тотықсыздану реакциялары ➢ Электрондық баланс әдісі	➢ Галогендер ➢ Хлор ➢ Хлорсутек қышқылы ➢ 16 (VI)-топ элементтері. Күкірт. ➢ Күкірттің қосылыстары ➢ Күкірт қышқылы және оның тұздары ➢ Азот ➢ Аммиак ➢ Аммиактың қасиеттері, алынуы мен	➢ Органикалық заттардың ерекшеліктері ➢ Органикалық қосылыстардың жіктелуі ➢ Органикалық қосылыс-тардың гомологтық қатарлары ➢ Органикалық

теориясы тұрғысынан қышқыл, негіз, тұздардың химиялық қасиеттері ➢ Тұздар гидролизі		қолданылуы ➢ Азот қышқылы ➢ Фосфор және оның қосылыстары ➢ Минералды тыңайтқыштар ➢ Кремний және оның қосылыстары	қосылыстардың номенклатурасы ➢ Органикалық қосылыстардың изомериясы
Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы	**Металдар мен құймалар**	**Адам ағзасындағы химиялық элементтер**	**Көмірсутектер. Отын**
➢ Катиондарға сапалық реакциялар ➢ Аниондардың сапалық реакциялары	➢ Металдардың жалпы сипаттамасы ➢ Металдар құймалары ➢ Металдар ➢ ды алу ➢ 1 (I)-топ элементтері және олардың қосылыстары ➢ 2 (II)-топ металдары және олардың қосылыстары ➢ 13 (III)-топ металдары ➢ Алюминий және оның қосылыстары	➢ Адам ағзасының химиялық құрамы. ➢ Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы ➢ Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау ➢ Ауыр металдармен қоршаған ортаның ластануы	Алкандар Алкендер Алкиндер Ароматты көмірсутектер. Бензол Көмірсутекті отындар Мұнай
Химиялық реакция жылдамдығы			**Оттекті және азотты органикалық қосылыстар**
➢ Химиялық реакциялардың жылдамдығы. ➢ Химиялық реакциялар жылдамдығына әсер ететін факторлар ➢ Катализаторлар. Ингибиторлар ➢ Қайтымды реакциялар ➢ Қайтымды және қайтымсыз химиялық реакциялар. Химиялық тепе-теңдік			➢ Оттекті органикалық заттар. Спирттер ➢ Карбон қышқылдары ➢ Күрделі эфирлер мен майлар ➢ Сабын мен синтетикалық жуғыш заттар ➢ Көмірсулар ➢ Амин қышқылдары. Нәруыздар

Химия пәнін оқытудың мақсаты – теория мен түсініктерді терең зерттеу, тақырыптың практикалық жағына назар аудару, алынған білімді өз өмірінде қолдана білуге дайындау.

Химияны оқуда белгілі бір реакция қалай жүзеге асатынын анық көрсететін демонстрация эксперименттері маңызды рөл атқарады. Химиялық эксперименттер заттардың қасиеттерін еске сақтауға, процестердің жүру мәнін түсінуге көмектеседі.

Химиядағы білім беру және танымдық қызмет химияны меңгеру үшін көптеген маңызды нәрселерді қамтиды: химиялық эксперимент жүргізу, заттарды талдау және синтездеу, символдар мен графиктермен жұмыс істеу, мерзімді жүйенің эвристикалық мүмкіндіктерін пайдалану, химиялық мәселелерді шешу және т.б. Оның нәтижесі – дағды. Химияны табысты зерттеу үшін практикалық және интеллектуалдық дағдылар маңызды. Химиялық білім беру барысында дамыған дағдылар басқа жаратылыстану ғылымдарының біліктілік дағдыларымен ескере отырып жинақталуы керек.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада химиялық тәжірибеге біраз бөлік берілген. Ол білім алушылардың бойында заттармен жұмыс жасай алатын арнайы пәндік дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ заттармен тұрмыста және өндірісте қауіпсіз және экологиялық сауатты жұмыс жасауға үйретеді.

Химиядағы практикалық жұмыс білім алушылардың білімін және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру мен тексеруді болжайды. Олар, әдетте, белгілі бір тақырыпты немесе бөлімді оқу аяқталғаннан кейін жазбаша және практикалық нысандарды үйлестіру арқылы жүзеге асырылатын тақырыптық бақылау құралы болып табылады.

Практикалық жұмыстардан кейін оның нәтижелеріне талдау жүргізіледі. Бұл жағдайда эксперимент жүргізілген кезде де, есепті дайындағанда да білім алушылардың жіберген қателіктері талданады, қажет болған жағдайда білім алушылардың дәптерлеріне практикалық жұмыс үшін ескертпелер жасалады.

Зертханалық тәжірибелер жаңа білімді қалыптастыру мақсатында жаңа материалды зерделеуде, сондай-ақ білім алушылардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда, біріктіруде және жетілдіруде үйрену сипатына ие.

Химиядағы демонстрация эксперименті – тақырыпқа деген қызығушылықты қалыптастырудың тиімді құралы. Демонстрация эксперименті және табиғи заттар химиялық реакциялардың сыртқы көріністері мен заттардың қасиеттерін зерттеуге көмектеседі.

Сабақтардағы химиялық эксперименттердің көрсетілуі эмоционалды шабыт берумен қатар, оқу материалдарымен танысуға қызығушылық тудырады, ой түюге мүмкіндік береді және тақырыптың жақсы меңгерілуіне ықпал етеді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына төмендегідей жаңа зертханалық тәжірибелер енгізілген:

«Тағам құрамынан қоректік заттарды анықтау»;

«Әрекеттесуші заттардың арақатынасы»;

«Энергия өзгере жүретін химиялық реакциялар»;

«Су кермектігін анықтау»;

«Li^+, Na^+, K^+, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} катиондарын жалын түсін боялуына байланысты анықтау»;

«Сүйек құрамынан кальцийді анықтау».

Мысалы, 7-сыныпта «Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімінде «Тағам құрамынан қоректік заттарды анықтау» практикалық жұмысы қамтылған. Бұл практикалық жұмысты жүргізе отырып білім алушылар тағамдық өнімдердің бір қатарын: қант, крахмал, көмірсулар, нәруыз, майларды анықтайды және олардың адам ағзасының тіршілігі үшін маңыздылығын түсінеді. Осы орайда білім алушыларға денсаулықты сақтау және нығайту үшін дұрыс тамақтанудың маңыздылығын айту тиімді болып табылады. Көмірсулар мен майлардың негізгі қызметі ағзаны қажетті энергиямен қамтамасыз ету екенін, нәруыздар жаңа жасушалар түзуге қатысатынын түсіндіре кету қажет. Бағдарламаның бұл тақырыбы білім алушыларға функционалдық білім бере отырып, алған теориялық білімді тәжірибемен ұштастырып, өмірге дайындау қағидасына сай енгізіліп отыр. Сондықтан дұрыс тамақтану – денсаулықты сақтаудың бірден бір жолы екенін үйрету ұсынылады. Мысалы, тамақ құрамындағы органикалық заттардың жетіспеушілігімен организмнің қызметі бұзылады, ішкі органдарда, соның ішінде өкпенің және бронхтың, көмірсулардың, майлардың, дәрумендердің және минералды тұздардың нашар сіңуі, иммунитеттің төмендеуі байқалады. Сондықтан, тамақ құнарлы болуы тиіс. Мысалы, ет, балық, жұмыртқа, бұршақ, үрме бұршақ, сүт өнімдері нәруыздарға бай, сондықтан бұл тағамдар күнделікті рационда болуы тиіс екенін ұғындыру қажет.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада зертханалық жұмыстардың да саны айтарлықтай артты.

Зертханалық тәжірибелердің тақырыптары 5-кестеде ұсынылады.

5-кесте – 7-сынып бойынша зертханалық жұмыстардың кестесі

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар (2017)	
№ 1 «Заттарды және олардың қосылыстарын салыстыру»	
	№ 2 «Ластанған ас тұзын тазарту»
№ 3 «Химиялық реакциялардың белгілерін зерттеу»	
№ 4 «Аспирин немесе салолдың салқындау үдерісін зерттеу»	
№ 5 «Судың қайнау үдерісін зерттеу»	
№ 6 «Балауыз шамның жануы»	
№ 7 «Ерітінділердің қышқылдық, негіздік ортасын анықтау»	
№ 8 «Хлорсутек қышқылының бейтараптану реакциясы»	
№ 9 «Мырыштың сұйылтылған тұз қышқылымен реакциясы»	
№ 10 «Сутекке сапалық реакция»	
№ 11 зертханалық тәжірибе «Тыныс алу үдерісін зерттеу»	

Қолданыстағы бағдарлама бойынша 8-сыныпта 7 зертханалық тәжірибе, жаңартылған бағдарлама бойынша 10 зертханалық тәжірибе берілген. № 2, 4,

10 зертханалық тәжірибелер жаңадан енгізілген. № 2 «Әрекеттесуші заттардық арақатынасы» зертханалық тәжірибесінде білім алушылар реакцияға қатысатын және түзілетін заттардың формуласын жаза отырып, химиялық реакциялар теңдеулерін құрып, әрекеттесетін заттар қатынасын эксперименттік жолмен анықтай алады. Тәжірибеден соң реакция теңдеуін жазып, реакция типін анықтайды.

«Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар» № 4 зертханалық тәжірибесі «Химиялық реакциядағы энергиямен танысу» бөлімінде берілген. Бұл зертханалық тәжірибеде білім алушылар экзотермиялық және эндотермиялық реакциялардың жүру механизмімен танысып, әртүрлі жанғыш заттардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттейді.

№ 10 «Судың кермектігін анықтау» зертханалық тәжірибесінде судың «кермектігін» анықтайды және оны жою тәсілдерін түсіндіреді. Бұл тәжірибеде білім алушылар қарапайым сабынның көмегімен судың кермектігін анықтау мүмкін екенін дәлелдей алады. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету қажет. Мысалы, жуыну үшін, киім-кешектерді жуу үшін қандай суды пайдалану қажет, кәдімгі құбыр суында сабын жақсы еруі үшін не істеуге болады деген сұрақтарды қою керек.

8-сыныпта жүргізілетін зертханалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі төменде берілген (6-кесте).

6-кесте – 8-сынып бойынша зертханалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар (2013 ж.)	**Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар (2017)**
№ 1 «Заттардың (металдар және бейметалдар) физикалық қасиеттерін танып білу. Физикалық құбылыстар (судың қайнауы, парафиннің және қанттың балқуы). Химиялық құбылыстар (тұнбаның түзілуі, газдың бөлінуі, иістің пайда болуы, заттың түсінің өзгеруі, жылудың бөлінуі немесе сіңірілуі)»	№ 1 «Атомдардың модельдерін жасау»
№ 2 «Химиялық реакциялардың белгілеріне және типтеріне тәжірибелер жүргізу; мыс сымын қыздыру; малахиттің ыдырауы, ағаш жаңқасының және парафиннің жануы»	№ 2 «Әрекеттесуші заттардың массасының қатынасы»
№3 «Түрлі химиялық байланысы бар заттардың табиғи үлгілерін зерттеу»	№ 3 «Металдардың қышқылдар ерітіндісімен әрекеттесуі»
№ 4 «Сутек асқын тотығын катализатор қатысында айыру арқылы оттек алу»	№ 4 «Энергияның өзгеруімен жүретін химиялық реакциялар»
№ 5 «Зертханада сутек алу және оның қасиеттерін зерттеу»	№ 5 «Заттардың ерігіштігін зерттеу»
№6 (мультимедиа)	№ 6 «Оксидтердің химиялық қасиеттерін зерттеу»
№7 «Қышқылдардың химиялық қасиеттерімен (ортофосфор қышқылының	№ 7 «Қышқылдардың химиялық қасиеттерін зерттеу»

мысалында) танысу; негіздердің химиялық қасиеттерімен (натрий гидроксидінің мысалында) танысу; тұздардың химиялық қасиеттерімен (мыс (II) сульфатының және кальций карбонатының мысалында) танысу»	
	№ 8 «Негіздердің химиялық қасиеттерін зерттеу»
	№ 9 «Тұздардың қасиеттері және алынуы
	№ 10 «Судың кермектігін анықтау»

9-сыныпта қолданыстағы бағдарлама бойынша 10 зертханалық тәжірибе, жаңартылған бағдарлама бойынша 16 зертханалық тәжірибе берілген. № 3, 13, 14 зертханалық жұмыстар жаңадан енгізіліп отыр.

Жаңадан енгізілген № 3 «Li^{+}, Na^{+}, K^{+}, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} катиондарын жалын түсінің боялуы бойынша анықтау» зертханалық тәжірибесі 1-тоқсанда «Бейорганикалық қосылыстардың сапалық талдауы» бөлімінде берілген. Мұнда білім алушылар $Li^{+,}$ Na^{+}, K^{+}, Ca^{2+}, Sr^{2+}, Ba^{2+}, Cu^{2+} металл катиондарын анықтау үшін жалын түсінің боялу реакциясын жүргізіп, оны сипаттайды.

Негізінен металдардың катионын екі әдіспен анықтайды: ерітіндіде және жалын түсінің боялумен. Бұл тәжірибеде екінші әдіс қарастырылады.

Сілтілік металдар катиондарын анықтауда тек құрғақ тұздармен жұмыс жасайды, негізінде іс жүзінде барлық сілтілік металл тұздары ерігіштік қасиетке ие болады. Оларды қыздырғыш жалынға аз мөлшерде тұз қосу арқылы анықтауға болады. Сонда жалын түсінің боялуы былай жүреді:

Li^{+} – қоңыр-қызғылт

Na^{+} – сары

K^{+} – күлгін

Ca^{2+} – кірпіш түстес қызыл

Sr^{2+} – кармин қызыл

Ba^{2+} – сарғыш жасыл.

№ 14 «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау», № 15 «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау» зертханалық тәжірибелері 3-тоқсандағы «Адам ағзасындағы химиялық элементтер» бөлімінде берілген.

«Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау» зертханалық тәжірибесінде білім алушылар адам ағзасындағы кальций мен темірдің рөлін түсіндіреді.

Кальций – адам ағзасындағы ең маңызды элементтердің бірі. Оның ағзадағы мөлшері шамамен 2%-ды құрайды.

Кальций негізінен сүйек және тіс ұлпаларының құрамына кіреді. Ол жасуша құрамына еніп, сүйек құрауға, жүрек және бұлшықеттерінің жұмысына қатысады, қанның ұюын қамтамасыз етеді. Ересек адамдарға тәулігіне 0,5 грамм кальций жеткілікті. Ол сүйекті қатайтуға аса қажет. Кальций – сиыр мен қой сүті, сүттен жасалатын өнімдерде – ірімшік, сүзбе, қаймақ, айранда мол болады. Қара бидай наны мен жұмыртқаның сары уызында кальцийге бай. Ағзаға бір тәулікке қажет кальций алу үшін жүз грамм сүтсірне немесе жарты литр сүт жетеді. Ағзада кальций тұздарының жетіспеушілігі сүйек ұлпасының

дұрыс дамымуына, тіс ауруына, кейбір ферменттердің белсенділігінің төмендеуіне, орталық жүйке жүйесінің қызметінің бұзылуына әкеп соқтырады.

Бұл сабақты биологиямен байланыстыра өтуге болады. Мысалы, кальцийдің биологиялық рөліне тоқталуға болады.

Кальцийдің адам ағзасындағы рөлі:

– құрылыс қызметін атқарады;

– жүрек және қаңқа бұлшықеттерінің жиырылуын қамтамасыз етеді;

– қанның ұюына қатысады;

– ағзаның қышқылдық-сілітілік теңгеріміне әсер етеді;

– жүйке жүйесінің жұмысына қатысады.

Ал темір адам ағзасында 3,5-4,5 г шамасында кездеседі, оның 3/2-сі қанның құрамында, 3/1-і бауырда, көкбауырда, бұлшықет ұлпасында, жұлында кездеседі. Темір ағзаға тамақпен бірге келеді. Осы жерде мұғалім білім алушыларға өсімдік өнімдеріне қарағанда жануар өнімдерінен түскен темір сіңімдірек болады, мысалы ет, бауырды көбірек жеген дұрыс болатынын ескерткені дұрыс.

№ 15 «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау» зертханалық тәжірибесінде білім алушылар тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтап, оның адам ағзасы үшін құндылығын түсінеді.

Көміртек барлық тағам өнімдерінде органикалық қосылыстар түрінде ғана кездеседі. Адам организмі бейорганикалық қосылыстардағы көміртекті сіңіре алмайтындығын және оның биологиялық құндылығы жоқ екенін, тек органикалық қосылыстарының биологиялық рөлі зор екенін атап өту керек. Көміртектің қосылыстарына көмірсулар, нәруыздар, майлар, нукеотидтер т.б. жатады. Бұл зертханалық жұмыс бағдарламаға функционалдық білім беру мақсатында қосылғандығын айта кету керек. Білім алушылар химияны биологиялық ұғымдармен байланыстыра оқу арқылы, өз ағзасын танып, оның дамуы үшін тағамның химиялық құрамын біліп жүру қаншалықты маңызды екенін түсіну тиіс. 9-сыныптың зертханалық жұмыстырының салыстырмалы кестесі төменде берілген (7-кесте).

7-кесте – 9-сынып бойынша зертханалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар (2013 ж.)	**Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар (2017)**
№ 1 «Электролит ерітінділерінің арасындағы ион алмасу реакциялары»	№ 1 «Қышқыл, сілті ерітінділерінің pH анықтау»
№ 2 «Тұздар гидролизі»	№ 2 зертханалық тәжірибе «Тұздар гидролизі»
№3 «Көмірқышқыл газы және аммиакты алу, оларды анықтау	№ 3 жалын түсінің боялуы бойынша «Li^+, Na^+, K^+, Ca_2^+, Sr_2^+, Ba^{2+}, Cu^{2+} катиондарын анықтау»
№4 (мультимедиа) «Хлоридтерді, карбонаттарды, сульфидтерді, сульфаттарды, силикаттарды, аммоний тұздарын танып білу»	№ 4 «Fe^{2+}, Fe^{3+}, Cu^{2+} катиондарына сапалық реакциялар»
№5 лабораториялық тәжірибе «Алюминий	№ 5 «Сулы ерітіндідегі Cl^-, Br^-, I^-, PO_4^{3-},

гидроксидін алу және оның екідайлық қасиеттерін зерттеу»	SO_4^{2-}, CO_3^{2-}, NO^{3-}, SiO_3^{2} аниондарын анықтау»
№6 «Темірдің (II) және (III) гидроксидтерін алу және қасиеттерін зерттеу»	№ 6 «Концентрацияның температурасы мен бөлшектер көлемінің реакция жылдамдығына әсері»
№7 «Көмірсутек молекулаларының модельдерін құрастыру»	№ 7 «Химиялық тепе-теңдіктің ығысуы»
№8 «Мұнай өнімдерімен танысу»	№ 8 «Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісімен әрекеттесуі»
№9 «Сірке қышқылының индикаторларға әсері, металдармен және тұздармен әрекеттесуі	№ 9 «Алюминийдің қышқыл және сілті ерітінділерімен әрекеттесуі»
№10 «Сабынның және синтетикалық жуғыш заттардың қасиеттерін салыстыру»	№ 10 «Азот молекуласының моделін дайындау»
	№ 11 «Аммиак молекуласының моделін дайындау»
	№ 12 «Азот қышқылының басқа қышқылдармен ортақ қасиеттері»
	№ 13 «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»
	№ 14 «Тамақ өнімдерінің құрамындағы көміртекті анықтау»
	№ 15 «Сірке қышқылының қасиеттерін зерттеу»
	№ 16 «Нәруыздардың денатурациясы»

Сонымен жаңартылған бағдарлама бойынша 7-9 сыныптарға барлығы 37 зертханалық жұмыс берілген. Зертханалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі төменде ұсынылады (8-кесте).

8-кесте – 7-9-сыныптардағы зертханалық жұмыстар санының салыстырмалы кестесі

Сынып	Қолданыстағы бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар саны	Жаңартылған бағдарлама бойынша зертханалық жұмыстар саны
7 сынып		11
8 сынып	7	10
9 сынып	10	16
Барлығы	17	37

Тәжірибелік сабақ тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға көмектесетін жүйе. Мұндай сабақтарда бастапқыда оқушылар қыздыру аспаптарымен, зертханалық техникалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, қауіпсіздік ережелерімен танысады. Одан кейін білім алушылар қарапайым және күрелі заттардың қасиеттерін зерттеумен, оларды зертханалық жағдайда алумен айналысады. Әрбір жаңа тәжірибелік сабақ дербестікті, дағдыларды жетілдіруді талап етеді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша 7-9-сыныптарға практикалық жұмыстардың саны айтарлықтай артты. 7-сыныпта 4 практикалық жұмыс, 8-

сыныпта қолданыстағы бағдарламада 5 практикалық жұмыс, жаңартылған бағдарлама бойынша 7 практикалық жұмыс, 9-сыныпта қолданыстағы бағдарламада 3 практикалық жұмыс, жаңартылған бағдарлама бойынша 6 практикалық жұмыс берілген. 7-9-сыныптар бойынша практикалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі 9-кестеде берілген.

9-кесте – Практикалық жұмыстардың салыстырмалы кестесі

Қолданыстағы бағдарлама бойынша практикалық жұмыстар (2013 ж.)	**Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша практикалық жұмыстар (2017)**
7-сынып	
№ 1 «Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу»	
№ 2 «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттегінде жануын салыстыру»	
№ 3 «Сұйылтылған қышқылдар мен карбонаттардың әрекеттесуі. Көмірқышқыл газына сапалық реакция»	
№ 4 «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау»	
8-сынып	
№1 «Химия кабинетінде жұмыс жасаудың техникалық қауіпсіздік ережелерімен танысу; лабораториялық құрылғылармен, химиялық ыдыстармен шыны түтікшелермен, қыздыру құрылғыларымен жұмыс істеу ережелері; сұйықтықты қыздыру ережесі»	№ 1 «Металдардың белсенділігін салыстыру»
№2 «Лас тұзды қоспалардан тазарту»; №1 бақылау жұмысы	№ 2 практикалық жұмыс «Сутекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»
№ 3 «Суды лас қоспалардан тазарту»	№ 3 «Сутектің переоксидінен оттекті алу және оның қасиеттерін зерттеу»
№ 4 «Берілген мольдік үлесі бойынша қант ерітіндісін дайындау»	№ 4 «Қатты заттардың ерігіштігіне температураның әсері»
№5 «Бейорганикалық заттардың кластары арасындағы генетикалық байланыс»	№ 5 «Берілген пайыздық және молярлық концентрациялы ерітінділерді дайындау»
	№ 6 «Көміртектің физикалық және химиялық қасиеттері»
	№ 7 «Көмірқышқыл газын алу және оның қасиеттері зерттеу»
	№ 8 «Металдардың белсенділігін салыстыру»
9-сынып	
№1 практикалық жұмыс «Электролиттік диссоциация теориясы және электролиттердің қасиеттері»	№ 1 практикалық жұмыс «Ион алмасу реакциялары»
№2 практикалық жұмыс «Бейметалдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару	№ 2 практикалық жұмыс «Бейорганикалық қосылыстарды сапалық талдау»
№3 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару»	№ 3 практикалық жұмыс «Реакция жылдамдығына катализатордың әсері»
	№ 4 практикалық жұмыс «Металдар» тақырыбына эксперименттік есептер шығару
	№ 5 практикалық жұмыс «Сұйылтылған күкірт қышқылы ерітіндісі және оның тұздарының химиялық қасиеттерін зерттеу»

	№ 6 практикалық жұмыс «Аммиактың алынуы және оның қасиеттерін зерттеу»

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым міндеттерінің бірі болып есептеледі. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың, сондай-ақ оның қалыптасуын бақылаудың құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстары, практикалық тапсырмалар және т.б.) болып табылады.

Сонымен қатар бағдарламада демонстрациялар да енгізілген. Демонстрация химия пәнін оқытуда эксперименттің бір түрі болып есептеледі. Демонстрацияны негізінен мұғалім жасауы қажет, одан өте ұқыптылық пен жауапкершілік талап етіледі. Демонстрацияда көрсетілетін немесе жасалатын тәжірибе құралдарын сабақтан бұрын дайындап қою ұсынылады.

Қолданыстағы бағдарлама бойынша 8-сыныпта 6 көрсетілім болса, жаңартылған бағдарламада 4-еу, саны 2-ге азайып отыр, өйткені, сутекті алу, оттекті алу жаңартылған бағдарламада практикалық жұмысқа кіргізілген. Ал 9-сыныпта қолданыстағы бағдарлама бойынша 4 көрсетілім болса, жаңартылған бағдарламада 16 көрсетілім бар. Көрсетілімдердің салыстырмалы тақырыптары 10-кестеде ұсынылады.

10-кесте – 8, 9 сыныптарға арналған көрсетілімдердің салыстырмалы тақырыптары

Қолданыстағы бағдарлама бойынша көрсетілім саны	Жаңартылған бағдарлама бойынша көрсетілім саны
8-сынып	
№1 көрсетілім: «Заттарды тазарту әдістері», «Жай және күрделі заттардың үлгілері», «Қоршаған ортадағы құбылыстарға мысалдар» (мультимедиа)	№ 1 көрсетілім «Заттардың массасының сақталу заңын дәлелдейтін тәжірибе»
№ 2 көрсетілім (мультимедиа): Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесінің кестесі	№ 2 көрсетілім «Белсенді металдардың сумен әрекеттесуі»
№ 2 көрсетілім (мультимедиа): Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесінің кестесі	№ 3 көрсетілім «Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру»
№ 4 көрсетілім (мультимедиа): сутекті түрлі әдістермен алу; сутектің химиялық қасиеттері	№ 4 көрсетілім «Сутек пероксидінің ажырауы»
№ 5 көрсетілім (мультимедиа): суды тазарту әдістері, суды айдау (дистильдеу)	
№ 6 көрсетілім (мультимедиа): оксидтердің, қышқылдардың, тұздардың және негіздердің үлгілері; кальций оксидінің сумен әрекеттесуі (әкті сөндіру	

9-сынып	
№ 1 көрсетілім (мультимедиа): заттардың және олардың ерітінділерінің электрөткізгіштігін сынау; катиондар мен аниондарға сапалық реакциялар	№ 1 көрсетілім «Иондық және ковалентті полярлық байланысы бар заттардың электролиттік диссоциациясы»
№2 көрсетілім (мультимедиа): алмаз, графит, фуллереннің кристалдық торларының модельдері	№ 2 көрсетілім «Түрлі химиялық реакциялардың жылдамдығы»
№ 3 көрсетілім (мультимедиа): металдар және олардың қосылыстарының Қазақстандағы маңызды кен орындары	№ 3 көрсетілім «Қайтымды химиялық реакциялар»
№ 4 көрсетілім (с мультимедиа): метан, этан, этилен, ацетилен, бензол, этанол және сірке қышқылы молекулаларының моделі	№ 4 көрсетілім «Металдардың кристалдық торы модельдері»
	№ 5 көрсетілім «Металдар және қорытпалар»
	№ 6 көрсетілім «Натрийдің, кальцидің сумен әрекеттесуі»
	№ 7 көрсетілім «Алюминий мен оның қорытпалары»
	№ 8 көрсетілім «Күкірттің аллотропиялық түр өзгерістері»
	№ 9 көрсетілім «Минералды тыңайтқыштар»
	№ 10 көрсетілім «Алмаз, кремний, кремний диоксиді мен кремний карбидінің кристалдық торларының модельдері»
	№ 11 көрсетілім «Метан, этан, этен, этин, этанол, этаналь,этан қышқылы, глюкоза, аминоэтан қышқылы модельдері»
	№ 12 көрсетілім «Алкандардың алғашқы бес өкілдерінің және сызықты құрылымды спирттердің модельдері»
	№ 13 көрсетілім «Пентан изомерлерінің модельдері»
	№ 14 көрсетілім «Этиленнің жануы, бром суы мен калий перманганаты ерітінділерін түссіздендіруі»
	№ 15 көрсетілім «Отын түрлері»
	№ 16 көрсетілім «Мұнай және мұнай өнімдері»

Жаңартылған бағдарламада теориядан тәжірибеге бағытталған мақсаттар зертханалық және практикалық жұмыстардың көбейтілуімен айқындалады. Келесі кестеде 7-9-сыныптардағы практикалық жұмыстар, зертханалық тәжірибелер мен көрсетілімдердің саны берілген (11-кесте).

11-кесте – 7-9-сыныптардағы практикалық жұмыстар, зертханалық тәжірибелер мен көрсетілімдердің саны

Жұмыс түрлері	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Демонстрациялар	-	4	16
Зертханалық тәжірибе	11	10	16
Практикалық жұмыстар	4	8	6

Мұғалім:

– практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде жұмыстардың қауіпсіз орындалуына назар аударудың маңыздылығын;

– химия кабинеті үшін сатып алынған жабдық пен химиялық реагенттерге сәйкестікті бағалау жөніндегі құжаттар техникалық нормативтік құқықтық актілерге сай болуы тиіс болуын назарда ұстауы қажет.

Сондай-ақ, химия кабинетінде оқу сабақтарын өткізу кезінде келесі қауіпсіздік талаптарына назар аударылады:

– білім алушыларды зертханада қалдыруға болмайды;

– реактивтерді дұрыс сақтауды қамтамасыз ету;

– реактивтерді этикеткасыз немесе әйнекте қарындашпен жаза салған күйде сақтауға болмайды.

Кестелерден көргеніміздей, практикалық және зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің саны жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында айтарлықтай артып отыр. Бұл білім берудің теориядан тәжірибеге бағытталған, білімді өмірде пайдалана алатындай есте сақтауға, кең мақсатқа арналған бағдарлама. Практикалық және зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің салыстырмалы саны 12-кестеде берілген.

12-кесте – Практикалық және зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің салыстырмалы саны

Қолданыстағы бағдарлама бойынша		Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша	
Көрсетілім	10	Көрсетілім	20
Зертханалық тәжірибе	17	Зертханалық тәжірибе	37
Практикалық жұмыстар	8	Практикалық жұмыстар	17

Білім берудің жаңартылған мазмұны бағдарламасында химияны биология, география және физика пәндерімен пәнаралық байланыстыруға да көңіл бөлінеді.

Пәнаралық байланыс келесі оқу пәндерімен жүзеге асырылады:

1) «Биология» пәнімен:

ауаның, оттектің, судың тірі организмдер үшін биологиялық рөлі және оларды ластанудан қорғау жолдары; жасушадағы судың биологиялық рөлі; фотосинтез процесінің маңызы; тірі организмдердегі микро- және макроэлементтердің маңызы; гендік инженерия, тұрмыста химиялық заттарды қолданудың экологиялық қауіпсіздігі.

2) «География» пәнімен:

адамзат тіршілігіндегі судың рөлі және халық шаруашылығындағы және Қазақстан экожүйелеріндегі су ресурстарын қорғау; еліміздегі металлургиялық, химиялық және қайта өңдеу кешендері; ел аймағындағы пайдалы қазбалардың кен орындары; минералды ресурстарды тиімді пайдалану және табиғатты экологиялық қорғау; энергияның альтернативті көздері.

3) «Физика» пәнімен:

атом, молекула және заттардың құрылысы туралы атом-молекулалық ілім; зат массасының сақталу заңы, газ заңдары, Авогадро заңы; ерітінділердің тығыздығы, газдардың салыстырмалы тығыздығы және көлемі; кристалл торларының түрлері және құрылысы; атом ядросының құрылысы, изотоптар; жылулық энергия түрі.

Пәнаралық байланысты қолдану – күрделі әдістемелік міндеттердің бірі. Ол басқа пәндердің мазмұнын білуді талап етеді.

Мысалы, судың қасиеттерін әмбебап еріткіш ретінде зерттегенде, су молекуласының құрылымының қандай ерекшеліктері оның физиологиялық функцияларын қамтамасыз ететіні туралы зерттеу қажет. Бұл үшін білім алушылар су молекуласының құрылымын еске түсіреді (бұрыштық пішін). Содан кейін олар судың бейорганикалық және күрделі органикалық заттардың гидраттану қабілеті туралы айтады. Сонымен бірге, мұғалім заттардың гидрофильді және гидрофобты қасиеттері туралы түсініктерді қалыптастырады. Бұдан кейін білім алушылар су құрылымының жасушадағы биологиялық функцияларын: тасымалдаушылық, құрылымдық, терморегуляциялық және каталитикалық ерекшеліктерін анықтайды.

Д.И. Менделеевтің периодтық заңын оқыған кезде білім алушылар химия элементтерінің биологиялық рөлі мен олардың Д.И Менделеевтің периодтық жүйесіндегі орнына ерекше назар аударуы керек. Мысалы, көміртек топшасын зерттегенде биологиялық тұрғыдан көміртектің 1-ші органоген болып табылатындығына назар аудару керек. Көміртегі атомдарының белоктар, майлар, көмірсулар, витаминдер, ферменттер компоненттерінің құрамында болатынын анықтайды.

Биологиялық түсініктер сондай-ақ, «Күрделі эфирлер мен майлар», «Көмірсулар», «Амин қышқылдары» тақырыптарында берілген. Химия және биология пәнаралық байланыстардың бағыттары 13-кестеде көрсетілген.

13-кесте – Химия және биологияның пәнаралық бағыттары

Пәнаралық байланыс бағыттары		**Ұқсас ұғымдар мазмұны**	
Химия		**Биология**	
Бөлім	**Тақырып**	**Бөлім**	**Тақырып**
Су	Табиғаттағы су. Судың ластану себептері. Судың кермектігі	Жасушалық биология Су және органикалық заттар (7-сынып,	Судың қасиеттері: беттік керілу, судың қозғалысы, еріткіштігі, қайнау және балқу температурасы, жылусыйымдылығы. Судың биологиялық

		1-тоқсан)	маңызы және оның еріткіш ретіндегі, температураны сақтау мен реттеудегі рөлі
Адам ағзасындағы химиялық элементтер (8-сынып)	Адам ағзасындағы химиялық элементтер. Тыныс алу үдерісі	Тыныс алу	Альвеола мен қан арасындағы газ алмасу. Өкпедегі қанның оттекке қанығуы. Ұлпа мен қан арасындағы газ алмасу. Қанның көмірқышқыл газына қанығуы, жасушаның оттекке қанығуы
	Тағам құрамындағы қоректік заттар	Жасушалық биология Су және органикалық заттар (7-сынып)	Азық-түліктердегі органикалық заттар: нәруыздар, майлар, көмірсулар (7-сынып). Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық
Оттекті және азотты органикалық қосылыстар (9-класс)	Көмірсулар	Молекулалық биология	Жасушаның құрамындағы органикалық заттар. Мономерлер мен полимерлер арасындағы айырмашылық; Көмірсулар – энергия көзі. Глюкоза, сахароза, гликоген, крахмал, жасұнық пен хитиннің маңызы және қызметтері. Липидтердің қасиеттері мен қызметі. Липидтердің әртүрлілігі: майлар, фосфолипидтер, балауыз.; Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері (8-сынып)
Адам ағзасындағы химиялық элементтер (9-класс)	Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және о Ағзадағы кейбір элементтерді анықтау. № 14 зертханалық тәжірибе «Сүйек құрамындағы кальцийді анықтау»	Қозғалыс Биофизика	Сүйектің макро - және микроскопиялық құрылысы. Сүйектің химиялық құрамы
17 (VII), 16	Азот	Тірі ағзалардың	Табиғаттағы көміртек

(VI), 15 (VI), 14 (IV) топ элементтері және олар дың қосылыс тары (9-сынып) Көміртек және оның қосылыс тары	Көміртектің жалпы сипаттамасы Көміртектің аллотропиялық түр өзгерістері Көміртектің қасиеттері	көп түрлілігі. Биосфера және экожүйе (9-сынып)	пен азот айналымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістер
Химиялық реакциядағы энергиямен танысу (8-сынып)	Отынның жануы және энергияның бөлінуі	Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (9-сынып) Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (8-сынып)	Пайдалы қазбаларды өндірудің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері
			Адамның табиғаттағы ролі. Табиғатты тиімді пайдалану. Табиғатты қорғау. Биологиялық алуан түрлілікті сақтау
			Қазақстан Республикасының экологиялық проблемалары. Себептері мен салдарлары. Оларды шешу жолдары
		Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері (9-сынып)	Жылыжай эффектісі (булану) және озон қабатының жұқаруы. Дүниежүзілік мұхит деңгейінің, су мен атмосфера температурасының көтерілуінің тірі ағзаларға әсері

Оттекті және азотты органикалық қосылыстар (9-сынып)	Амин қышқылдары. Нәруыздар	Қоректену	Өттің әсерінен майлардың эмульгациясы

«Химия» және «Физика» оқу пәндерінде көптеген ортақ ұғымдар оқытылады, мысалы, «атом», «молекула», «физикалық және химиялық құбылыстар», «масса», «заттың агрегаттық күйлері». Осыған байланысты, бұл ұғымдардың ортақ, бірдей түсіндірмесіне қол жеткізу қажет.

«Химия» және «Физика» оқу пәндерінің бір бірін толықтырып ғылыммен толықтырып отыратындығы белгілі. Бұл екі пән табиғаттағы құбылыстар мен процестерді өз тұрғысынан қарастыратындығы белгілі. Физика мен химияның ортақ ұғымдары материя, масса, салмақ, энергия мен энергия, электрлік заңы, электр тізбегі мен айналудың сақталуын және басқаларды қамтиды [8].

Физика мен химияның арасындағы маңызды теориялық байланыстар: молекулалық-кинетикалық және электрондық теория, атом құрылымының теориясы және басқалар зерттеулерде көрініс табатын болады. «Химия» және «Физика» оқу пәндерінің пәнаралық байланысы 14-кестеде берілген.

14-кесте – Химия мен физика пәндерінің байланысы

Пәнаралық байланыс бағыттары		Ортақ ұғымдар мазмұны	
Химия		Биология	
Бөлім	Тақырып	Бөлім	Тақырып
Зат күйлерінің өзгеруі	Физикалық және химиялық құбылыстар	Заттың агрегаттық күйлері	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы.
	Заттардың агрегаттық күйі		Қайнау температурасының атмосфералық қысымға байланыстылығын анықтау
Атом. Молекула. Заттар	Атом және молекулалар	Атом ядросы	Атом ядросының құрамы
	Химиялық элементтер. Жай және күрделі заттар	Элементтердің периодтық жүйесі	Элементтердің периодтық жүйесі
	Атом құрылысы. Изотоптар	Атом құрылысы	Атом модельдері
Стехиометриялық есептеулер	Химиялық реакциялардың теңдеулері бойынша есептер шығару	Тығыздық	Тығыздық бойынша есептер

География – жаратылыстану ғылымдары саласының пәні, ол химияның тығыз байланысқа ие. Әсіресе ол топырақ және топырақтану географиясымен өзара байланыста байқалады. Осы байланыстардың негізінде геохимия, гидрохимия, атмосфера химиясы және ландшафтардың геохимиясы тәрізді жаңа ғылыми салалар пайда болды және дамып келеді. Химиялық білімсіз географияның кейбір тақырыптарын оқу мүмкін емес. «Химия» және «География» оқу пәндерінің пәнаралық байланысы келесі кестеде берілген (14-кесте).

14-кесте –«Химия» және «География» пәндерінің пәнаралық байланысы

Пәнаралық байланыс бағыттары		Ортақ ұғымдар мазмұны	
Химия		География	
Бөлім	Тақырып	Бөлім	Тақырып
Ауа. Жану реакциясы	Ауа. Ауаның құрамы. Жану процесі	Атмосфера	Атмосфера және оның құрамдас бөліктері
Геологиялық химиялық қосылыстар	Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар	Литосфера	Тау жыныстары мен минералдардың жіктелуі. Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттері
	Қазақстанның		Минералды ресурстарды

	пайдалы қазбалары. Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері		өндіру және өңдеу орталықтары
			Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру
			Минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемалар
Су	Табиғаттағы су	Гидросфера	Қазақстанның ішкі суларының түрлері
	Судың ластану себептері. Судың крмектігі		Су ресурстарының экологиялық проблемалары
Адам ағзасындағы химиялық элементтер	Қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануы	Атмосфера	Климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылы ғына тигізетін әсері
			Адам әрекетінің атмосфераға зиянды әсері

«Химия» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұнын жаңарту білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған, бұл өз кезегінде практикалық, жобалық, эксперименталды және ғылыми тапсырмалардың үлесін ұлғайта отырып, бағдарламаға тәжірибеге бағдарланған компонентті енгізуді талап етеді, оқу процесінің инновациялық сипатын нығайтуға, білім алушының оның өзін-өзі дамытуға бағытталады.

Оқу бағдарламасының әрбір бөлімін оқыған кезде химиялық зерттеу әдістерін сараптауға ерекше көңіл бөлінеді.

Тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Сабақты жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ерекшелігіне байланысты келесі бөлімде «Химия» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері қарастырылады.

2 «Химия» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Қазақстан Республикасындағы білім беру мазмұнын жаңартудағы негізгі мақсат: білім беру бағдарламаларын жаңарту контекстінде мұғалімдердің педагогикалық дағдыларын жетілдіру.

Сабақтардың ерекшелігі – оқу процесін құрудың негізгі аспектілеріне байланысты оқу мақсаттарына негізделген сабақ үдерісін құру болып табылады, бұл мұғалімдерге оқушылардың дағдыларын дамыту әдістерінің бірегей мүмкіндіктерін көрсетуіне мүмкіндік береді.

Құндылықтарға бағытталған тәсіл.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Жаңартылған білім мазмұнының аясында мұғалім білім беру процесінде өзгеше рөл атқарады, оның маңыздылығы дәстүрлі білім беру жүйесінен кем емес. Егер бұрын мұғалім оқулықпен бірге негізгі білім көзі болса және мұғалім білімді бақылаушы болса, мұғалім білім берудің жаңа парадигмасында оқушылардың тәуелсіз танымдық белсенділігін ұйымдастырушы, құзыретті кеңесші және ассистент ретінде көрінеді. Бұл рөл әлдеқайда күрделі және мұғалімнің біліктілігінің жоғары деңгейін талап етеді.

Мектепте заманауи әлемнің қиын жағдайында сәтті өмір сүру үшін қажетті қасиеттерге ие жеке тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайлар жасалуы керек. Бұл міндет тек білім беру мазмұнын ғана емес, оқытудың технологиясын да білдіреді.

Оқу және ғылыми-зерттеу қызметі жек тұлғаға бағытталған тәсілдерді енгізудің бір түрі. Оқушының пәндік тәжірибеге сүйену, сабақтың мақсаттарын саналы түрде қабылдау, пән бойынша пәндік қарым-қатынастарды ұйымдастыру, оқушының жеке әлеуетін ашуға жағдай жасау қажет. Бұл технология оқушыға еркін шығармашылық жағдайында және мұғаліммен ынтымақтастық жағдайында белгілі бір пәндік тәжірибеге негізделген айқын және анықталған кезеңдерімен әмбебап зерттеу әдіснамасын меңгеру үшін кең мүмкіндіктер ұсынады [9].

«Химия» оқу пәнінің сабақ құрылымының элементтері: білім алушыларға берілген білімнің өзектілігі; жаңа тұжырымдамалар мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру; теория мен химиялық эксперименттің үйлесуі, сабақта олардың рөлі мен орнын анықтау; зерттеліп жатқан химиялық заттар мен реакциялардың сапалық және сандық сипаттамалары арасындағы байланыстарды орнату.

Химияны оқыту әдістемесінің негізгі бөлімдері әдістемелерді, формаларды, құралдарды қамтиды.

Мұғалімнің негізгі міндеті – білім алушылардың білімін, тәрбиесін және дамуын қамтамасыз ететін оқыту әдістерін оңтайлы таңдау.

Оқу әдістемесі – мұғалімнің және оның жетекшілігіндегі мақсатты бірлескен жұмыс түрі (әдісі) болып табылады.

Бұл анықтамада ең бастысы - бұл жеке тұлға қызметі. Бұл өте маңызды, өйткені қазіргі білім беру жүйесінің міндеті – жеке тұлғаға бағытталған білім беру [10].

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту жағдайында мұғалім білім беру процесінде маңызды рөл атқарады.

Оларда жеке және сараланған тәсілдер жүзеге асырылады. Олар білім беру материалын табысты игеруді, білім алушылардың интеллектуалды және моральдық дамуын, олардың тәуелсіздігі мен белсенділігін қамтамасыз етеді.

Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту білім алушының интеллектуалды даму деңгейін ескере отырып, оқуға дифференциалды көзқараспен, сондай-ақ оның осы пәнге деген дайындығын қамтамасыз етеді.

Мысалы, 8-сыныптағы «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» бөлімі бойынша мынадай тапсырма беруге болады. Мына айналымдарды жүзеге асыратын реакция теңдеулерін жазыңыз.

$Ca \rightarrow CaO \rightarrow Ca(OH)_2 \rightarrow Ca(NO_3)_2 \rightarrow CaSO_4$.

Тапсырманы бағыт бойынша орындайды, мұнда кез келген білім алушы, яғни үлгерімі жақсы оқушы да, үлгерімі төмен оқушы да қатысады. Тапсырманың орындалуы дауыстап айтылады да, бүкіл топпен қадағаланады. Немесе «Оксидтер», «Негіздер», «Қышқылдар», «Тұздар» тақырыптарына постер құруға болады. Тапсырма орындалып болғаннан кейін мұғалім жалпы талқылау өткізе алады, немесе егер әр топтағы тапсырма әртүрлі болған жағдайда әр топты жеке қарауға болады. Мұғалім тақырыптың игерілгенін байқаса онда оны тексеру үшін тапсырмалар береді. Бұл түрлі деңгейдегі тестер болуы мүмкін. Тесті орындағанда әр білім алушы жеке жұмыс жасайды. Тапсырмалар үшін баға топқа қойылады да, жалпы баға жарияланады. Осылайша, үздік оқушы әлсіз оқушымен сайысқа түспей, керісінше әрбір оқушы өз-өзімен, яғни бұрыңғы жетістіктерімен сайысқа түседі [11].

Бұл әдіс жаңа тақырыпты игеруде өте тиімді болып табылады.

Заттар, олардың қасиеттері және химиялық түрлендірулер туралы ақпараттың басым көпшілігі зерттеу арқылы алынады. Сондықтан, зерттеу әдісі химия пәнінің кез-келген тақырыбын зерттеуде пайдаланылады, оның мазмұнының ашылуына ықпал етеді. Бұл білім алушылардың пәндік тәжірибесіне сүйеніп, сабақтың мақсаттарын саналы түрде қабылдауына, пән бойынша пәндік қарым-қатынастарды ұйымдастыруға, білім алушының жеке әлеуетін ашуға жағдай жасауға негізделеді. Зерттеу әдісі білім алушының еркін шығармашылық жағдайында және мұғаліммен ынтымақтастық жағдайында әмбебап зерттеу әдіснамасын меңгеру үшін кең мүмкіндіктерді ашады.

Зерттеу әдісінің мазмұны теориялық білім мен бақылау, талдау, салыстыру, ұқсастық, қорыту, жіктеу болып табылады.

Химиялық эксперимент саласында химиялық қабілеттердің компоненттерін, мысалы, байқау қабілетін, шығармашылық әрекеттегі шығармашылық қабілеттерін дамытуға болады. Зерттеу әдісі білім алушының зерттеу дағдыларын дамытады.

Мысалы, 8-сыныпта «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» тақырыбында білім алушылар химиялық элементтердің таңбасы жазылған

карточкалар жасайды, онда металдарды қара түспен, бейметалдарды басқа түспен белгілейді. Бұл карточкаларда элементтердің салыстырмалы атомдық массалары, жалпы сипаттамалары мен олардың қосылыстары: оксидтері, гидроксидтері көрсетіледі. Білім алушылар бұл карталарды атом массасының өсу ретімен бір қатарға орналастырады да, өз жұмысында қарапайым заттардың қасиеттерінің және химиялық элементтердің қосылыстарының қышқыл-негіздік қасиеттерінің периодты түрде өзгеру заңдылығын байқайды. Содан соң, карталарды сілтілі металдан басталып, инертті газбен аяқталатын жалпы қатарға орналастыру ұсынылады. Осылайша бірнеше химиялық элементтердің периодын қалыптастыру арқылы бір-бірінің астындағы бағандардағы элементтердің қасиеттері ұқсас болып келетінін түсінетін болады. Нәтижесінде химиялық элементтердің периодтық жүйесінің топтары анықталады, онда негізгі және қосымша топтардың болатынын, кіші топтардағы химиялық қасиеттердің өзгеру заңдылықтарын атап өтеді. Осылайша, шын мәнінде, білім алушылар өздері Д.И. Менделеевтің периодтылық заңының мәнін түсінеді.

Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша химияны оқыту процесінде құзыреттілікке бағытталған тәсілдерді енгізу білім беру саласына білім алушылар үшін құзыреттілік жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Химиядағы материалдарды оқыған кезде оқушылардың оқу және мәтінмен өз бетінше жұмыс істеуіне назар аудару керек, бұл оларға проблемалармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, оларды шешу жолдарын табуға, ситуациялық жағдайда әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мысал ретінде, 7-сыныптағы «Химия» пәнінің №1 практикалық жұмысы «Техника қауіпсіздігі ережелері және зертханалық құрал-жабдықтармен танысу» тақырыбын қарастырайық. Оқу мақсаты: 7.1.1.1 химия ғылымының нені оқытатынын білу; 7.1.1.2 химиялық лабораторияда және кабинетте жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасының ережелерін білу және түсіну.

I. Мотивацияға бағытталған кезең:

Тақтада «Химия» сөзі ілініп тұрады. Білім алушылармен диалог құрылады: Химия нені үйретеді? Қандай заттарды білесіздер? Олар не үшін қажет?

Заттарды басқа түрге айналдыру өнерін алғаш рет ежелгі египеттіктер үйренді. «Химия» сөзі Египеттен келген, Ніл алқабының қара құнарлы жерін білдіретін болған. Сіздерде химия мен «қара және қызыл жер» түсінігі арасында қандай ассоциация көрінеді?

Химия, табиғат құбылыстарын зерттейтін ғылымдардың бірі ретінде, біздің дәуірімізге дейін, сол кездегі техникалық дамыған елдердің бірі, Ежелгі Мысырда пайда болды. Химиялық айналулар туралы алғашқы мәліметтерді адамдар әр түрлі салаларда, мысалы мата бояғанда, металл қорытқанда, шыны жасаған кезде түсіне бастады. Сол кезде арнайы әдіс-тәсілдер мен рецепттер пайда болды, бірақ химия әлі ғылым ретінде қалыптасқан жоқ еді. Сол кездің өзінде химия адамзатқа табиғаттан өмірге қажетті заттарды, мысалы, металдарды, керамика, әктас, цемент, шыны, бояулар, дәрі-дәрмектер алу үшін өте қажет болды.

Ежелгі Египетте химия ғылым болып саналды және оның құпиялары мұқият қорғалды. Соған қарамастан, кейбір мәліметтер Византия арқылы Еуропаға таралды.

Ежелгі Египеттегі егістік жерлер қара түсті болатын, осы ерекшелігіне қарай ежелгі мысырлықтар өз жерін «қара» жер деп атады. Бұл атаудың пайда болуына тағы бір факт ықпал еткен, атап айтқанда, Араб шөліне жақын орналасқан Мысырға көрші ел өз жерлерін «қызыл жер» деп атады [12].

II. Оперативті – орындаушылық кезең.

1. Білім алушылар сөздікпен жұмыс жасап, «эксперимент» сөзін табады да, оқиды.

2. Эксперимент жүргізу үшін нені білу керек? Практикалық жұмыстың ережесі, құралдары. Екі топқа тапсырмалар беріледі:

– зертханалық штатив құрылғысын түсіндіру, сынауықты штативке дұрыс бекіту;

– химиялық ыдыстарды көрсету, олардың қолданылуын түсіндіру.

3. Топтардағы дайындалған хабарламаларды тыңдау.

4. Өзіндік эксперименттік жұмыс.

Нәтижелерді білім алушылар тақтаға жазады. Жұмысты орындау барысында жұмыс тәртібін өздері белгілейді.

Қорытынды: тәжірибе ойдағыдай шығу үшін оның тәртібі мен ережесін білу керек.

Құзыреттілік – іс жүзінде қалыптасқан жеке қасиеттер мен қызметтің минималды тәжірибесі: құзыреттілік - білімнің ұтқырлығын + әдістердің икемділігі + ойлаудың сынилығы.

«Химия» пәнінің мазмұнын жетілдіруде академиялық тіл негізгі құрал болып табылады, ол ойлауды жақсартады және пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істейді.

Тілдің үлгілік нысаны білім алушыларға бөлімді меңгеру үшін қажетті ғылыми тілді қолданады:

– пән бойынша тілдік мақсаттарды қарастыру;

– тақырып бойынша арнайы лексика және терминологиямен танысу және тиімді пайдалану әдісін талқылау;

– диалог үшін сөз тіркестерін қолдану.

Мысалы, «Су» бөлімінде бұрыңғы алған білімдері бойынша:

су еріткіш ретінде (6.2В), қышқылдар мен негіздер (6.2С), зат күйінің өзгеруі (7.1С), ерігіштік, химиялық элементтер және адам ағзасындағы қосылыстар.

Оқыту мәні: бұл бөлімде су химиялық қосылыс ретінде, оның атмосферада және басқа жерлерде таралуы жөнінде, оның агрегаттық күйлерінің ерекшеліктері жайлы қарастырылады.

Тілдік оқытудың мақсаты: осы тақырыпқа қатысты лексиканы пайдаланып, су – көптеген заттардың өлшемі екенін түсіндіру.

Пән лексикасы және терминологиясы: гидрид, кобальт хлориді, азот, сутегі, су, қайнау нүктесі, сусыз, таза, алу, жасау, жағу, жинау, тексеру, орындау, конденсациялау. Химия сабағында коммуникативті дағдыларды

дамыту жолдары: оқу бағдарламаларының мақсаттарының бірі жеке тұлғаны әлеуметтендіру болып табылады, яғни – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады; түрлі ақпараттарды қолдану арқылы, оқушылар пән бойынша академиялық тілді сауатты қолдануға ынталандырады.

7-сыныпта Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі тақырыбын өткенде білім алушылардың тілдік құзыреттілігін пайдалана отырып орындайтын кейбір тапсырмаларды ұсынуға болады.

Мысалы, берілген терминдерді қазақ тіліне аударыңдар:

periodic system –

nonmetal –

inert gases –

chemical symbol –

periodic law –

chemical element –

atomic mass –

Оқу дағдыларын дамытуға көмектесетін тапсырмалар келесідей болуы мүмкін, жазбаша дереккөздермен жұмыс жасау: анықтамалар, энциклопедиялар, көрнекі және терминологиялық сөздіктер, ғылыми және ақпараттық журналдар, мерзімді басылымдар, онлайн қорлармен жұмыс жасау; тақырыптан тыс ғылыми көзқарасты кеңейту; тақырып бойынша анықтамалар, кестелер жасау.

Лингвистикалық мақсаттардағы маңызды аспект - CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясымен ағылшын тілінде бастапқы химиялық терминдерді меңгеру.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) - бұл пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту.

Бұл оқыту әдістемесінің ерекшелігі сабақтың екі тілде (оқу тілі және басқа) үйренуімен ерекшеленеді, себебі әртүрлі оқу жағдайларында сабақтың сол кезеңіне және оқу мақсаттарына қолайлы тіл қолданылады.

CLIL әдісін қолданудң екі мақсаты бар: пәндік және тілдік. Сабақты жоспарлау мұғалімнің пән материалдарын игерудегі өз оқушыларының мүмкін болатын тілдік қиындықтарын алдын-ала болжауға және осы қиындықтарды «жоюға» қолдау көрсетуін болжайды.

CLIL тәсілі тығыз байланысты 4 қағидатқа негізделген:

Content – оқытылатын пән бойынша білімді, дағдыларды және қабілеттерді меңгеру үдерісі. Мұғалім жаңа білімдерді, дағдыларды және дағдыларды меңгеру процесін ынталандыруы керек.

Communication – тақырыпты білу үшін шет тілін қолдануды үйрету. Бұл кезең балаларға шет тілін жан-жақты пайдалануды ынталандыруы керек. Тіл – өз бетінше емес, байланыс құралы ретінде қолданылады. CLIL-тің негізгі мақсаты – мұғалімнің көмегімен және сыныптастарының көмегі арқылы шет

тілін сөйлесу құралы ретінде пайдалануда белсенді сабақ бере алу үшін мұғалімнің сөйлеу уақытын қысқартып, оқушының сөйлеу уақытын көбейту. Талқылауларға, дебаттарға, форумдарға қатысуға ынталандыруға, білім алушылардың сөйлеу белсенділігін көтеруге көмектеседі.

Cognition – ойлау. Мұғалім тіл мен пәнді жақсы түсіну үшін оқушылардың интеллектуалдық қабілетін арттыруға тырысады. Осы мақсатқа жету үшін сын тұрғысынан ойлауды, міндеттерді және жаттығуларды салыстыру, болжау, негізгі табу және т.б. дамыту міндеттерін шешуге үлес қосу.

Culture – өз тілінің және өзге тіл мәдениетін түсінуге, олардың орнына және рөліне байланысты басқа мәдениетке оң көзқарас қалыптастыруға бағытталған мәдениеттанулық білім CLIL-тің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл принцип қазақ тілінде пәндерді орыс тілінде оқыту сабақтарында, орыс тілінде пәндерді қазақ тілінде оқытатын сыныптарда және орта мектептегі ағылшын тілінде көптеген пәндерді оқығанда оқыған кезде жүзеге асырылады.

CLIL әдіснамасының негіздері:

- тіл туралы білу пәннің мазмұнын зерделеу құралы болып табылады;
- барлық төрт тілдік дағдының дамуы: тыңдау, оқу, сөйлеу және жазу;
-тақырыпты талқылауға қатысуға мүмкіндік беру үшін тілді қалай қолдануды үйренуге ынталандыру;
- ойлау дағдыларын белсенді дамыту [13].

Астана қаласы Дарынды балаларға арналған № 9 «Зерде» мектебінің химия пәні мұғалімі Жумагулова Кулжан Саханқызының CLIL әдісі негізінде дайындаған сабақ жоспары үлгі ретінде ұсынылады.

Апта	**Күні:**		**№ сабақ**
Сабақтың тақырыбы	**1-сабақ:** Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі тақырыбын қорытындылау (CLIL әдісі негізінде химия пәнін оқыту)		
Сілтеме:	Оспанова М.Қ, Белоусова Т.Г., Аухаиева Қ.С., Оқулық, Химия, 7-сынып, Алматы «Мектеп» баспасы, 2017 ж.		
Жалпы мақсаты:	Оқушыларға Перидтық жүйе бойынша алған білімдерін практикада түсінуге жағдай жасау.		
Күтілетін нәтиже (табыс критерийі)	**Барлық оқушылар:** Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі тақырыбын қорытындылау тақырыбы бойынша жалпы сипаттама бере алады, ПЖ-гі элементтердің орналасуы мен қасиеттерін біледі.	**Кейбір оқушылар:** Д.И.Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесі теориялық сипаттамаларын өмірге негіздей алады, мағынансын түсінеді.	**Жекелеген оқушылар:** Теориялық алған білімдерін химиялық элементтер бойынша нақты деректер келтіреді, баламалы түсініктер береді және шығу жолдарын қарастыра алады.
Негізгі	**Пәндік құзыреттілік:** теориялық алған білімдерін практикалық тапсырмалар		

идеялар	орындауда қолдана білу және алынған нәтижелерді негіздей отырып, ұсынылған ақпараттардан металдар тақырыбын әртүрлі салада қолданылуы жөнінде мәліметтер табу. **Ақпараттық құзыреттілік:** қосымша ақпарат көздерімен жұмыс жасай білу, өз бетімен ізденуге, қажетті ақпараттарды сараптау және таңдай алу. **Коммуникативтік құзыреттілік:** топта жұмыс жасай білу, басқа оқушылармен қарым-қатынас пен өзара ынтымақтастықта бірлесе отырып, көздеген мақсатқа жету, қойылған міндеттерге ортақ шешім табу, орынды әрі дұрыс сұрақ қоя білу, мини-жобаны ұсыну және оны қорғай білу. **Өзіндік менеджмент құзыреттілігі:** проблемалық сұрақтарды шеше білу, тапсырмалардың күрделілігіне қарай саналы таңдау жасай білу.	
Көрнекі құралдар	Компьютер, плакат, таныстырылым, қосымша әдебиеттер, халат, бағалау парақтары. **Химиялық реактивтер:** Металдар, бейметалдар, химиялық элементтердің үлгілері.	
Үйге тапсырма	«ПЖ-нің адам өміріндегі маңызы» эссе 250 сөз	
Сабақ кезеңдері:	**Мұғалімнің іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**
Ұйымдастыру 2 мин	1.Сынып оқушыларын түгендейді, психологиялық ахуал жасайды. 2. Оқушыларды тақырып бойынша 2 топқа бөледі. 3. Оқушылармен бірлесе отырып, сабақтың мақсатын қояды. 4. Сабақтың жоспарымен таныстырады.	1. Оқушылар сабаққа дайын екенін байқатады. 2. Оқушылар химиялық элементтер бойынша 2 топқа бөлінеді. тақырып бойынша топқа бөлінеді, топ басшысы сайланады.
Сабақтың мақсаты, жоспары 3 мин	5. Топтағы оқушыларға теориялық тапсырмалар береді (металдар мен бейметалдардың ПЖ орны, реттік номері, протон, электрон және нейтрон саны): **1-топ:** Металдар **2-топ:** Бейметалдар	
Топтық жұмыс Теориялық бөлім 10 мин	6. Топтағы оқушыларға жұппен орындайтын практикалық тапсырмалар береді. Металдар мен бейметалдар үлгілерінбереді.	**1-топ:** Металдар **(Na, Ca, Mg, Au, Cu, Fr)** **2-топ:** Бейметалдар **(N, S, O, H, Cl, P)** Оқушылар сабақтың мақсатын мұғаліммен бірге қояды: химиялық элементтер арқылы өз ойларын білдіріп, сабақтың мақсатын мұғаліммен бірлесе қояды. Топ аттарының не себепті осылай аталуын түсіндіреді. 4. Сабақтың жоспары

<table>
<tr>
<td>

Жұптық жұмыс Практикалық бөлім
10 мин

</td>
<td>

7. Топтағы оқушыларға «Химиялық лабиринт» атты шығармашылық тапсырмалар береді.

</td>
<td>

таныстырылады.
Сабақтың жоспары:
1. Ұйымдастыру (5 мин)
2. Сабақтың 1-ші кезеңі – теориялық.
3. Сабақтың 2-ші кезеңі – практикалық
4. Сабақтың 3-ші кезеңі – шығармашылық
5. Бағалау
6. Қорытынды. Рефлексия.
Теориялық тапсырмалар: Әр топ кестені толтырады, тапсырманы орындап болған соң топ пен топ бір-біріне беріп, тексереді, бағалайды. Тақтаға іледі.
Топқа берілген химиялық элементтерді анықтау:

<table>
<tr><th>Химиялық элемент Chemical element</th><th>Реттік номері Serial number</th><th>Протон саны Proton number</th><th>Электрон саны Electronic number</th><th>Нейтрон саны Neutron number</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

Оқушылар жұппен практикалық тапсырма орындайды.
Топтағы әр жұп оқушы алдына металдар мен бейметалдар үлгілері таратылады. Интернет желісін пайдаланып, қасиеттеріне сипаттама береді: физикалық қасиеті (түрі, түсі, салмағы, тығыздығы) және химиялық формулаларын жазады: оксидтері мен күрделі қосылыстары.. Постер жасайды.
1-жұп: Алюминий
2- жұп: Мырыш
3-жұп: Натрий

</td>
</tr>
</table>

Топтық жұмыс Шығармашылық юөлім 10 мин **Рефлексия** 5 мин.	**4. Сабақты қорытындылау, рефлексия.**	**4- жұп:** Күкірт **5- жұп:** Темір **6- жұп:** Мы Оқушылар топтаншығармашылық жұмыс жасайды. **«Химиялық лабиринт»** 1. Негізгі топша элементі 2. Тұрақты валенттілігі бар элементтер 3. -s пен -p элементтер 4. А элементтер 5. Қызыл және сары түсті 6. Сілтілік Ме 7. Сілтілік жер Ме 8. Халькогендер 9. Галогендер 10. Инертті газдар 1. Қосымша топша элементі 2. -d мен –f элементтер 3. В элементтер 4. Көк және жасыл элементтер 5. Валенттілігі көбіне айнымалы 6. Пассивті элементтер 7. Ұялас элементтер 8. Лантанойдтар 9. Актинойдтар 10. Самородок металдар: алтын, күміс, платина
Бағалау 5 мин	Бағалау, қорытындылау, үйге тапсырма беру**.**	«Активатор» рефлексиясы 3- «таң қалдырды» 2- «орындадым» 1- «ұсыныс»
Stages of Lesson	**Teacher's activity**	**Students's activity**
Organization 2 min Lesson plan and aim 3 min	1. Take attendance and prepare psychologically 2. Students are divided into two groups 3. To define the aim of the lesson together with students 4. Students get acquainted with lesson plan	1. Students show that they are ready 2. Students are divided into two groups according to chemical elements **1-group: Metals (Na, Ca, Mg, Au, Cu, Fr)** **2-group: Non-metals (N, S, O, H, Cl, P)**

<table>
<tr>
<td>Group work
Theoretical part
10 min</td>
<td>5. Each group gets theoretical task that consists of metals, non-metals, place on periodic table, serial number, number of protons, electrons and neutrons):
1-group:Metals
2-group:Non-metals</td>
<td>Students define the aim of lesson with teacher, share their thoughts about chemical elements. They explain why their names are called in that way.
3. Get acquainted with lesson plan
Lesson plan:
1. Organization
2. 1st part of the lesson-theory
3. 2nd part of the lesson-practical
4. 3rd part of the lesson – creative
5. Assessment
6. Summary. Reflection</td>
</tr>
<tr>
<td>Work in pairs
Practical part
10 min</td>
<td>6. Students within group make a practical task in pairs. The samples of metals and non-metals will be given.</td>
<td>Theoretical task: Each group fill the table below, then they exchange with another group and check, assess. Put it on the board.
Identification of chemical elements:
<table>
<tr><th>Химиялық элемент
Chemical element</th><th>Реттік номері
Serial number</th><th>Протон саны
Proton number</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td>
</tr>
<tr>
<td>Work in pairs
Creativity task
10 min</td>
<td>7. Each group of students will be given a task called “Chemical labyrinth”</td>
<td rowspan="2">Students perform a practical task.
Each pair of students get samples of metals and non-metals. By using the Internet they will write about: physical properties(color, weight, density) and chemical formulas(oxides and complex compounds). Then make a poster:
1-pair: Aluminium
2-pair: Zinc
3-pair: Sodium
4-pair: Sulfur
5-pair: Iron
6-pair: Copper

7.Students perform creativity task called “Chemical labyrinth”
1. Element of the main group
2. Elements with stable valence
3. –s and –p elements
4. A elements</td>
</tr>
<tr>
<td>Reflection
5 min</td>
<td>8. Summary of the lesson, reflection</td>
</tr>
</table>

		5. Red and yellow in color 6. Alkali Metals 7. Alkali Earth metals 8. Chalcogens 9. Halogens 10. Noble gases 1. Elements of the additional group elements 2. –d and –f elements 3. B elements 4. Blue and green elements 5. Variable valence 6. Passive elements 7. Uyalas elements 8. Lanthanoids 9. Actinoids 10. Gold, Silver, platinum elements

«Химия» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: мазмұнды талдау, мәтін және басқа басылымдардағы негізгі ойды ерекшелеу; негізделген қорытынды жасау үшін жиналған материалдарды салыстыру, қарама-қарсы қойып қарау және сәйкестендіру.

Жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: берілген жағдайды сараптау негізінде іс-әрекет жоспарын құру және тәжірибені жобалау; химиялық тәжірибе қорытындыларын жазбаша формада есеп жазу немесе таныстырылым түрінде сауатты рәсімдеу.

Айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: академиялық тілді химиялық түсініктер мен терминдерде дұрыс қолдану;

- есепті қорғау барысында қорытынды және тұжырымдамаларға ауызша негіздеме бере алу;

-эксперименттік есептерді шешу үшін таңдап алған әдісін және тәсілдерін түсіндіру; талқылауларға қатысу және өз көзқарасын қорғай білу.

Тыңдалым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

-қорытындылар мен тұжырымдарға негіздеме жасау үшін академиялық тілді түсіну және жинақтаған білімдерін сауатты қолдану;

- IUPAC номенклатурасын түсіну және химиялық формулаларды құрастыру үшін еркін пайдалану.

Оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: жазбаша ақпарат көздерімен жұмыс: анықтамалар, энциклопедиялар, көрнекі және терминологиялық сөздіктер, ғылыми-танымдық журналдар, мерзімді әдебиеттер, ғаламтор ресурстарымен жұмыс; зерттеліп отырған тақырыптан тысқары ғылыми көзқарасты кеңейту; қарастырып отырған тақырып бойынша тірек-конспектілер, кестелер құрастыру.

Жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: зерттеу барысында жазба (бақылау, көрсету және тәжірибелер) жүргізу; ақпаратты

сурет, сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсыну; зерттеу барысында алынған деректерді пайдалана отырып нәтижелердің сипаттамасын жасау; қорытынды жазу.

Билингвалді сәйкестендіру – химияны екі тілде оқытуда химиялық элементтер, заттар, құралдардың атауын қазақ тілінде және ағылшын тілінде сәйкестендіріп табу. Бұл әдістің қарапайым сөздікпен аударғаннан айырмашылығы кестелер мен сызбанұсқалар арқылы қазақша баламасының мәліметтерімен салыстыру арқылы аудармасын жаттай алады. Билингвалды салыстыру кезінде оқушы химия тілінде символдардың, терминдердің, номенклатураның бір мезгілде қазақ және ағылшын тілінде атап, көрсетуіне болады [14]. Мысалы:

1. Көміртек ежелгі уақытта көмір түрінде металдарды қорытуда қолданылған. Carbon is the chemical element with atomic number 6.

2. Күкірт жер қыртысында таралуы жөнінен 16-шы орынды алатын элемент. Sulfur means «yellow».

3. Оттек – Жерде ең кең тараған элемсент. Oxygen means «I bring forth acid», as it was believed to be an essential component of acids.

4. Хлор-реттік нөмірі 17-ге тең химиялық элемент. Chlorine (from Greek chlorós) means «yellowish green» or «greenish yellow», because of the color of the gas.

Бұл тапсырманы орындаған кезде білім алушылар атаулардың және символдардың арасында ауысып отыруды жүзеге асыра алады.

Контексті алмастыруды химиялық формулаларды, теңдеулерді, терминологияны және номенклатураны зерттеуде қолдана алады. Сонымен, «Химиялық реакция теңдеулері» тақырыбы бойынша білімді жинақтау және бекіту сабағында білім алушыларға келесі тапсырма берілуі мүмкін: реакция теңдеулерін құрыңыз, заттардың атауын химиялық формулаларымен ауыстырыңыз, бос орындарды толтырып, коэффициенттерді қойыңыз:

1. carbon + oxygen → carbon (IV) oxide
2. phosphorus + chlorine → хлорид фосфора (V)
3. sulfur (VI) oxide + water → sulfuric acid
4. sulfuric acid + iron → сульфат железа (II) + hydrogen
5. гидроксид магния → magnesium oxide + …
6. азотная кислота + iron (III) oxide → … + …

Жауабы:

1. $C + O_2 \rightarrow CO_2$
2. $2P + 5Cl_2 \rightarrow 2PCl_5$
3. $SO_3 + H_2O \rightarrow H_2SO_4$
4. $H_2SO_4 + Fe \rightarrow FeSO_4 + H_2$
5. $Mg(OH)_2$ $MgO + H_2O$
6. $6HNO_3 + Fe_2O_3 \rightarrow 2Fe(NO_3)_3 + 3H_2O$.

Мұндай тапсырма заттардың атаулары мен олардың формулаларын жаза білуге, сондай-ақ заттар мен теңдеулердің атаулары мен коэффициенттерін дұрыс қоюға үйретеді. 15-кестеде қысқаша химиялық терминология ұсынылады.

15-кесте – Қысқаша химиялық терминология

«Химия» ғылымы	наука «Химия»	Science “Chemistry”
Қауіпсіздік техникасы	техника безопасности	Safety rules
Зат	вещество	Substance
Таза зат	чистое вещество	Pure substance
Қоспа	смесь	Mixture
Химиялық зертхана	химическая лаборатория	Chemical laboratory
Физикалық және химиялық құбылыстар	физические и химические явления	Physical and chemical phenomenon
Заттардың агрегаттық күйлері	агрегатные состояния вещества	state of aggregation of matter
Бөлшектер теориясы	теория частиц	Theory of particles
Сұйық заттар	жидкое вещество	Liquid substance
Қатты заттар	твердое вещество	Solid substance
Газтәрізді заттар	газообразное вещество	Gaseous substance
Бөлшектер қозғалысы	движение частиц	Particle motion
Температура	температура	Temperature
Жылу энергиясы	тепловая энергия	Heating energy
Жылу саны	количество теплоты	Amount of heat
Қайнау үдерісі	процесс кипения	Boiling process
Қисық қыздыру	кривая нагревания	heating curve
Салқындау үдерісі	процесс охлаждения	Cooling process
Қисық салқындату	кривая охлаждения	cooling curve
Булану үдерісі	процесс испарения	Evaporation process
Атом	атом	Atom
Молекула	молекула	Molecule
Химиялық элемент	химический элемент	Chemical element
Электрон	электрон	Electron

GLIL технологиясының тиімділігі:

- ағылшын тілінде химия пәні бойынша халықаралық зерттеулерге қатыса алады;

- шетел университеттеріне оқуға түсу мүмкіндігі:

1. Англияда емтихандарға арналған нұсқалар:

GCSE, IGCSE, GCE, A-Level, IB, AP.

2. Құрама Штаттардағы нұсқалар:

SAT, SAT II, AP.

Химия сабақтарында білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жүйелі түрде қолданылады.

Химиялық сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушылар арасында ақпаратты іздеуді қалыптастыруға мүмкіндік береді: белгілі бір мәселені шешу үшін қажетті ақпаратты жинай білу, оларды талдау, проблемаларды шешу үшін гипотезаны енгізу, қажетті қорытындылар жасау, ұқсас немесе балама шешімдермен салыстыру, статистикалық үлгілерді құру.

Химия сабағында мультимедиялық технологияларды қолдану заттарды, химиялық реакциялардың жүру механизмін, қосылыстарды жіктеуде өте таптырмас әдіс болып табылады. Мұндай әдіспен оқуда білім алушылар білімді тікелей алып қана қоймай, қажетті ақпаратты өздері алып, өз бетінше жұмыс жасай алады. Интерактивті тақта көрнекілік пен ақпаратқа толы, қызығушылықты арттыратын, сонымен қатар уақытты үнемдеуде, үй тапсырмаларын тексеруде уақыт үнемдеуге, молекулаларды жобалау арқылы химиялық реакцияларды зерттегенде, химиялық байланыстың түрлерін сипаттауда тиімді құрал болып есептеледі.

Химия пәнінде келесідей әдістерді қолдануға болады:

– презентация-сабақ;

– виртуалды эксперимент;

– электронды тестілеу;

– Интернет-ресурстарды пайдалану.

Химия сабақтарында демонстрация материалы өте қажет. Интернеттің және проектордың көмегімен мұғалім химиялық күрделі экспериментті экрандық бейнеде, молекулалар мен атомдардың құрылымын, химиялық аппарат жұмысын көрсете алады. Интернет-ресурстарын пайдалана отырып, білім алушылар өздері презентация жасауға болады.

Химия сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

• білім алушының өзіндік жұмысы;

• аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;

• білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;

• шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;

• қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

• қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

• экономикалық тиімділігі;

• іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

• қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі.

Білім беру саласындағы көп қолданылып жүрген АКТ құралдары:

– интерактивті тақта;

– мультимедия;

– интернет кеңістігі;

– электронды оқулық.

Жоғарыда аталған ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары білім алушының:

– еркін ойлауына;

– ақыл-ойын дамытуға;

– шығармашылық белсендігін арттыруға;

– ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеуге;

– тіл байлығын жетілдіруге;

– жан-жақты ізденушілігін арттыруға мүмкіндік береді.

АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында білім алушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Мысалы «Қышқылдар» тақырыбын презентация арқылы өрнектеуге болады (8-9-суреттер):

8-сурет. «Қышқылдар» тақырыбы

Қышқылдардың оттекті және оттексіз қышқылдар болып жіктелуін келесі слайдпен көрсетуге болады.

9-сурет. Қышқылдардың жіктелуі

PDF-презентациялар химия сабақтарында АКТ технологиясын қолданудағы ең тиімді әдіс. Оны сабақтың басында да, ортасында да, соңында да қолдануға болады.

Сонымен қатар, мысалы, интерактивті тақта арқылы элементтердің электрондық формулаларын көрсетуге болады, бұл білім алушылардың есте

сақтауына үлкен ықпал етеді. Төмендегі суретте химиялық элементтердің электрондық формулаларын берілген.

I период			
Элемент №	Химиялық таңба	Элементтің атауы	Электрондық формуласы
1	H	сутек	$1s^{1}$
2	He	гелий	$1s^{2}$
II период			
3	Li	литий	$1s^{2}2s^{1}$
4	Be	бериллий	$1s^{2}2s^{2}$
5	B	бор	$1s^{2}2s^{2}2p^{1}$
6	C	көміртек	$1s^{2}2s^{2}2p^{2}$
7	N	азот	$1s^{2}2s^{2}2p^{3}$
8	O	оттек	$1s^{2}2s^{2}2p^{4}$
9	F	фтор	$1s^{2}2s^{2}2p^{5}$
10	Ne	неон	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}$
III период			
11	Na	натрий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{1}$
12	Mg	магний	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}$
13	Al	алюминий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{1}$
14	Si	кремний	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{2}$
15	P	фосфор	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{3}$
16	S	күкірт	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{4}$
17	Cl	хлор	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{5}$
18	Ar	аргон	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}$
IV период			
19	K	калий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{1}$
20	Ca	кальций	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}$
21	Sc	скандий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{1}$
22	Ti	титан	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{2}$
23	V	ванадий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{3}$
24	Cr	хром	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{1}3d^{5}$
25	Mn	марганец	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{5}$
26	Fe	темір	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{6}$
27	Co	кобальт	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{7}$
28	Ni	никель	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{8}$
29	Cu	мыс	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{1}3d^{10}$
30	Zn	мырыш	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}$
31	Ga	галлий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{1}$
32	Ge	германий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{2}$
33	As	мышьяк	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{3}$
34	Se	селен	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{4}$
35	Br	бром	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{5}$
36	Kr	криптон	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{6}$

37	Rb	рубидий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{6}5s^{1}$
38	Sr	стронций	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{6}5s^{2}$
39	Y	иттрий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{6}5s^{2}4d^{1}$
40	Zr	цирконий	$1s^{2}2s^{2}2p^{6}3s^{2}3p^{6}4s^{2}3d^{10}4p^{6}5s^{2}4d^{2}$

41	Nb	ниобий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^4$
42	Mo	молибден	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^5$
43	Tc	технеций	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^5$
44	Ru	рутений	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^7$
45	Rh	родий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^8$
46	Pd	палладий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^0 4d^{10}$
47	Ag	күміс	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^{10}$
48	Cd	кадмий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10}$
49	In	индий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^1$
50	Sn	қалайы	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^2$
51	Sb	сурьма	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^{22} 4d^{10} 5p^3$
52	Te	теллур	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^4$
53	I	йод	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^5$
54	Xe	ксенон	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6$
		VI период	
55	Cs	цезий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^1$
56	Ba	барий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2$
57	La	лантан	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 5d^1$
58	Ce	церий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^2$
59	Pr	празеодим	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^3$
60	Nd	неодим	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^4$
61	Pm	прометий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^5$
62	Sm	самарий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^6$
63	Eu	европий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^7$
64	Gd	гадолиний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^7 5d^1$
65	Tb	тербий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^9$
66	Dy	диспрозий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{10}$
67	Ho	гольмий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{11}$
68	Er	эрбий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{12}$
68	Tm	тулий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{13}$
70	Yb	иттербий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14}$
71	Lu	лютеций	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^1$
72	Hf	гафний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^2$
73	Ta	тантал	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^3$
74	W	вольфрам	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^4$
75	Re	рений	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^5$
76	Os	осмий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^6$
77	Ir	иридий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^7$
78	Pt	платина	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^1 4f^{14} 5d^9$
79	Au	алтын	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^1 4f^{14} 5d^{10}$
80	Hg	сынап	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10}$
81	Tl	таллий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^1$
82	Pb	қорғасын	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^2$
83	Bi	висмут	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^3$
84	Po	полоний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^4$
85	At	астат	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^5$
86	Rn	р□дон	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^1 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6$
		VII период	
87	Fr	франций	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^1$
88	Ra	радий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2$
89	Ac	актиний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 6d^1$

90	Th	торий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 6d^2 5f^0$
91	Pa	протактиний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^2 6d^1$
92	U	уран	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^3 6d^1$
93	Np	нептуний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^4 6d^1$
94	Pu	плутоний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^5 6d^1$
95	Am	америций	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^7$
96	Cm	кюрий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^7 6d^1$
97	Bk	берклий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^8 6d^1$
98	Cf	калифорний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{10}$
99	Es	эйнштейний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{11}$
100	Fm	фермий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{12}$
101	Md	менделеевий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{13}$
102	No	нобелий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14}$
103	Lr	лоуренсий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^1$
104	Rf	резерфордий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^2$
105	Db	дубний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^3$
106	Sg	сиборгий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^4$
107	Bh	борий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^5$
108	Hs	хассий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^6$
109	Mt	мейтнерий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^7$
110	Ds	дармштадтий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^8$
111	Rg	рентгений	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^9$
112	Cn	коперниций	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10}$
113	Nh	нихоний	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^1$
114	Fl	флеровий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^2$
115	Mc	московий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^3$
116	Lv	ливерморий	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^4$
117	Ts	теннессин	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^5$
118	Og	оганесон	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^{10} 4p^6 5s^2 4d^{10} 5p^6 6s^2 4f^{14} 5d^{10} 6p^6 7s^2 5f^{14} 6d^{10} 7p^6$
			eng-
s-элементтер	p-элементтер	d-элементтер	f-элементтер

Дереккөз: http://allhimikov.net/electron/01.html

10-сурет. Химиялық элементтердің электрондық формулалары

Білім берудің жаңартылған мазмұны аясында интерактивті оқыту әдістеріне көбірек көңіл бөлу ұсынылады.

Қазіргі кездегі инновациялық әдістердің негізгі түрлерінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Бұл оқыту әдісінің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті оқуда/оқытуда мұғалім бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге, сабақты түсіндіруге жұмсамай,

білім алушылардың бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдайлар жасайды, яғни бағыт береді.[15].

Интерактивті оқыту бірқатар міндеттерді шешеді:

– коммуникативті біліктер мен дағдыларды дамытады;

– білім алушылар арасында эмоционалдық байланысты дамытады;

– ақпараттық мәселелерді шешеді;

– жалпы оқу біліктері мен дағдыларын дамытады (талдау, жинақтау, мақсаттар қою және т.б.), яғни білім беру міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді;

– бірлесіп жұмыс істеуге, өзгенің пікірін тыңдай білуге үйретеді, сондықтан тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістің келесі түрі бір түрі – ол кластер [16].

Ағылшын тілінен аударғанда «кластер» – ұяшық, латын тілінен – бір шоқ, түйін, жұлдыздар тобы деген мағынаны білдіреді. Білім беру саласындағы кластер – бұл кез келген ұғымның мағыналық өрісін көрсетуге арналған материалды графикалық ұйымдастыру болып саналады.

Химия сабақтарында кластер құрастыру білім алушылардың қандай да бір тақырып бойынша еркін және ашық ойлауына мүмкіндік береді. Білім алушы парақтың орта тұсына негізгі ұғымды жазады, одан жан-жаққа осы сөзді басқа түсініктермен жалғастыратын сәулелі-нұсқағыш сызықтар сызады.

Кластерді химия курсының түрлі тақырыптарын оқу барысында, сабақтың кез келген кезеңінде, мысалы, ойлау қызметін ынталандыру, қолда бар ақпаратты жүйелеу және білімнің жеткіліксіз салаларын анықтау үшін ойлануға шақыру кезеңінде қолдануға болады.

Кластерлер (кластер – «бір шоқ»), мәтіннің мағыналық бірліктерін белгілеу және оларды белгілі бір тәртіпте графикалық ресімдеу.

Оқу мақсаттарына қарап химия мәселелері бойынша білім алушыларды қызықтырумен қатар, олардың танымдық белсенділігін арттыруға, аналитикалық дағдыларды дамытуға, жаһандық проблемалар туралы білімді кеңейтуге және оларды шешудің әдістерін жасау дағдыларын қалыптастыруға назар аудару қажет.

Бала өздігінен жаңа білімдер алуға, қажетті ақпараттарды жинауға, гипотезалар ұсынуға, қорытындылар жасауға және ой қорытуға үйренуі керек. Мұғалімнің оқушыға білім, білік дағдыларын беру қарапайым міндеттердің орынына, мектептік білім берудің басым мақсаты оқушының өздігінен оқу мақсаттарын қою қаблітін дамыту, оларды жүзеге асыру жолдарын жобалау, өздерінің жетістіктерін бақылау және бағалау, басқаша айтқанда үйрене білу болып отыр.

Нақты жағдайлар негізінде сабаққа дайындалған кезде әр жағдай сайын өзара байланысты екі мәселені шешуге тура келеді: қойылған шарттарға сәйкес қандай материалды іріктеу және оны қандай ретпен баяндау керек. Білім алушылардың толыққанды оқу іс-әрекетін ұйымдастыру идеясы материалдың мазмұнын іріктеу мен оны бағалау критерийінің негізі болып табылады. Оны жүзеге асыру мазмұнның логикалық баяндалуы қажеттілігін қамтамасыз етеді, бұл ретте кез-келген оқылатын материал бұрынғы өткенге негізделеді және

келесіге негіз болып табылады; жаңа игерілетін әрекет тәсілдері өткендердің жалғасы және келесілердің бөлігі болып табылады. [15]

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерінің ішінде осы кластер әдісі бөлімді жүйелеу үшін де тиімді болып табылады.

Кластерді сабақтың басында тірек ретінде қолдануға болады. Мысалы, «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» тақырыбында жақсы кластер құруға болады. 11-суретте «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» құрылған кластер берілген.



11-сурет. Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластар»

Алынған білімді пысықтау кезеңінде Синквейн технологиясын қолдануға болады. «Синквейн» сөзі француз тілінен аударғанда бес деген мағынаны білдіреді. Синквейн – бес жолдан тұратын өлең. Білім алушыларды синквейнмен таныстыруды ең қарапайым өлеңнен бастауға болады, мысалы:

1-жол – синквейннің атауы – тақырыптың басты идеясын көрсететін, негізінен бір сөзден тұратын зат есім болады;

2-жол – негізгі ойды сипаттайтын екі сын есім (мысалы, элементтің физикалық қасиеттері және т.б.);

3-жол – тақырып аясындағы іс-әрекеттерді суреттейтін үш етістік (мысалы, элементтің химиялық қасиеттері және т.б.);

4-жол – синквейн тақырыбына байланысты фраза;

5-жол – тақырыптың мәнін бейнелейтін бірінші жолмен байланысты зат есім (осы заттардың өмірдегі маңыздылығы) [17].

Бұл ақпараттық нақтылықпен өзара тиімді әрекет жасауға мүмкіндік беретін, ойлау стратегиялары мен коммуникативтік қасиеттер жүйесі. Синквейн құру арқылы балалар сабақтың барлық кезеңдерін ой елегінен өткізе алады.

Синквейннің мысалы:

Сутек

Жеңіл, ұшпалы (физикалық қасиеті).

Жанғыш, қалпына келеді, тотықтанады (химиялық қасиеттері).

Сутек өмірдің негізі! (маңызы).

Қажетті!

«Көпатомды спирттер» (9-сынып) тақырыбына арналған синквейннің тағы бір түрінен мысал келтірейік:

1. Глицерин
2. Тәтті, қою
3. Ериді, тартады, сақтайды
4. Шәрбаттәрізді сұйықтық
5. Үшатомды спирт.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Ойын – балаларға да, ересектерге де тән іс-әрекет түрі, сондықтан бұл әдістің оқу процесінде пайдаланылуы бұрыннан белгілі, алайда бұл іс-әрекеттің жаратылыстану ғылымдары негіздерін тану қызығушылығын арттыруға ықпал ететін аспектілерін қолдану маңызды болып табылады. Сонымен бірге, зерделенетін материалды байыпты және терең қабылдау жүзеге асуы тиіс. Ойын әдісі химия сабақтарындағы оқытудың интерактивті технологиясы ретінде әр кезде емес, жүйелі түрде кеңінен қолданылуы тиіс. Әр түрлі ойын жағдаяттарын жүйелі және мақсатты түрде пайдалану баланың тұлғалық қасиеттерін өзгертуде де, жалпы оқыту және оқу қызметінің нәтижелі болуында да нақты нәтижелер бере алады. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді [18].

Сабақ барысындағы ойын – кешенді ақпарат тасушы болып табылады. Ойын процесінде ойын жағдаятының сұранысы бойынша зерденің ассоциативті, механикалық, көру және басқа да түрлері жұмыс жасайды. Осылайша, ойын бір жағынан әр сабақта көрініс таба отырып оқу курсын толық, екінші жағынан – қажетті практикалық іс-әрекетті шеттетпей, оның шамамен беске жуық бөлігін қамтиды. Білім алушылардың сабақтағы танымдық іс-әрекетінің белсенділігі, сонымен қатар ойын арқылы жұмыс барысындағы бәсекелестік, бір-бірімін қарым-қатынас жасау, уақытты үнемді пайдалану жүзеге асырылады және пәнге деген қызығушылығы артады.

Ойын барысында білім алушының ойлау және қиял ерекшеліктері, қарым-қатынас қажеттілігін белсендіретін, дамытатын сезімі айқын байқалады. Қызықты ойын баланың ойлау қабілетін жоғарылатады, бұл оның дәстүрлі сабақтарға қарағанда неғұрлым қиын тапсырмаларды орындауына жағдай жасайды. Ойын әдісі бақылау жүргізу, әңгімелесу, өздік жұмыс орындау тәрізді іс-әрекеттермен үйлесімде жақсы нәтиже береді. Тәжірибе көрсеткендей, ойын

жағдаяттарын қолданып өткізген химия сабақтары оқу процесін қызықты қыла отырып, білім алушылардың танымдық қызығушылығының белсенді болуына ықпал етеді. Бұндай сабақтарда шығармашылық элементтері және еркін таңдауы бар ерекше көңіл-күй пайда болады. Топпен жұмыс жасай білу білігі дамиды, ал оның жеңісі әр қатысушының жеке күш-жігеріне байланысты болады. Бұл білім алушының ұялшақтығын және өз күшіне сенімсіздігін жеңе білуді талап етеді [18].

Ойын іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке, жұптық, топтық, ұжымдық түрлерін атап көрсетуге болады.

• Ойынның жеке формасына адамның өзімен-өзі немесе түрлі заттармен және белгілермен ойнауын жатқызуға болады.

• Дара немесе жекелеген форма – бұл бір ойыншының қойылған мақсатқа қол жеткізуге тікелей немесе кері байланысы бар іс-әрекеттерінің жүйесі.

* Жұптық форма – бұл, жарыс немесе бәсекелестік жағдайындағы екі адамға арналған ойын.

* Топтық – бұл, жарыс жағдайында бір мақсатқа жетуді көздейтін, үш немесе одан да көп қарсылас болатын ойын.

* Ұжымдық форма – бұл, жекелеген ойыншылардың арасындағы жарысты қарсыластар командасы ауыстыратын топтық ойын.

Ойын түрлерін қарастырайық:

«Химиялық құпия жазу» ойыны.

Ойынның мақсаты: химиялық элементтер мен олардың таңбаларын есте сақтауды жеңілдету.

Ойын атрибуттары: химиялық элементтер мен олардың таңбалары жазылған текше карталар.

Тапсырма: тікбұрыштарды (элементтің атауы) неғұрлым тезірек сәйкес келетін текшені (химиялық таңба) сызықпен жалғастыру.

Кім ілгерірек?

Ойынның мақсаты: химиялық элементтер мен заттардың атауларын, олардың металдар мен бейметалдарға, жекелеген топтарға және т.б. бөлінуін есте сақтау процесін белсендендіру.

Тапсырма: химиялық терминдерді (металл немесе бейметалл, қарапайым немесе күрделі заттардың атауы және т.б.) ретімен атау және бір адым алға аттау. Қатесіз және қайталаусыз жауап берген ойыншы жеңімпаз болады.

«Қалып қойғанды қалпына келтір» ойыны.

Ойын алаңының торларында химиялық элементтердің белгілері жазылған, кейбіреулері жоқ. Егер:

1. шаршының периметрі бойында тек басты топшалардың және тек металдардың таңбалары;
2. жоғарғы және төменгі қатарларда электрондардың саны атом элементтерінің ішкі энергетикалық деңгейінде заңдылықпен ауысатын;
3. ортадағы қатарда - II топ элементтерінің белгілері;
4. солдан оңға қарай диагональ бойымен амфотерлі тотықтардың және гидрооксидтердің элемент белгілері жазылған болса.

Қалып қойған таңбаларды жазыңдар, жауаптарыңды дәлелдеңдер.

Al	?	K
?	Zn	Ca
Li	Mg	?

«Шаршы-нөлдер» ойыны.
Тұздардың дұрыс қатарын сызып тастаңдар.
Тұздарды қандай белгілері бойынша жіктеуге болады?

$NaNO_3$	KCl	Na_2SO_4
NaHS	$MgCO_3$	Na_2SiO_3
Na_3PO4	Cu(OH)Cl	$Zn(OH)NO_3$

Пазл (ағл. puzzle) – тең емес бөліктерден сурет құрастыратын балалар ойыны [19].

Бұл әдіс бойынша тапсырмалардың орындалуын ойын түрінде өткізуге болады. Оқыту барысында өтілген материал карточкаларға жазылады, бірақ әрбір карточкада келесісін іздеуге бағытталған мәлімет болуы тиіс.

Химия сабағында периодтық кестемен жұмыс жасағанда, анықтамаларды бекітуде, қайталау сабақтарында қолдануға болады, ол жеке не топтық жұмыс болуы да мүмкін. Мысалы, «Оксидтер» тақырыбында дәріс сабағының рефлексия бөлімінде «Пазл» ойынын жүргізуге болады. Білім алушыларға бір тапсырманың өзін үш карточка арқылы беруге болады. 1-ші текше картада – заттың физикалық қасиеттері берілсе; 2-ші текше картада – заттың химиялық қасиеттері; 3-ші карточкада – қосылысты айқындайтын белгілер арқылы қысқа жазылуы.

«Футбол» ойыны. Қақпашы (сұрақтарға жауап береді). Қорғаушы 2-3 адам (жауаптарды дайындайды). Шабуылдаушы (сұрақтар қояды).

«Эстафета» ойынында топ мүшелері тақырыпқа сәйкес жарысады. Мысалы, екі бағанға химиялық элементтердің атауын жазады.

Химия пәнінен «Бір тамшы судың саяхаты» атты ертегі немесе шағын көріністің сценарийін ойлап табуға болады. Бұл тапсырмада судың физикалық және химиялық қасиеттері, табиғаттағы су айналымы және бұл процестегі өсімдіктердің рөлі қарастырылады.

«Кубизм» арқылы оқыту. Мұнда білім алушылар кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Берілген затты жан жақты талдайды, талқылайды, сипаттайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім қосады:

- сипаттау (заттың түрі, түсі, физикалық қаситеттері);
- салыстыру (ұқсастығы, айырмашылығы);
- ұсыну (алынуы, пайдаланылуы);
- дәлелдеу (қарсы және қарсы емеспін);
- талдау (химиялық қасиеттері);

- ой толғау (өнеркәсіптік маңыздылығы, қажет пе, қажет емес пе?).

Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасауға болады. Кубиктің әр қырына түсіндіріңіз, суреттеңіз, зерттеңіз, талдаңыз, қолданыңыз, салыстырыңыз деген сияқты жұмыс атауларын да жазуға болады.

«РАФТ» әдісі – жеке жұмыс, жұпта немесе топтық жұмыс ретінде ұсынуға болады. Ол сыныптың қабілетіне байланысты. Білім алушы қандай да бір объектіні алып, сол рөлге еніп өз ойын жазады. Бұл стратегияны қолдануда бала сол зат туралы ойын жазба түрде, өз атынан хабарлайды. Мысалы:

«Менің атым – «Оттек». Мен алтыншы топта тұрамын, реттік нөмірім 8, мен – иіссіз, түссіз, дәмсіз газбын. Жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың тыныс алуына қатысамын, менсіз ешқандай тіршілік иесі өмір сүре алмайды».

Р – рөл –оқушы;

А – аудитория – адамдар;

Ф – форма (хат, хабарлама, т.б. өз қалаулары бойынша);

Т – тақырып.

«Химиялық ширату» білім алушылардың зейінін дамытуға жақсы әсер етеді, себебі оқу мақсаты бойынша оқушылар әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленуін біледі, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктейді. Бұл әдіс бойынша мұғалім кез келген 7 элементтің атын атайды, оқушылар карточкадан сол элементті тауып, жылдам жоғары көтеріп, оқылуын айтады. Осылайша оқушыларда біріншіден пәнге деген қызығушылық қалыптасады, екіншіден элементтердің таңбасын еске сақтайды. Бұл жұмысты былай түрлендіріп, мынадай тапсырма беруге болады:

Карточкада берілген элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктеу, химиялық элементтің оқылуына назар аудару:

N, Li, Ca, H, P, K, O, S, Na.

«Шағын әңгіме құру» тәсілі арқылы оқушылардың химиялық терминдерді қолданып, әңгіме құруына мүмкіндік беріледі. «Атомның құрамы мен құрылысы» тақырыбының оқу мақсаты: протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу.

Сабақ соңында оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты түсінгендігін «Шағын әңгіме құру» тапсырмасын беру арқылы тексеруге болады.

Тапсырма: "Химиялық элементтердің атом құрылысы" атты шағын әңгіме құрастырыңыздар:

1. Химиялық элемент
2. Изотоптар
3. Ядро заряды
4. Электрон
5.Нейтрон
6.Протон
7. Металл
8. Бейметалл
9.Атомдық масса
10. Энергетикалық деңгей

Оқушылар осы сөздерді пайдаланып мынадай шағын әңгіме құрады:

«Оттек - бейметалл. Оттек екінші энергетикалық деңгейде орналасқан. Оның ядро заряды +8, электроны -8; Атомдық массасы 16-ға тең. Ядросында 8 протон, 8 нейтрон бар. Оттектің изотопы-озон.

«Джиксо» әдісі – ұжымдық оқыту әдісі. Оның мақсаты: жалпы мәселені алдымен жұпта сосын ұжымда талқылау. Оқушыларды 4 топқа бөліп отырғызады – бұл бастапқы топтар деп аталады. Тақырыптың мәтіні немесе тапсырма 4 бөлікке бөлініп дайындалады. Бірдей мәтін бөлігін алған оқушылар енді жинала қалып, өздерінің эксперт топтарын құрады, сөйтіп мәтіннің бірдей бөліктерін талдайды. Мысалы, 9-сыныпта «Алюминий және оның қосылыстары» тақырыбын алсақ, төрт логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін мысалы, физикалық қасиеттерін бірлер, 2-бөлігін, химиялық қасиеттерін екілер, 3-бөлігін, табиғаттағы қосылыстары туралы үшіншілер, 4-бөлігін, өнеркәсіптік маңызын – төртінші топқа бөлінетін оқушылар алады. Бастамас бұрын бастапқы топтардағы мәтінді мұқият меңгеру қажет, себебі эксперт топтарға түсіндіруге жауапты екенін түсіну керек. Келесі кезекте бастапқы топтар қайта табысып, оқып-үйреніп келген бөліктерінің мазмұнын ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлануға үйренеді [20].

«Джигсо» стратегиясы тақырыптың мазмұнын жақсы меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді әдіс болып табылады.

«Екі жақты күнделік» әдісі – білім алушыларға парақтар таратылып беріледі. Мәтінді оқиды да оқушылар парақтың оң жағына – мәтіннің өте әсерлі болған тұстарын жазады, ал сол жағына әсер еткен үзінділер жайлы пікірін жазады.

Күнделікті толтырып болғаннан кейін, оны жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. Талқылау аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған сұрақтарын қояды. Ол сұрақтар оқығанға баға беру, пікірін, көзқарасын білдіруге лайықталып қойылуы тиіс. Мысалы:

– Сіздің ойыңызда не сақталып қалды?

– Бұл затты өндіру қажетпе әлде қажет емес пе?

– Мәтінді меңгеруде қиын тұстары болды ма?

Мысалы:

Маңызды фраза	Не үшін маңызды

«Мозаика».

Мақсаты:

Сұрақтар топтамасымен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік туғызу.

Ұйымдастыру:

Мұғалім оқушыларды сынып бойынша үш-төрттен орналастырады.

Жаттығудың сипаттамасы:

«Мозаиканың» басымдылығы – оның топты жұмыс істеу үшін құрылымдауы, ол сондай-ақ сөйлеуге және тыңдауға мүмкіндік береді.

• Мұғалім барлық сыныпты шағын топтарға бөледі (топта шамамен төрт оқушыдан). Мұғалім мұндай бастама арқылы барлық топтарда сыныптың барлық мүмкіндіктері мен қарым-қатынасын көрсетеді.

• Бастапқы топқа жалпы тапсырма беріліп, үлестірме материал ұсынылады. Оқуға арналған материал күрделі емес, әрі көлемі шағын болуы керек. Егер топта төрт оқушы болса, онда топқа арналған негізгі тапсырманың ішінде төрт сұрақ немесе тапсырма беріледі. Әр топта сұрақтар мен тапсырмаларды оқушылар өздері бөледі.

• Ортақ проблемамен жұмыс істеу үшін, барлық оқушылар өз сұрақтары немесе тапсырмаларына сәйкес сарапшы топ болып, қайта топталады. Талқылау соңында әр оқушы өз сұрағы бойынша сарапшыға айналады, себебі сарапшы топта басқа оқушылармен ол сұрақты талқылады.

• Бастапқы топ қайта құрылады. Тарату басталады. Бастапқы топқа соңғы тапсырма беріледі. Бұл шешім немесе жаңа тапсырма болуы мүмкін. Бұл жаттығудың шешуші мәні – тапсырманы аяқтау үшін оқушылардың бастапқы топтың біріккен «даналығын» құруы болып табылады [21].

«Жобалық әдіс».

Джон Дьюидің айтуынша жобалық әдіс бойынша оқытуды «жасау арқылы оқыту» деген болатын, оқушы белсенді танымды үдерісіне қатыстырылып, оқудың күрделілігін өз ойын тұжырымдап айтады, керекті мәліметтерді жинақтайды, қиын проблемалардың шешу жолдарын қарастырады, өз ісіне талдау жасай алады, жаңа білімді «кірпіштеп» жинап жаңа өмірлік тәжірибе жинақтайды. Бұл әдіс оқытудың дарынды балалармен жұмыстың әр түрлі даму кезеңінде, материалдың қиындығына байланысты қолданыс табады. Бұл әдіс әр пәннің ерекшелігіне қарай икемделеді [22].

Жобалық әдіс бағдар беру технологиясына жатады. Бұл технологияны сабақта қолдану білім алушылардың шығармашылық, танымдық процесстерінің артуына алып келеді. Оқушылардың қызығушылық дәрежесіне қарай жоба қорғауына ұсыныс жасалады, ол өз кезегінде талдау жасау және практикалық есептің шешімін зерттеулер жүргізіп қорытындысында өз ойын баяндамамен қорғайды. Мұндай оқыту формасы дарынды балаға мазмұнға сай бөлімінде білімін тереңдетіп дамытуға септігі зор. Бұл жағдайда мұғалім кеңесші ретінде, жоба координаторы, көмекші, шешім қабылдауға бағыттаушы, бірақ оқу процессінде басымдығы жоқ. Мұғалімнің басты мақсаты – дарынды балаға өз талантын уақытылы көрсетуге және дамытыға көмек көрсету.

Химия сабағындағы жоба жұмысы мұғалім мен білім алушының ынтымақтастығына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған, үздіксіз білім беру үдерісіндегі бағалаудың бір түрі болып, оқушылардың кәсіби маңызды дағдыларын ерте қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоба әдісі тұлғаны, оның дербестігін, шығармашылығын дамытуға бағытталған және оқу үдерісінде жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыс түрлерін үйлесімді қолдануға мүмкіндік береді. Жоба әдісі қандай да бір теориялық немесе тәжірибелік маңызы бар мәселелерді шешудегі білім алушылардың оқу-танымдық әрекетінің нәтижеге бағытталуын негізге алады.

Сыртқы нәтижені көруге, пайымдауға, нақты тәжірибелік қызметте қолдануға болады.

Ішкі нәтиже – іс-әрекет, ізденіс барысындағы тәжірибе – білім мен дағды, құзырет пен құндылықтарды біріктіре отырып, білім алушының құнды қазынасына айналады.

Мұғалім жоба жұмыстары үшін нақты өмірмен байланысты мазмұнды да өзекті тақырыптарды анықтайды. Жоба әдісін сабақта іске асыру педагогтың рөлі мен функциясының өзгеруіне себеп болады. Мұндай тәсіл кезінде мұғалім кеңесші, әріптес, өз оқушыларының танымдық қызметін ұйымдастырушы болады. Жоба жұмысын орындау барысында оқушыларда жаңа білім мен дағдыларды үйренуге деген қажеттілік пайда болады. Жоба жұмыстары химия пәнінің жеке тақырыбы немесе бөлімі бойынша оқушылардың білімдерін бекітіп, зерттеу дағдыларын дамытады [22].

«Химия» оқу пәнін оқытуда эвристикалық әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға болады.

Оқытудың эвристикалық (ізденістік) формасы – ғылыми заңдарды, формулаларды, ережелер мен ақиқаттарды білім алушылардың өзі мұғалімнің жетекшілігімен ашып өндіретін оқыту формасы. Бұл әдіс гректің «эвристика» сөзінен шыққан, іздеймін, табамын, ашамын деген мағына береді.

Эвристикалық оқыту – мақсат, өзіндік мағынасын, мазмұнын және жүру барысын, тексеруін және түсінуін оқушымен бірге қойып оқыту.

Ал дарынды бала үшін бұл әдіс үздіксіз білім көзін ашу болып табылады.

Оқу процессінде дарынды балаларды дамыту олардың ішкі потенциалын ашуға бағытталады, ол үшін мақсатты түрде осындай педагогикалық тәсілдерді қолдану жақсы нәтиже береді.

Мысалы, тапсырма №1: «Жалпыдан ерекшені және біреуін табу». Галогендердің физикалық қасиетін қарастыру бірлікті (йод – қатты зат, бром – сұйық) және ерекшелікті (фтор және хлор – газдар) көрсетеді. Галогендердің химиялық қасиеттерімен танысу жалпылыққа мүмкіндік береді (галогендердің ығыстырғыш қатары: фтор – хлор – бром – йод) ерекшелігін көрсету (олардың тұздары немесе оттексіз қышқылдарының ерітінділерінен белсенді галогендерден астам белсендіден кемдерін ығыстыру, фтор қоспағанда) және бірлік (фтордың сумен әрекеттесуге қабілеттілігі).

3-тапсырма. «Химия нысанын көп жоспарлы сипаттау». Азот қышқылының жіктемелік сипаттамасы бұл ресурста былай ұсынылуы мүмкін: бұл бірнегізді, оттек құрамды, еритін, бір сатыдан қайтымсыз диссоциацияланатын және сол себепті бір қатар тұздар – орта немесе нитраттар түзетін күшті қышқыл [23].

Тағы бір мысал, 8-сыныпта 4-тоқсанда «Табиғаттағы су», оқыту мақсаты – судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру; судың табиғаттағы айналымын түсіндіру.

1. Тапсырманың аты: «Бұл таңғажайып су».
2. Білім нысаны: Су.
3. Орындау тәсілі: Зерттеу.
4. Тапсырма мәтіні:

«Су... оны қалай атасаң да болады: «өмір нәрі» және ғылыми тұрғыда «H_2O»… Көп адамға су жай ғана қарапайым зат болып көрінеді. Алайда су құпия сыры мол зат. Ол өзіне сырды көп сақтағаны сонша, тіпті әлі күнге дейін зерттелмеген, ашылмаған тұстары көп».

Мұғалім: - Өздерің тұратын үйлеріндегі құбырдан келетін суды өздерің білетін әдістермен зерттеп көріңдер. Сосын нәтижесін есеп түрінде жазасыңдар, – деп тапсырма беруге болады.

Халықаралық PISA зерттеуіне білім алушыларды дайындауда белсенді оқыту стратегияларын қолдану мысалында «Табиғаттағы су» тақырыбы ұсынылады.

Бұл сабақта «Жаратылыстану» білім саласының 4 пәні біріктірілуі мүмкін (география, биология, физика, химия). Географиядан «Атмосфера», биология «Судың биологиялық маңызы және оның еріткіш ретінде рөлі», физикадан «Тығыздық», «Температураны ұстап тұру және реттеу», «Тыныс алу», «Фотосинтез» тақырыптарын қарастырып, оларды PISA сынағының тапсырмаларын орындауға шақыра аласыз.

Мүмкін болатын тапсырмалар мысалы:

1) Судың максималды тығыздығы + 4 ° С температурасында болады. Бұл температураға дейін салқындаған кезде сығылады. Температураның одан әрі төмендеуі арқылы су мұзға айналғанша қайтадан кеңейеді. +4 төмен температура кезінде, су жеңіл болғандықтан мұздың жоғарғы қабаттарын алады. Мұз бен қарды еріту үшін үлкен көлемде жылу қажет болады, сондықтан бұл процесс бірте-бірте жүреді. 1 кг судың булануы 1 кг мұзды ерітуге қарағанда 7 есе көп энергияны жұмсайды.

2) Суда өмір сүретін тірі организмдер үшін +40-дан төмен температурадағы судың тығыздығы қаншалықты маңызды?

3) Судың тығыздығының температураға тәуелділік диаграммасын жасаңыз [24].

Сын тұрғысынан ойлау

Сыни ойлау – бұл маңызды сұрақтарды көтеру, әр түрлі дәлелдер жасау және тәуелсіз, ойластырылған шешім қабылдау. Сыни ойлауды дамытудың технологиясы білім алушылардың ақпаратты белсенді қабылдануына, түрлі көзқарастардағы мәселелерді қарауға дайындыққа, ойларының бағытын қадағалай білуге және логикалық тұжырымдарды қалыптастыруға, әр түрлі жағдайларда алынған дағдыларды және білімді қолдана білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл технологияда ерекше назар басқа біреудің пікірін «есту», оны келісу немесе оны жоққа шығару, олардың көзқарастарын жақтауға мүмкіндік береді. Сыни ойлауды дамыту технологиясының негізгі мақсаттарының бірі – оқушыны жаңадан ашқан нәрселері туралы білуі үшін, ойлау, түсіну, құрылымдау және ақпаратпен бөлісуді үйрету.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа

немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін технологияны қолданудың үш негізгі кезеңі бар: шақыру, ойлау, рефлексия. Бірінші кезең – шақыру. Осы кезеңнен бастап әр сабақ басталады. Оның міндеттері: тақырыпты анықтау және жинақтау, зерттелетін тақырыпқа қызығушылық туғызу, оқушыларды белсенді жұмыс істеуге ынталандыру. Екінші кезең – ойлау. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпарат алады, оны түсінеді, бар білімдерімен ой түйеді. Үшінші кезең – бұл рефлексия. Ол: тұтас түсінік, алынған ақпаратты қорыту, жаңа білімдерін, жаңа мәліметтерін беру, зерттелетін материалдарға әрбір білім алушының өз көзқарастарын қалыптастыру [25].

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Сыни ойлаудың әдістемелік әдістері:

Сабақ құрылымы		
«Шақыру»	**«Ойлау»**	**«Рефлексия»**
- бар білімді жетілдіру; -жаңа ақпаратты алуға қызығушылықты ояту; - білім алушының өз жеке мақсаттарын айқындау	- жаңа ақпарат алу; -тақырыпқа қызығушылықты сақтау; - білім алушылардың мақсаттарына түзету енгізу	- рефлексия, жаңа білімнің пайда болуы; - білім алушының жаңа оқу мақсаттары; - болашақты жоспарлау

Сыни ойлау мұғалімнің дайын жауабымен емес, сұрақтар мен проблемалардан басталады. Сыни тұрғыда ойлаудың өзіндік әдіс-тәсілдері бар.

Мысалы, *INSERT* әдісі:

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қою: «v» - бұрын білгені, «+» бүгінгі білгені, «?» - қызық болғаны (ұнағаны), «!» - мәтіндегі түсінбегені бойынша белгілер қояды.

Белгі қойып оқу (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі. Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтың әр бөлігінен кейін білім алушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғаны орынды. Ал мұғалім бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады [26].

Мысалы, тақырып бойынша білім алушылар келесі түрдегі кестені толтырады:

v	+	-	мен
«Бұрынан білемін»	«Жаңа ақпарат»	«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар»	«Қайда қолдана аламын»

Бұл білім алушыға өз оқыған мәтінін түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Инсерт» технологиялық әдісі ескі ақпараттан жаңасына өтуге мүмкіндік береді. оқылған тақырып бойынша келесідей кестені де толтыруға болады, онда «v» – жаңа ақпарат, «+» – өте құнды мәлімет , «–» – ал менде басқаша, «?» – онша түсінбедім, таңғаламын дегенді білдіреді.

«v»	**«+»**	**«-»**	**«?»**
«v» (иә) белгісін өзіңіз келісетін болсаңыз қойыңыз	«+» (плюс) белгісін ақпаратты өзіңіз үшін жаңалық деп есептесеңіз қойыңыз	«- » (минус), егер ойыңызға қайшы келсе қойыңыз	«?» өзіңізге түсініксіз болған жағдайда қойыңыз

Борт журналы

«Борт журналы» стратегиясы білім алушылардың ақпаратты өз бетінше меңгеруі үшін тиімді әдіс болып табылады.

Борт журналы	
Белгілі ақпарат және болжам	Жаңа ақпарат
Бұл тақырып туралы маған не белгілі?	Мәтіннен мен не білдім?

Мысалы 9-сыныптың «Органикалық заттардың ерекшеліктері» тақырыбын оқып сұрақтарға жауап береді:

1-сұрақ. Бұрыңғы кезде органикалық қосылыстарды қалай алған? Неліктен органикалық деп атаған?

Жауап: Барлық органикалық заттар тек өсімдіктер мен жануарлар ағзаларының өнімдерінен немесе оларды өңдеу нәтижесінде алынған. «Органикалық заттар» атауы осыдан шыққан.

2-сұрақ. Органикалық химия нені үйретеді?

Жауап: химияның органикалық заттарды оқытатын бөлімі.

3-сұрақ. Органикалық заттардың құрамына қай элемент міндетті түрде кіреді?

Жауап: органикалық заттардың құрамына міндетті түрде көміртек кіреді.

4-сұрақ. Органикалық химия ұғымына тағы қандай анықтама беруге болады?

Жауап: органикалық химия – көміртек қосылыстарының химиясы.

5-сұрақ. Көміртекпен қатар органикалық қосылыстардың құрамына тағы қандай элементтер кіреді?

Жауап: көміртекпен қатар органикалық қосылыстардың құрамына сутек кіреді, сонымен қатар O, S, N тағы басқа элементтер кездеседі.

6-сұрақ. Органикалық заттардың ыдырауына өмірден мысалдар келтіріңіз.

Жауап: көмір түзіледі. Егер картопты, құймақты, нанды қаттырақ күйдірсек олар крахмалға айналады, ал ет, жұмыртқа күйсе нәруызға айналады.

7-сұрақ. Тұзды ыстық табаға, қантқа салсаңыз, не болады?

Жауап: қант ери бастайды, ал тұз өзгеріссіз қалады.

8-сұрақ. Қалай ойлайсыз, ас тұзы мен қант қыздырғанда неге әр түрлі көрініс береді?

Жауап: өйткені бұл заттардың кристалл торларының құрылысы әртүрлі.

Рефлексия.

Рефлексия	
Ойлаудың төменгі деңгейіндегі сұрақтар	**Ойлаудың жоғары деңгейіндегі сұрақтар**
Кім...? Не **...?** **Қашан** ...? Қалай аталады? Солай болды ма?	Түсіндіріңіз, неге...? Сіз неге олай ойлайсыз ...? Айырмашылығы неде ...? Ойлаңызшы, егер ...? Келісесіз бе ...? Нақты солай ма ...?

Кейс-стади

Кейс-технология (кейс - ағылшын тілінен – оқиға, себеп) талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, әртүрлі позициялардың көрсетілуіне ықпал етеді.

Кейс – технологиясының негізіне белгілі бір күрделі жағдайға талдау жатады. Ол өзіне кейс әдісі, рөлдік ойындар, жағдайлық талдауды біріктіреді. Бұл технология нақты жағдайға талдау жасауды болжайды, ол өз кезегінде алған бімдерінің қат –қабатын көтеріп, іс-тәжірибеде қолдануға мәжбүрлейді. Кейс технологиясы негізі белгілі бір көрсетілген мәтінге, ондағы күрделі жағдайға байланысты мәтіндік оқу материалдарын (кейсті) іріктеп жинақтау. Кейстер өз алдына шешім қабылдап оны шығармашылық және оңтайлы шешімдер қабылдау үшін көпшіліктің талқысына салу үшін арналған [27].

Оның айрықша ерекшелігі нақты өмірдегі фактілер негізінде проблемалық жағдайдың сипаттамасы.

Бұл әдіс – ұжымдық оқыту технологиясын, оның ең маңызды компоненттері топтық жұмыс және өзара ақпарат алмасуды; жеке және топтық дамуды және тыңдаушылардың әртүрлі жеке қасиеттерін қалыптастырады.

Мысал ретінде әр түрлі тақырыптағы әртүрлі сыныптағы химия сабақтарында жағдайларды қолданудың бірнеше нұсқаларын қарастырамыз. Мұғалім мұны өз жоспарына сәйкес сабақ жүргізе алады.

Мысалы, 8-сыныптағы «Сутек және оның қасиеттері» тақырыбын қарастырайық.

Кейсті ашу:

1. Сюжетпен танысу. «Сутегі – жақын болашақтың отыны» - осы ұранмен автокөлік двигательдерінде H_2 қолданатын ішкі жану қозғалтқыштарын енгізу мәселесі қаралуда. Сутегі отыны ұзақ уақыт бойы басқа да бірегей қасиеттерінің арқасында басқа балама энергия көздері арасында жетекші орынға ие болды: экологиялық таза, бензинге және ол дизель отынына қарағанда тиімдірек.

Егер сутегі осындай керемет қасиеттерге ие болса, онда ол неге көлік құралдарында қолданылмайды?

2. Мәселе. Оқушылар мәселені шешу керек: сутегінің неге отын ретінде қолданылмайтынын айтады.

3. Мәселені тұжырымдау: сутегі отыны экологиялық таза және үнемді болып табылады, онда неге сутегілі машиналар шығарылмайды?

4. Проблемалық мәселеге гипотетикалық жауаптарды кеңейту (шағын топтарда миға шабуыл жасау).

5. Сюжеттік ақпараттарға және басқа қол жетімді дерек көздеріне (топтық жұмыс) негізделген сынақ гипотезаларды тексеру. Оқушыларға кез-келген әдебиеттерді, оқулықтарды, анықтамалықтарды пайдалануға мүмкіндік беру қажет. Мұғалім материалдары 1 парақтан аспайтын ақпаратпен қамтамасыз етеді. Жұмыс оқулықпен орындауы да мүмкін.

6. Шешім таныстырылымы. Әр топқа 3 минуттан.

7. Кейстің шешілуі бойынша рефлексия.

Проблемалық оқыту

Жаңартылған мазмұндағы бағдарлама бойынша химия сабақтарында проблемалық оқытуды әдісін қолдану – мұғалімнің салыстырмалы түрде тәуелсіз іздеу қызметін ұйымдастыратын оқыту үлгісі. Осы іс-шара барысында білім алушылар жаңа білімдерді, дағдыларды меңгереді, жалпы қабілеттерін дамытады, сонымен қатар ғылыми-зерттеу қызметі, шығармашылық дағдыларды қалыптастырады.

Проблемалық оқыту барысында білім алушылар жаңа білімдерді, дағдыларды игеріп, жалпы қабілеттерін дамытады, сондай-ақ зерттеу қызметі, шығармашылық дағдыларды қалыптастырады. Проблемаларды шешудің түрлері: талқылау, проблемалық лекция, проблемалық міндеттер мен тапсырмалар, тарихи мәліметтер, мәтіндер және т.б. болуы мүмкін [28].

Мысалы, мұғалім проблема туғызады: алюминий жер бетіндегі ең көп таралған метал болып табылады (ол жер қыртысының 8%-нан астамын құрайды) және технологияда жақында қолданылған (1855 жылы Париж көрмесінде алюминий алтыннан 10 есе қымбат тұратын құны ең сирек металл ретінде танылды). Неліктен? Білім алушыларға проблема ұсынылады, олар оны әр түрлі мамандардың тұрғысынан қарастырады. Сабақты диспут түрінде ұйымдастыруға болады: сыныпты үш топқа бөліп, бір топты – тәуелсіз сарапшылар, екіншісін – жақтаушылар, үшіншісін даттаушылар ету.

Проблемалық оқытуды келесі жағдайларда жүзеге асыру мүмкін:

– проблемалық жағдайлар болғанда;

– оқушының шешім табуына даярлығы болса;

– шешімнің біркелкі емес жолдары болса.

Мысалы, 8-сыныпта «Заттардың ерігіштігі» тақырыбы бойынша мынадай проблема туғызуға болады: қатты заттардың суда еруіне температураның әсері қандай?

Білім алушылар күнделікті өмірде қанттың суда қалай еритінін жақсы біледі. Сондықтан қатты заттар суда температураны көтергенде жақсы ериді деп ой тұжырымдайды. Мұғалім таң қалдыратын жағдайды жасайды: NaCl еруі іс жүзінде температураға тәуелсіз екендігін және оны үйде әр түрлі температурада жасап көруді ұсынады.

Мұнда мәселе анық: қантпен қаныққан тәтті судың температурасын оның тәттілігін азайту үшін қалай өзгерту керек және керісінше? Проблема анықталғаннан кейін, сабақтың келесі кезеңі білім беру мәселесін шешу болып табылады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында химия пәнін оқытуда коллаборативтік әдістерді қолдану оқушыларың эмоционалды және жан-жақты дамуына жақсы ықпал етеді.

Коллаборативтік оқыту әдісі (оқудағы ынтымақтастық) – химия сабағындағы мәселелерді топпен бірлесіп шешу жолдарын табудағы ұтымды әдіс [29].

Топтардағы ынтымақтастық адамның келесі аспектілерін дамытуға ықпал етеді: әлеуметтік, танымдық және эмоционалдық. Оқу процесінің ең тиімділігі барлық қатысушылар белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып жетістікке бірге қол жеткізіледі.

Мысалы, 9-сыныпта «Металдар құймалары» тақырыбын оқытуды келесідей ұйымдастыруға болады:

Металдарды алуды оқып-үйрену. Жұптық жұмыс:

1. Көршіңізге металдардың зерттелуі туралы өзіңіз жазған мәліметті айтыңыз (2 мин).

2. Барлық металдардың қасиетін сипаттайтын сөздер бар ма?

3. Өткен сабақта металдардың жалпы сипаттамасы бойынша жасаған жұмыстарды ойлаңыз (1 мин).

Енді басқа жұппен алмасыңыз.

4. Енді ақпаратпен бөлісіңіз (2 мин).

5. Неліктен металдар бейметалдардан ерекшеленеді, осы мәселені ойлаңыз?

6. Қазақстандағы металдардың кен орындарын атаңыз және оларды өндіру үдерістері туралы айтыңыз.

7. Металдарды өндіру ісі қоршаған ортаға қалай әсер етеді? Талқылау (3 мин).

8. Материалдар кеңейеді. Бұдан қандай мәселе туындайды?

Жаңартылған білім мазмұны аясында химияны оқытудың маңызды міндеттері:

– химиялық құбылыстарды бақылай білу, химиялық реакцияларды жүргізу және теңдеулерін жазу, есептеулер жүргізу, алған білімді практикалық қолдану дағдыларын дамыту;

– химиялық білімдерін игеруде және химиялық эксперимент жүргізуде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жағдайлар жасау.

Химия бойынша зертханалық тәжірибелер жеке (білім алушы тәжірибелерді жеке орындайды), топтық (бір үстелде отырған білім алушылар бір жұмысты орындайды және олардың әрқайсысының атқаратын қызметтері бөлістірілген), ұжымдық (әр түрлі үстелде отырған оқушылар тобы әртүрлі тәжірбие жасайды, соңында өз нәтижелері туралы баяндап, ұжымдық қорытынды жасайды) болуы мүмкін. Зертханалық жұмыс әдеттегі сабақтың бір бөлігі болғандықтан, ол алдын ала мұқият ойластырылып, техникалық әзірлік жасалуы керек. Зертханалық жұмыс проблемалық жағдаят тудыру үшін теориялық материалды түсіндіру алдында жасалуы мүмкін.

Тәжірибелік сабақ тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға көмектесетін жүйе.

Мұндай сабақтарда бастапқыда білім алушылар қыздыру аспаптарымен, зертханалық техникалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді, қауіпсіздік ережелерімен танысады. Одан кейін білім алушылар қарапайым және күрелі заттардың қасиеттерін зерттеумен, оларды зертханалық жағдайда алумен айналысады. Әрбір жаңа тәжірибелік сабақ дербестікті, дағдыларды жетілдіруді талап етеді. Тәжірибелік сабақтардың екі түрі қолданылады: нұсқаулық бойынша өткізілетін сабақтар және эксперименттік есептер [30].

Осы тұрғыда зертханалық тәжірибелер мен практикалық жұмыстарды жасағанда STEM – білім беру әдістерін қолдану өте таптырмас құрал болып табылады.

STEM (S – science (жаратылыстану ғылымы), T – technology (технология), E-engineering (инженерлік), M-mathematics (математика) – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады.

STEM- білім берудің кілт компонентері:

- пәнаралық – оқыту пән бойынша емес – тақырып бойынша;
- метапәндік – түрлі пәндерге қажетті дағдыларды нығайту;
- қолданбалы оқыту – нақты күнделікті міндеттерді орындау :
- ынтымақтастық пен коммуникациялар – сыни ойлау мен топта жұмыс істей білу.

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Бұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады [31].

Бұндай әдіс білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, өзіне деген сенімді нығайтады. Мысалы, 8-сыныпта «Атомдағы электрондардың қозғалысы» бөлімінде атомдардың модельдерін жасайды. Оқушылар барлық ғылыми терминдерді түсіне бермейді, мысалы, атомдар электрондарды қабылдауы немесе жоғалтуы, иондардың түзілуі. Ал STEM сабақтарда көңілді эксперименттер жасай жүріп терминдерді де тез қабылдайтын болады.

Білім алушылардың алған теориялық білімдерін өмірмен, практикамен ұштастырып, физикалық, химиялық құбылыстарды терең меңгерулері үшін соңғы үлгідегі STEM зертханалық сабақтарын пайдалану білімді меңгерудің ең тиімді жолы болып есептеледі.

Соңғы үлгідегі құралдармен қатар интернет ресурстарын пайдалану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуге мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы web – қосымшаларының кейбір түрілеріне тоқтала кетейік:

Kahoot - бұл викториналарды, тесттерді, сұрастыруларды онлайн құрастыруға арналған бағдарлама, сонымен қатар оқу сабақтарында, сыныптан тыс іс шараларында;

Quizlet- оқу үрдісінде командадағы ойын барысында, оқу материалын тыңдау үшін, жеке оқыту, интерактивті сабақ беру үшін пайдалануға болады;

LearningApps.org- бұл интерактивті модульдердің көмегі арқылы оқу үрдісін қолдауға арналған қосымша;

Aurasma - мобильдік қосымшасы, жарнамалық мақсатта суреттерді, журнал беттерін және көпшілік қолданатын обьектілерді жандандыруға арналған қосымша.Оқу үрдісінде оқушыларға арналған интерактивті силлабустарды табысты құрастыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы бойынша химия пәнін оқытуда заттарды ұқсастықтары бойынша салыстыра отырып сипаттайтын аналогиялық әдісті қолдану өте жақсы нәтиже береді.

Аналогиялық әдісті қолдану ең алдымен бір немесе екі гомологтың құрамын, құрылымын және физикалық қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік береді, содан кейін гомологтық қатардағы барлық қосылыстардың қасиеттерін болжауға мүмкіндік береді. Бұл әдісті 9-сыныптаға «Көмірсутектер» тақырыбында тиімді пайдалануға болады. Мысалы,

Метан CH_4 (CH_4)

этан C_2H_6 (CH_3- CH_3)

пропан C_3H_8 (CH_3-CH_2- CH_3)

бутан C_4H_{10} (CH_3-CH_2- CH_2- CH_3)

пентан C_5H_{12} (CH_3-CH_2- CH_2-CH_2- CH_3).

Осылайша әрі қарай жалғастыра берсе, құрылысы мен қасиеттері ұқсас көмірсітектердің тобы шығады, әр көмірсутек өзінің алдындағы көмірсутектерден CH_2 тобы бойынша өзгешеліктері болады. Білім алушылар осылайша алкандарды молекулалық массаларының өсуі бойынша орналастырса, гомологтық қатары шығатынын түсінеді.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген түрлі әдістердің дамуы оқушының білім, білік дағдысын қалыптастыруда деңгейлеп оқыту әдісі де үлкен әсер етеді. Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының элементтерін пайдалану білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Өйткені, әр түрлі деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы оқушылар таңдау құқығына ие бола алады, танымдық белсенділігі жоғарылап өзінің білім деңгейіне сәйкес тапсырманы орындауға мүмкіндік алады, қабілетті оқушыларды ізденіске жетелейді. Мысалы, 7-сыныпта өтетін «Валенттілік» тақырыбынан оқушылардың алған білімдерін қорытындылау мақсатында сабақта төмендегідей деңгейлік тапсырмаларды беруге болады.

I деңгей тапсырмалары:

1. Белгісіз элементті анықтаңыз: а) Mr(?)=32+16*3=80; ә) Mr(?)=40.

2. Формулалары HF, PbO, Na_2S болатын заттар құрамындағы элементтердің оқылуына мән беріп, валенттіліктерін көрсетіңіз.

3. Бірнеше химиялық формула берілген: $2NaNO_3$, K_2CO_3, $3H_2SO_4$ коэффиценттер мен индекстерді анықтаңыздар.

II деңгей тапсырмалары:

1. Мына жазбадан нені көреміз: а) $6H_2$, $3H_2$, NH_3, $5NH_3$. ә) Na_2O, Ca. Қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?

2. Формула бойынша элементтердің массалық үлестерін есепте: а) Na_2O – натрий оксиді; ә) H_2CO_3 – көмір қышқылы.

3. NaOH натрий гидроксидінің салыстырмалы молекулалық массасын тап.

III деңгей тапсырмалары: 1. Мына көрсетілген мәлімет бойынша элементтердің оксидінің формуласын құрастырыңдар: а) Pb – 86,6%; ә) S – 50,0%.

2. Дидактикалық материалдармен жұмыс жасап білімдерді қорытындылаңдар. а) ішкі дискіні айналдыра отырып, элементтердің салыстырмалы молекулалық массасын анықтаңыз [32].

Химиялық білімді теориялық және тәжірибелік тұрғыда берумен қатар, есептер шығаруда ізденіске жетелеу интеллектуалдық қабілеттерін дамытады. Есептер шығарудың ұтымды әдістерін пайдалану уақытты да үнемдеуге, ойлауды да дамытуға ықпал етеді. Есеп шығарғанда оқушылар есептің химиялық бөліміне көңіл бөлмей, бірден математикалық есептеу жағына көп көңіл бөлетіндіктен, есептер жаттанды шығарылады.

Ал есеп дегеніміз бұл болмыстың қысқаша сызбаланған моделі. Химиялық есептер ғылым заңдылықтарына қайшы келмей, тілі жатық, түсінікті, теория мен фактілерге сүйенген болуы қажет. Сонымен бірге белгілі бір қиындық деңгейіне сай, бағдарлама мөлшеріне дәл болуы да аса маңызды. Есептер бір қарағанда типтес болғанымен химияның түрлі салаларын қамтып, жан-жақты білімді талап етеді, сондықтан оларды шешу барысында оқушылардың жан-жақты ойлауы, әсіресе логикалық ойлау қабілеті жақсы дамиды.

Білім алушыларға заттарды қарастырғанда оның сандық жақтары мен қоса сапалық жағы да бар екендігін айту керек.

Мысалы:

1-тапсырма. Мына қосылыстардың H_2O; O_2; 2Cu; H_2SO_4; $CaCO_3$; 3 NaOH.

а) сандық;

б) сапалық құрамын анықтаңдар.

Шешуі: 5 H_2O- бес молекула судың **сандық құрамы:**

1) қандай элементтен құралған (H,O);

2) молекула саны (5);

3) Заттың типі (күрделі);

4) қосылыстың типі (оксидтер).

Сапалық құрамы:

1) Салыстырмалы молекулалық массасы($Mr(H_2O)$) = 18.

2) Молярлық масса – $M(H_2O)$ = 18 г/моль.

3) Зат саны (ν) , моль ν (H_2O) = 5 моль.

4) Масса (m), г. m (H_2O) = 90 г.

5) Молярлық көлем (Vm) , л/моль-0,018 (18:1000).

6) Көлем (V), л -0.09 л.

7) Элеметтердің массалық үлесі (W).

W(H) =0.11

W(O) =0.89

8) Элементтердің массасы

m(H): m(O) : 1:8

Жұмбақ есептер химия ғылымындағы ең бір практикалық маңызды мәселе, белгісіз затты анықтауға, оның қасиеттерін сипаттауға, болжауға бағытталған. Жұмбақ есептердің әр түрлі қиындық деңгейінде берілуі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, есептерді стандартты емес тиімді жолмен шешу әдісін таңдауына мүмкіндік береді. Мұндай типті есептерде заттар немесе заттар тобы жинақталып беріледі. Кейде тіпті бастапқы затты да, одан алынатын заттар да белгісіз болып, әсер етуші реагенттер мен олардың әсерлесу нәтижесі ғана берілуі мүмкін. Мысалы:

1-есеп. А жай затын құрамында осы зат, кальций кездесетін В тұзын көмірмен және құммен электр пешінде қақтау арқылы аламыз. А заты бірнеше аллотропиялық модификацияда кездеседі. Бір модификациясы сіріңке жасауда, ал екіншісі кеміргіштерге қарсы у жасауда қолданылады. Екі модификацияның түсі де, химиялық қасиеті де әртүрлі.

Бұл зат сутегімен тікелей әрекеттеспейді. Сутекті қосылысын А затын сілтінің қою ерітіндісімен өңдеу арқылы алуға болады. Ол сарымсақ иісті, улы газ. А заты хлормен, оттегімен әрекеттесіп қышқылдық қосылыстар береді.

А затының кейбір қосылыстары ауыл шаруашылығында кең қолданылады. А затын түзуші элемент атымен бір физика-химиялық үрдісті байланыстыруға болады. Осы затты анықтап, мәтінге сәйкес реакция теңдеулерін жаз.

Шешуі:

А – фосфор. Аллотропиялық түр өзгерістері ақ фосфор, қызыл фосфор, қара фосфор.

Ақ фосфор белсенді у, сондықтан кемiргiштерге қарсы у жасауда қолданылады. Қызыл фосфор сiрiңке жасауда қолданылады. Улы емес.

А затының алынуы:

$2Ca_3(PO_4)_2 + 10C + 6SiO_2 \rightarrow 6CaSiO_3 + 10CO + 4P$

$P_4 + 3KOH + H_2O \rightarrow PH_3 + 3KH_2PO_3$

$P + Cl_2 \rightarrow PCl_3$

$PCl_3 + Cl_2 \rightarrow PCl_5$

$4P + 5O_2 \rightarrow 2P_2O_5$

$PCl_5 + H_2O \rightarrow POCl_3 + 2HCl$

$PCl_3 + 3H_2O \rightarrow H_3PO_3 + 3HCl$

$P_2O_5 + 3H_2O \rightarrow 2H_3PO_4$

Физика-химиялық үрдіс фосфорисценция, яғни заттардың өздігінен суық жарық шығару қабілеті. Ақ фосфордың жарықтануы хемилюминесценцияға жатады. Яғни, фосфордың ауада су буы қатысында баяу тотығуға байланысты жарықтануы.

Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіндегі жұмбақталған заттарды анықтауға берілген тапсырмаларынан мысал:

2-есеп. Келесі іске асыру сызбасына сәйкес реакция теңдеулерін жазыңыз:

$$H_2 + N_2 \xrightarrow{t^0,P} A \xrightarrow{O_2,kat} B \xrightarrow{O_2} C \xrightarrow{O_2+H_2O} D \xrightarrow{A} E \xrightarrow{t^0} F$$

Барлығының құрамында азот бар екенін ескеріп, A-F белгісіз заттарын анықтаңыз.

<u>Шешуі:</u>

$$3H_2 + N_2 \xrightarrow{t^0,kat} 2NH_3$$

$$4NH_3 + 5O_2 \xrightarrow{Pt,kat} 4NO + 6H_2O$$

$$2NO + O_2 \rightarrow 2NO_2$$

$$4NO_2 + O_2 + 2H_2O \rightarrow 4HNO_3$$

$$HNO_3 + NH_3 \rightarrow NH_4NO_3$$

$$NH_4NO_3 \xrightarrow{t^0} N_2O + 2H_2O$$

<u>Жауабы:</u> *A – NH_3, B – NO, C – NO_2, D – HNO_3, E – NH_4NO_3, F – N_2O.*

Оқушылар жұмбақ есептердің дұрыс жауабын табу үшін жан-жақты ойлануы керек, ол үшін заттардың физикалық, химиялық қасиеттері және қолданылу саласын нақты білуі қажет болады.

Химиялық жұмбақтар жаңа материалдарды жинақтауға, сабақты қорытуға өте пайдалы. Оларды ойын және топтық жұмыста, сондай-ақ нақты материалды білуді талап ететін проблемалық тапсырмаларда пайдалануға болады. Мысалы, металдар туралы жұмбақтар. Сұрақтар:

Металдар периодтық кестеде қай жерде орналасады?

Натрий қай топта, оның реттік нөмірі қандай?

Жаңартылған білім мазмұны аясында білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттыру үшін түрлі заманауи әдістерді қолдану жақсы нәтиже береді. Сондай ұтымды әдістердің бірі –аналогиялық әдіс, яғни салыстыру әдісі болып табылады. Егер екі немесе одан көп нысанның ұқсас сипаттамалары бар

болса, онда кейбір басқа ерекшеліктердің ұқсастығы туралы қорытынды жасалады. Мысалы, №8 мен №16; №11 мен №13; №11 мен №17 орналасқан элементтерді салыстыру ұсынылады. Сонда оқушылар элементтердің атом құрылысы бойынша ғана емес, периодтық жүйедегі орнына байланысты да салыстыра алатын болады.

Блум таксономиясы арқылы дайындалған тапсырмалар болсын, жұмбақ есептер болсын оқушылардың терең ойлауын, терең білімін қажет етеді.

Оқушыларға нені үйрету керек екенін мемлекеттік стандарттар, бағдарламалар белгілейді. Ал оны «Қалай оқыту керек?» деген сұраққа жауапты мұғалімнің кәсіби даярлығынан, өз ісін жоспарлай, өзінің нақты мақсаттарын болжап, көре алуынан, оқушының іс-әрекетін ұйымдастыра алу шеберлігінен іздеу керек.

Оқыту процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын тұлға дамиды. Ал даму - ол үздіксіз тоқталмайтын үрдіс.

Логикалық ойлау қабілеттерін дамытатын әдістердің ішінде жұмбақ сұрақтар айтарлықтай роль атқарады. Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Благовещенка жалпы білім беру мектебінің химия және биология пәнінің мұғалімі Ипова Ақмарал Сүлейменқызының тәжірибесінен оқытудың бірнеше әдістері ұсынылады.

8-сыныпта оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында «Сілтілік металдарды» қорытындылаған кезде, «Жұмбақ сұрақ» стратегиясын қолдануға болады. Бұл стратегияның ерекшелігі, жасырылған жұмбақты шешу үшін оқушылар химиялық элементтердің, қосылыстардың қасиеттерін ой елегінен өткізіп, дұрыс шешім қабылдауға тырысады. Тапсырма:

1. Қант қызылшасымен картоп түсіміне ерекше әсер бар тыңайтқыш элемент (калий).

2. Бұл заттың 0,9%-дық ертіндісі физиологиялық етріндісі деп аталады да, адам ағзасы көп қан жоғалтқан жағдайда қан тамырына құйылады. Ол затты адамдар тұрмыста тағам дайындауға қолданады. Бұл затттың химиялық атауы қандай? (NaCL).

3. Бұл элемент қолға алғанда қамырша иленеді, пышақпен оңай кесіледі, созылады. Суға салғанда ширатылады (Na).

Қазіргі кезде химия пәнінде тапсырмаларды өмірмен байланыстырып берген дұрыс. Сол себепті оқушылардың ойлау қабілеттерін және функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында, 8-сыныпта «Натрий және оның негізгі қосылыстары» тақырыбын өткен кезде мынадай тапсырманы қолдануға болады.

Тапсырма.Тұзды пайдалана білу.

«Астың дәмін келтірген тұз әулие, Елдің сәнін келтірген қыз әулие», – демекші тұз – ағзаның дұрыс және толассыз түрде қызмет етіп отыруына арналған қажетті компонент. Қазақта тұзды төгіп қойсаң, өмірің ащы болады, тұзды тегін берсең, ұрыс-керіске тап боласың деген ырым-тыйымдар бар.

Сондай-ақ, көне көз апаларымыз тұзды иығыннан үш рет асырып сермесең, барлық аурулар мен жамандықтан аулақ боласың деп жатады.

№1 сұрақ. Ас тұзының формуласы, химиялық аталуы

№2 сұрақ. Ас тұзының құрамындағы натрийдің және хлордың массалық үлестері?

А) 39,32% Na; 60,68% CI;

В) 37,2% Na; 62,8% CI;

С) 39% Na; 61% CI;

Д) 40% Na; 60% CI.

№3 сұрақ. Тұзды артық пайдалану ағзадағы суды ұстап, қанның қысымын арттырады,жүрек пен бүйректің қызметін қиындатады. Сонымен бірге қан тамырын, әсіресе мидың қан тамырын атеросклероз ауруына шалдықтыратындығы анықталды.

Күніне ересек адам қанша грамм ас тұзын қабылдаса жеткілікті?

А) 30-50 г.

В) 100 г.

С) 10-15 г.

Д) 25-35 г.

Логикалық сұрақтарды оқушылардың барлығы бірдей орындай бермейді, сол себепті оқушылардың білім деңгейіне байланысты саралау әдістерін қолдану ұсынылады.

Саралап оқыту әдісі

7-сыныпта «Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы» тақырыбын өткен кезде төмендегідей саралау әдісін қолданса болады. Мұндағы мақсат, оқушылардың білім деңгейін ескере отыра тапсырмалар беру арқылы, олардың оқуына мүмкіндік жасау.

1-ші - **«Сәйкестендіру»** әдісі. Алты түрлі кеспе берілді, бірінші үш кеспеде ғалымдардың аты-жөндері жазылған, қалған үш кеспеде олардың еңбектері берілген. Оқушыларға берілген тапсырма мынадай: Ғалымдар мен олардың еңбектерін өзара сәйкестендіру қажет.

Барлық оқушылар ғалымдардың еңбектерін сәйкестендіре алды.

Ғалымдар:	Еңбегі:
I. И.Деберейнер	Периодтық жүйе
II. Ньюлендс	Октавалар заңы
III. Д.И. Менделеев	Триадалар заңы

Бағалау критерийі :

И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін біледі;

Дескрипторлар:

- Химиялық элементтердің периодтық кестесін құруға атсалысқан ғалымдарды біледі;
- Ғалымдарды жасаған еңбегіне байланысты сәйкестендіреді.

Жүргізілетін қалыптастырушы бағалау: Смайликтер арқылы бағалау.

2-шім – **«СБК»** стратегиясы.

С - ғалымның еңбегін сипатта;

Б - ғалымның еңбегінің басымдылықтары;

К - еңбегінің кемшілігі.

И.Деберейнер, Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуін атауы және мәні бойынша сипаттап, кестені толтырады. Әрбір теорияның артықшылығы мен кемшілігін салыстырады. Химиялық элементтердің периодтық кестесінің жаңашыл түрін жасау үшін әрбір ғалымның қосқан үлесін көрсетеді.



«СБК» стратегиясының ерекшелігі, ғалымардың ебектерін сипаттап, басымдылықтары мен кемшіліктерін салыстырғаннан кейін, қорытынды шығарады.

Қорытынды жасайды:

И. Деберейнердің қосқан үлесі ----------

Дж.Ньюлендстің қосқан үлесі----------

Д.И. Менделеевтің қосқан үлесі ----------

Бағалау критерийі :

И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерін салыстырады.

Дескрипторлар:

- И.Деберейнер, Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің элементтерді жіктеуін атауы және мәні бойынша сипаттайды;
- әрбір теорияның артықшылығы мен кемшілігін салыстырып айта алады;
- И. Доберейнердің қосқан үлесін жазады;
- Дж.Ньюлендстің қосқан үлесін жазады;
- Д.И. Менделеевтің қосқан үлесі жазады [33].

Химиялық сөйлеу мәнерін дамытатын әдістерді де жиірек пайдалану қажет.

Әңгіме – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Мұнда сұрақ қою және оқушылардың оларға дұрыс жауап табуы басты орын алады. Әңгіме сабақтың алғашқы кезеңінде оқушылардың білімін жаппай тексеру кезінде; оқу әдебиетімен жұмыстан кейін меңгерген жаңа білімін анықтау барысында; өткен тақырыпты қорытындылау кезінде жекелеген сабақтарда пайдаланылуы мүмкін. Әңгімелесу барысында мына талаптарды сақтау маңызды:

1) әңгіме басталмас бұрын оқушылардың алдына қойылған мақсатты немесе негізгі міндетті нақты тұжырымдау;

2) әңгімелесудің мазмұны мен құрылымын айқындайтын сұрақтардың тізбегін дайындау;

3) оқушыларда бұрын кездескен қателер негізінде қосымша түзету сұрақтарын пайдалану;

4) белгіленген мақсаттан ауытқымай, әңгімені жоспар бойынша жүргізу;

5) сұрақтарды талқылау қорытындысын шығару және қорытындыны тұжырымдау [34].

7-сыныпта «Химиялық элементтер» тақырыбын өткен кезде «Химиялық ширату» тәсілін қолданған тиімді, себебі оқу мақсаты бойынша оқушылар әрбір элементтің химиялық таңбамен белгіленуін біледі, элементтерді металдар мен бейметалдарға жіктейді. Бұл әдіс бойынша мұғалім кез келген 7 элементтің атын атайды, оқушылар карточкадан сол элементті тауып, жылдам жоғары көтеріп, оқылуын айтады. Осылайша оқушыларда біріншіден пәнге деген қызығушылық қалыптасады, екіншіден элементтердің таңбасын еске сақтайды. Бұл жұмысты былай түрлендіріп, мынадай тапсырма беруге болады:

Каточкада берілген элементтерді металдар мен бейметалдарға жікте, химиялық элементтің оқылуына назар аудар:

N, Li, Ca, H, P, K, O, S, Na.

«Шағын әңгіме құру» тәсілі арқылы оқушылардың химиялық терминдерді қолданып, әңгіме құруына мүмкіндік береді. «Атомның құрамы мен құрылысы» тақырыбының оқу мақсаты: протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу.

Сабақ соңында оқушылардың жаңа сабақты қаншалықты түсінгендігін «Шағын әңгіме құру» тапсырмасын беруге болады.

Тапсырма: «Химиялық элементтердің атом құрылысы» атты шағын әңгіме құрастырыңыздар:

1. Химиялық элемент.
2. Изотоптар.
3. Ядро заряды.
4. Электрон.
5. Нейтрон.
6. Протон.
7. Металл.
8. Бейметалл.
9.Атомдық масса.
10. Энергетикалық деңгей.

Оқушылар осы сөздерді пайдаланып мынадай шағын әңгіме құрды:

«Оттекк – бейметалл. Оттек екінші энергетикалық деңгейде орналасқан. Оның ядро заряды +8, электроны – 8; атомдық массасы 16-ға тең. Ядросында 8 протон, 8 нейтрон бар. Оттектің изотопы – озон.

Бүгінгі күні қысқа мерзімді сабақ жоспарында төмендегі жайттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу. Яғни, дәстүрлі оқытуда сабаққа үш мақсат қойып, оны өзіміз анықтасақ, қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әр пән бойынша тақырыптарға берілген оқу мақсаты нақты берілген.
- Осы оқу мақсатына сәйкес, сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою. Сабақ мақсаттары барлық оқушылар, оқушылардың көпшілігі, кейбір оқушылардың не істей алу керектігіне баса назар аударылады. Осы кезде саралап оқытудың негіздерін ескеру қажет.

Енді осы оқу мақсаты мен сабақ мақсаттарына жетуді көздейтін оқытудың тәсілдері мыналар:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану мен оларды дамыту маңыздылығына мән беру;
- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;
- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;
- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;
- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Оқушылардың оқу материалын немесе тақырыпты белгілі бір тапсырмаларды орындау, яғни әрекет арқылы игеретіндігі белгілі. Жалпы «Оқушыларға ұсынылатын іс-әрекет немесе тапсырма қандай болуы керек?» деген сұрақ бәрімізді алаңдатуы тиіс. Әрине, ол жерде мұғалімнің шеберлігі керек-ақ, оның үстіне тапсырманың бәрі оқу мақсатына негізделетінін ұмытпағанымыз абзал. Бұл – басты мәселе. Алдағы уақытта мұғалімдер тек оқу мақсаттарымен жұмыс істейтін болады. Жасыратыны жоқ, көп сабақтарда тапсырманы оқушыларға олардың бос отырмауы немесе тапсырманың қызықтылығы үшін, кейде тіпті іс-тәжірибесінің, әдіс-тәсілдерінің көп екендігін көрсету үшін беретін секілді. Алайда басты мәселе – оқу мақсаты екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да сабақтағы барлық тапсырма, қолданған

әдіс-тәсілдер тек оқу мақсаты мен сабақ мақсатын ашуға, соған жетуге бағытталуы тиіс. Осыны мұғалімдер сабақтарында ескеру керек.

Сайып келгенде, сабақтың құрылымы схема түрінде көрсетсек, былай болуы керек: «Оқу мақсаты → оқушылардың деңгейіне орайластырылған сабақ мақсаты → сабақ мақсатына жетелейтін бағалау критерийлері → бағалау критерилерінен шығатын тапсырмалар немесе ұсынылатын іс-әрекеттер → тапсырманы орындауға қажетті ресурстар». Тапсырманы жоспарлап, оқушыларға ұсыну үшін алдымен мына мәселелерге назар аудару қажет.

Мақсаты. Мұғалім «Бұл тапсырманы не үшін беріп отырмын?» деген сұраққа жауап береді немесе «Бұл тапсырманы не үшін бердім?» деген сұрақты топ ішінде талқылуды ұсынады. Мұғалім «Оның нәтижесі не болады?» деген сұрақты оқушыларға айтып немесе талқылау ұйымдастырады. Барлық тапсырмалар оқу мақсатын ашуға, мақсатты жүзеге асыруға бағытталады.

Деңгейі: Тапсырма күрделілігі Блум таксономиясы, яғни ойлау деңгейлерін негізге алуы шарт. Оқулықты қайталайтын тапсырма ұсынбай, оның ауқымынан шығып, материалды дамыту, тереңдету немесе оның негізінде жаңа ақпарат, ұғым құрастыруды талап ететін тапсырма берген жөн. Сол сабақта іске асырылатын деңгейлердің барлығына жеке-жеке бағалау критерийлері және тапсырма мен дескрипторлар құрылады. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады. Уақыт.Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады. Орындалуы. Мұғалім тапсырманы қалай орындау керегін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады.

Бағалау. Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы

дұрыс түсінгендігін анықтау қажет. (қайта сұрау, қайталату, топта талқылау).«Тапсырманы түсіну – оны табысты орындаудың 50% деп бекер айтпайтын болар. Топ/жұп құрамында орындау. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады.

Жариялау. Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай

жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі.Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады.

Кері байланыс. Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату.

Қорытындылау. Тапсырма бойынша белсенді әрекеттер аяқталды. Енді оқушылар ой-толғанысқа ден қойып, аз уақытта (1-2 минут) топ ішінде немесе бүкіл сыныппен тапсырманың нәтижелерін талқылайды. Олар бұл талдауда «Тапсырманы қалай орындадық? Жақсы жақтары мен кемшін тұстары қандай? Неліктен олай болды? Бұл тапсырма бізге не берді? Оның нәтижелері қандай?» деген секілді сұрақтарға жауап беруге тырысуы керек.

Кейде жалпылама «Тапсырма орындау барысында не үйрендік?» сұрағының орнына «Тапсырма орындау барысында үйренген 2 нәрсені көрсетіңіз» деген дұрыс болатын шығар. Жауапты 2-4 сөйлем арқылы тұжырымдаса қалай болады?!Мұндай тапсырманы ерте берген орынды, сонда бала сабақ соңында не үйренгенін 2-4 сөйлем төңірегінде қортындылап береді. Сонымен қатар адамдармен қарым катынас тәсілдерін, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын меңгереді. Мәтінмен жұмыс жасауға арналған стратегиялар, атап айтқанда «джигсо, джигсо -2, Инсерт, ойланып оқу» тағы басқа стратегиялар арқылы оқушы тек жаңа ақпарат алып қана қоймайды, мәселенің негізгі түйінін тауып, тақырып бойынша ой қозғап, өз бетімен білім алуға белсенділігі артады, өз пікірін ортаға салады. Оқушылар топпен жұмыс жүргізуге дағдыланады. Ал жазылым стратегиялары, «еркін жазу, 5 минуттық эссе, жол қалдырып жазу, бес – бес – бір» сияқты стратегиялар аркылы оқушы берілген тақырып бойынша өзінің пікірін, ойын, дәлелдерін жазады. Керек кезінде тақырып бойынша ұсыныстар жасап, болжау жасауға мүмкіндік алады. Басқа пікірлерді сынайды. Оқушы осы стратегиялар арқылы өздерінің танымдық құзыреттілігін дамытады. Пікірталасқа арналған «кубизм, болжау таблицасы, семантикалық карта, жұппен ой бөлісу» т. б. стратегиялар арқылы оқушылар өзара пікірталас, диспут, дебат жүргізу арқылы өз ойларын айтып, оны дәлелдеуді үйренеді, басқалардың пікірін тындай біледі.Топпен, жұппен, жеке жұмыстар жүргізу барысында өзара қарым – қатынаста болады. Оқушылардың шығармашылық құзіреттілігі, қабілеті артады. Тапсырма орындау барысында сұрақтардың алатын орны ерекше. Сұрақты сауатты қою да өнер. Жоғары денгейлі сұрақтар арқылы алған білімді

тексеріп, баланы сыни ойлауға жетелеуге болады. Соңғы уақыттары сұрақ түрлерін Блум тамксономиясы негізінде былай жіктеп жүр.

Қарапайым сұрақтар – нақты фактілерді білуді талап етеді. Кім? Не? Қашан? Қайда? деген сұрақтарға жауап беруді сұрайды.

Анықтағыш сұрақтар – оқушыларға алған ақпаратты дәл мәтіндегідей емес, оқығанын түсініп, обьектілерді салыстыру, негізгі идеяны анықтау мақсатында қойылады. «Менің түсінгенімше,», «Сізді дұрыс түсіндім бе?» деген сияқты сұрақтар.

Талдау сұрақтары /интерпретация/ Оқушыларға алған ақпаратты түйсініп, осыған ұқсас жағдайларда қолдану, мәселелерді шешу жолдарын табу ұсынылады. Мәтінге интерпретация жасату арқылы біз оқушылардың түрлі пікірлер мен әрекет себептерін түсіну дағдысын қалыптастырамыз.

Шығармашылық жұмыс:

- оқушыларға ақпаратты шағын бөліктерге бөліп, оның құрылысын анықтау тапсырылады;

- оқушылар түрлі көзқарастарды талқылап, «неге?» деген сұраққа жауап іздеп, қызығушылықтың себептерін анықтап, алған фактілері бойынша қорытынды жасайды;

- оқушылар мектепте оқып жатқан материал мен шынайы өмір арасындағы байланысты көреді, бұл дегеніңіз оқыту үрдісіне олардың көзқарасын өзгертуі мүмкін;

- оқушыларға ойлану мен талдау жаңа ұғымдарды түсінуге көмектеседі: «Сіз қалай ойлайсыз, не болады?», «Неге осындай болжам жасадыңыз?», «Бұл шешімге қалай келдіңіз?», «Неге бұлай болды?», «Оны қалай дәлелдей аласыз?», «Дәлел ретінде неге осы мысалдарды алдыңыз?»

Практикалық сұрақтар:

- Зерттеуге негізделген қорытынды шығару сұрақтары. Шағын бөліктерді біріктіру арқылы жаңа нәрсе алу тапсырылады.

Мәселенің шешімі, оқиғаның өрбуін болжау сияқты тапсырмалар орындалады. «Астананың ауасы мен Алматының ауасы немен ерекшеленеді?», «Сіздің ойыңызша, ондай ерекшеліктер неге байланысты болады?» «Неліктен жаңа бағдарлама бұрынғы бағдарламаға қарағанда тиімді?»

Баға беру сұрақтары:

- алған ақпаратқа баға беріп, өмірмен байланыстыра отырып, пікір білдіреді, ұсыныс жасайды, белгілі бір көзқарасты қорғайды.

- Қалай ойлайсыңдар, әрекет дұрыс па?

- Не істеу керек еді?

- Бұл ақпараттың маған пайдасы қандай?

- Не үшін бұл мысал келтірілген?

Сабақ барысында қарапайым сұрақтан бастау міндетті емес. Күрделі сұрақтарға жауап бере отырып та оқушылар мәліметті қалай меңгергендерін таныта алады.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада ойлау дағдыларын дамыту мақсатында логикалық ойлау операцияларын пайдалану тиімді әдістердің бірі болып табылады. Логикалық ойлауды қалыптастырудағы негізгі дағдылар

американдық психолог, оқыту әдістерін зерделеген Блум Бенджаминнің «Білім беру мақсаттары таксономиясы» еңбегімен ұқсас.

Блум бойынша оқыту – бұл процесс және оқытушылар оқушылардың қойылған мақсатқа жетуге ықпал ететін сабақ пен тапсырмаларды дайындау әрекеті деп есептеді. Б.Блумның білім берудегі маңызды үлесі ойлау әрекеттерінің деңгейлерін ұсыну, яғни фактілерді қарапайым жаңғыртудан талдау және бағалау, яғни күрделі деңгейіне жеткізу болып табылады.

Б.Блум біздің ойлауымызды күрделілікке қарай алты деңгейге бөлуге болады деп ұсынды (11-сурет):



11-сурет. Блум таксономиясы

Блум таксономиясын оқу процесінде нәтижелі қолдану үшін жоспарланған дидактикалық мақсаттар нақты айқындалу керек. Сабақта күтілетін нәтижелер оқушы әрекеттеріне негізделеді. Блум таксономиясының өнімді (жоғары) деңгейі «бағалау» барлық деңгейлерді қамтиды. Әдетте мұғалімдер оқушылар білімін тексеру үшін сұрақтар қояды. Сұрақтардың үнемі білу, түсіну деңгейінен аспай қалуы оқушылардың шынайы қызығушылық сезімдерін, оқушылардың сыни ойлауына ықпал ете алмайды. Сондықтан оқушыларға берілетін сұрақтар алдын-ала нақты тапсырмалар арқылы дайындалған жөн.

Блум таксономиясы бойынша тапсырма дайындауда келесі мәселелер ескерілуі тиіс:

- ✓ тапсырмалар нақтылы қамтамасыз етілуі үшін қысқа болуы;
- ✓ тапсырма мазмұнында дұрыс етістіктердің қолданылуы;
- ✓ күтілетін нәтижелердің бағалауға икемді болуы;

Блум таксономиясы бойынша «Алкадиен көмірсутектер» тақырыбына дайындалған тапсырмаларды талдау үлгісі ұсынылады:

Дағдылар	**Анықтама (етістіктер)**	**Оқушы іс-әрекеті**
Білу	Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске	Оқушылар диен көмірсутектердің жалпы

	түсіреді.	формуласын *еске түсіре* отырып белгісіз заттың формуласын анықтайды
Түсіну	Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіну немесе болжам жасау.	Диен көмірсутектерде қос байланыстың орнына байланысты *нөмірлейді*, соған байланысты атау керек екенін түсінеді, I, II, III, IV көміртек атомдарының ерекшелігін *түсіндіреді.*
Қолдану	Жаңа білімді тәжірибеде, яғни нақты жаңа жағдайға пайдалану.	Бұрынғы білімдері негізінде қажет формулаларды *пайдаланып,* есептің шарты бойынша диен көмірсутектің формуласын анықтайды.
Талдау (анализ)	Алған білімді жіктеу, саралау, ең негізгі түйінді дәнін бөліп ала білу. Яғни, бүтінді бөліктерге жіктеу арасындағы байланысты айқындау, т.с.с.	Берілген қосылыстардың химиялық қасиеттерін *салыстыра* отырып, мүмкін болатын реакция теңдеулерін аяқтайды. Химиялық реакцияның жүру механизміндегі *ерекшеліктерін көрсетеді, дәлелдейді.*
Жинақтау (синтез)	Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау (жалқыдан жалпыға).	Қарастырған қосылыстардың құрылысы, химиялық қасиеттері бойынша алған білімдерін *жинақтап*, А және Б заттарын табады.
Бағалау	Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау.	Есептің шарты бойынша бутадиеннің көлемдік үлесін тауып, маңызы, қолданылуы туралы *өз ойларын* айтады.

Жұмыс дәптерінде берілген тапсырмалардың мазмұны:

№1 жаттығу (әр дұрыс жауап - 0,5 балл)

Құрамында: а) 6 көміртек атомы бар, б) 26 сутек атомы бар алкадиендердің молекулалық формуласын құрастырыңдар.

а)

б)

№2 жаттығу (әр дұрыс жауап – 0,25 балл)

Төменде құрылым формулалары келтірілген қосылыстарды халықаралық атау жүйесі бойынша атаңдар. «ә» нұсқасында берілген қосылыста неше біріншілік (○), екіншілік (□), үшіншілік (Δ), төртіншілік (◊) көміртек атомдары бар екенін көрсетіңдер.

А) $CH_3 – CH = CH – CH = CH_2$

Ә) $CH_2 = C(CH_3) – CH_2 – C(CH_3) = CH_2$

Б) $CH_2 = CH - C = CH_2$
$\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad |$
$\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad CH_3$

В) $CH_3 - C = CH - CH - CH = CH_2$
$\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad |\quad\quad\quad\quad\quad\quad |$
$\quad\quad\quad\quad\quad\quad\quad CH_3\quad\quad\quad\quad CH_2 - CH_3$

№3 жаттығу (2 балл)

Диен көмірсутегінде сутек мөлшері 10%, ал ауа бойынша салыстырмалы тығыздығы 1,38-ге тең. Диен көмірсутегінің формуласын анықтаңдар.

№4 жаттығу (әрбір дұрыс теңдеу - 0,5 балл)

Бутадиен – 1,3 мына заттардың қайсыларымен әрекеттеседі:

а) бром;

б) бромсутек;

в) мырыш;

г) сутек?

Жүретін реакция теңдеулерін жазыңдар.

а) Br_2 + _____ →

б) HBr + _____ →

в) Zn + _____ →

г) H_2 + _____ →

№5 жаттығу (әрбір дұрыс жауап 2 балл)

Берілген айналымды жүзеге асыруға мүмкін болатын реакция теңдеулерін жазып, А және Б затын атаңдар.

Этилен $\xrightarrow{HBr}$ *А* $\xrightarrow{Na}$ *Б* → *бутадиен – 1,3*

А – Б –

№6 жаттығу (5 балл)

Бромды су құйылған ыдыс арқылы құрамында бутадиен қоспасы бар көлемі 2 $м^3$ (қ.ж.) бутан өткізілді. Нәтижесінде бутан қоспадан тазарды, ал бромды су құйылған шөлмектің массасы 108 г өсті. Бастапқы қоспадағы бутадиеннің көлемдік үлесін есептеңдер. Бутадиеннің маңызы, қолданылуы туралы өз ойларыңды айтыңдар.

Беріліп отырған жұмыс оқытуды бағалауға бағытталған. Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық болып табылады және кейде оны оқытуды бағалау деп атайды.

Блум таксономиясы бойынша «Майлар» тақырыбына дайындалған деңгейлік тапсырмаларды талдау үлгісі:

екінші дәптерде берілген тапсырмалар Блум таксономиясының негізгі дағдылары бойынша «А, В, С» деңгейінде топтастырылып берілді (15-кесте).

15-кесте - «Майлар» тақырыбына дайындалған деңгейлік тапсырмаларды талдау үлгісі

Жетістік деңгейі	Дағдылар	Оқушы іс-әрекеті
А	Білу, түсіну	Майлардың құрамына кіретін глицеридтерді *еске түсіре* отырып табады, формуласындағы ерекшеліктеріне қарай жіктеп, түсіндіреді.
В	Қолдану, талдау	Биологиялық маңызын біліп, түсініп, өмірлік қажеттілігіне *қолданады*. Майдың құрамына кіретін карбон қышқылдарын *талдай* отырып, сұйық немесе қатты болу себептерін түсіндіреді.
С	Жинақтау, бағалау	Тақырып бойынша алған теориялық білімдерін *жинақтап,* есептердің жауабын табады және жауабы негізінде түрлі *тұжырымдар* жасайды. Күнделікті пайдаланылатын тағамдардың құнарлығына *баға* береді. Артық салмақтың денсаулыққа зияны туралы *дәлелдер* келтіреді.

Жұмыс дәптерінде берілген тапсырмалардың мазмұны:

А – деңгейі (білу, түсіну)

№1 – жаттығу

$C_{15}H_{31}COOH$	$C_5H_{11}COOH$	$C_{16}H_{33}COOH$	$C_{17}H_{35}COOH$
$C_6H_{13}COOH$	$C_{17}H_{33}COOH$	$C_{17}H_{31}COOH$	$C_{17}H_{29}COOH$

Берілген қышқылдардың ішінен глицеридтерді түзуге қатысатын қышқылдарды тауып, төменде берілген кестеге жіктеп жаз. Қышқылдардың аттарын ата.

Қаныкпаған қышқыл	Атауы	Қаныққан қышқыл	Атауы

В – деңгейі (қолдану, талдау)

№2 жаттығу

Майлардың табиғатта таралуын берілген суреттерден агрегаттық күйіне қарай топтастырып көрсет. Майдың сұйық немесе қатты болу себебін түсіндір.

№	Майлардың табиғатта таралу көздері бойынша суреттер	Агрегаттық күйі	
		Сұйық	Қатты

1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			
8			
Жауабы:			

№3 жаттығу

Майлардың биологиялық маңызы қандай? Жауабыңды «Өрмекші» сызбасына толтыр.

С – деңгейі (жинақтау, бағалау)

№4 жаттығу

Мектеп оқушылары тәулігіне 10500 кДж, ал студенттер 12600 кДж энергия жұмсайды. Мектеп оқушылары ол энергияның 3071,2 кДж энергиясын тәуліктік қабылдайтын майдың тотығуынан жұмсайды, ал студенттер 3954,17 кДж энергия жұмсайды.

Тапсырма:

а) мектеп оқушылары мен студенттерге тәулігіне қанша г май қажет?

ә) тәуліктік қабылдайтын майды гидролиздеуге қажет судың мөлшері қандай?

б) қажет майды қандай тағамдардан алуға кеңес бересіз?

№5 жаттығу

Адам тәуліктік тамақ рационында 80 г май қабылдайды және тәуліктік энергия жұмсау мөлшері 1995 кДж тең.

Тапсырма: есептің шешімі бойынша қандай тұжырымдама жасауға болады?

Химия – жаратылыстану пәндерінің ішінде теориялық-эксперименттi ғылым. Химия пәнін оқытуда химиялық эксперимент оқу үрдісінің құрамды бөлігі болып табылады. Химиялық эксперимент жүргізу барысында оқушылардың өзіндік дамуы, химияға деген қызығушылығы артады. Химиялық эксперимент орындалу барысында байқалған химиялық құбылыстар мен

үрдістерді түсіндіру кезінде оқушыға химиялық білік пен дағды қалыптасуы жүзеге асады.

Мысалы 8-сыныпта «Оттегінің қасиеттерін зерттеу» зертханалық тәжірибесін жүргізгенде қышқылдық оксидтердің және негіздік оксидтердің алыну жолдары мен қасиеттері туралы айтып, зертханалық тәжірибеге қажетті құрал жабдықтарды дайындап алу керек. Оған қажетті жабдықтар: екі құты, қыздырғыш құрал, сіріңке, қасық, спиртшам. Реактивтерден: күкірт, дистильденген су, NaOH, лакмус, фенолфталейн.

Енді құтының біреуіне дистильденген суды құйып, оның үстіне 1-2 тамшы лакмус ерітіндісін, ал екінші құтыға NaOH-ін құйып, оның үстіне 1-2 тамшы фенолфталейн ертінідісін тамызады. Қасыққа аз мөлшерде күкірттен салып алып, оны спиртшамның көмегімен жағады. Осы жанып тұрған күкірттен лакмус ерітіндісіне, фенолфталейн қосылған натрий гидроксиді ерітіндісіне салып, тығындап жабу керек. Оқушылар тәжірибені бақылап болып, дәптерлеріне реакция теңдеуін жазуы керек.

«Химия» пәні қоршаған орта туралы ғылыми көзқарастарды, экологиялық мәдениетті және жеке тұлғаға тән әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырады. Химия сабақтарында пәнді экологиямен ұштастыруда басқа пәндермен байланыстыра оқытуға баса назар аудару керек. Қоршаған орта пәні химия, биология, физика, география сияқты пәндердің алғы шарттары болып табылады.

Мысалы, 7,8-сыныптарда бейорганикалық қосылыстардың «Пайдалы геологиялық химиялық қосылыстар. Кен құрамы», «Қазақстанның пайдалы қазбалары. Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері», «Отынның жануы және энергияның бөлінуі», «Судың ластану себептері» тақырыптарын өткенде экологиялық тарапына аса көңіл бөлу қажет.

7-сыныпта химия пәнінен «Қазақстанның пайдалы қазбалары. Минералдарды өндірудің экологиялық аспектілері» тақырыбында, ал география пәнінде «Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар» тақырыбында ортақ экологиялық мәселелер қаралады. Химияда табиғи ресурстарды өндірудің қоршаған ортаға әсерін зерттесе, гоеграфияда табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсынады.

Пайдалы қазбаларды өндіру атмосфераға төмендегідей әсер етеді:

- метанның CH_4 шығарындыларымен ауаның ластануы, қоқыстар мен қалдықтарды, газ және мұнайды қалдықтарын жағу нәтижесінде кен қазбаларынан азот оксидтерінің, көміртектің және күкірттің (парниктік газдарды) бөлінуі;

- карьерлердегі жарылыстар кезінде, қоқыстардың жағылуынан бөлінетін зиянды заттардан атмосфера бүлініп, қоршаған ортаға әсер етеді.

Гидросфераға тау-кен жұмыстарының әсері жер асты және жер үсті суларының сапасының нашарлауына үлкен әсер етеді.

Міне осындай экологиялық мәселелерді қамтитын тақырыптарды өткен кезде химия мен географияны байланыстырып немесе кіріктіріп оқытуға болады.

Химияның физика пәнімен де тығыз байланысы көптеген ортақ тақырыптардан белгілі.

Мысалы, 8-сыныпта химияда «Химиялық реакциядағы энергиямен танысу» бөлімінде экзотермиялық реакциялар жылу бөле жүретінін, ал эндотермиялық реакциялар жылу сіңіре жүретінін, энергия өзгерісін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан зерттесе, физика пәнінде «Термодинамика негіздері» бөлімінде термодинамиканың бірінші және екінші заңдарының мағынасын түсіндіріп, жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтайды.

Ғылымның дамуы физика мен химияның байланысын тереңдетуде.

Химия мен физиканың ортақ ұғымдары:

Жылу эффектісін өлшеу қажеттілігі, изотоптар мен радиоактивті химиялық элементтерді зерттеу, заттардың кристалдық торлары, молекулалық құрылысы, электрондық микроскоптар, жылу мөлшері, отынның энергиясы, кинетикалық энергия.

Бұл бөлімде мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы аясында химия пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, ғылыми ойлау деңгейін дамытуға, шығармашылыққа баулып, зерттеу жұмыстарына тартуға, химиялық білімдерді шынайы өмірде пайдалана алуға бағыттайтын оқытудың заманауи әдіс-тәсілдері ұсынылды.

3. Білім мазмұнын жаңарту аясында қысқа мерзімді жоспар дайындау және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отыруы керек [26].

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа ала алады:

- сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу;
- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- оқу жоспарында көрсетілген барлық жаттығуларды, әдістемелік кеңестерді,

ресурстарды мұқият зерделеу;

- мұғалімнің қалауы бойынша қажеттілігіне қарай жаттығу түрі толықтырылып отырады.

Мұғалім жалғыз білім көзі ретінде емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық қызметінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Үлгі ретінде Астана қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің мұғалімі Гаухар Кабыкееваның қысқа мерзімді жоспары ұсынылады:

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: **Бөлім**: **7.3С: Ерітінді мен ерігіштік** **Күні:** **Сынып**: 7	**Мектеп:ФМБ НЗМ , Астана қ.** **Мұғалімнің аты-жөні: Кабыкеева Г.Д.** **Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**
Сабақ тақырыбы	Ерітінді. Ерігіштік
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	ерітінді ұғымын түсіну; ерітінділердің маңызын білу; ерігіштікке температураның әсерін білу және түсіну.
Сабақ мақсаттары	Оқушылар: ерітінді ұғымын түсіну; ерігіштікке температураның әсерін білу және түсіну
Жетістік критерийлері	Оқушы мақсатына жетті, егер: - ерітіндіде еріткіш пен еріген заттың рөлін анықтай алады; - ерігіштік ұғымын түсінеді; - ерігіштікке температураның әсерін біледі және түсінеді; -қаныққан және қанықпаған ерітінділердің

	айырмашылығын біледі; - оқушылар күнделікті өмірде кездесіп жүрген түрлі ерітінділерді мысалға келтіре алады
Тілдік мақсаттар	Оқушылар біледі және орындай алады: - тақырып бойынша дұрыс лексиканы пайдалану және аса қаныққан ерітіндіде кристалдың өсу процесін ауызша сипаттай білу **Пәнге қатысты лексика және терминология**. сулы, сусыз, еритін, ерімейтін, қаныққан, аса қаныққан еріген зат, еріткіш, ерітінді, кристалл, кептіріп буландыру, ерігіштік
Құндылықтарды дарыту	Ғылыми ойлау, тіл мәдениетін қалыптастыру, химиялық терминдерді қолдану
Пәнралық байланыс.	Биология
Бастапқы білім	7.2А Қарапайым химиялық реакциялар 7.2В Жану реакциялары

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 2 мин Сабақтың ортасы	● 1. Оқушыларды түгендеп, сабақты жоспарлап алу. ● Сабаққа қойылатын талаптарды анықтап алу. Оқушылар алдына бірнеше күнделікті кездесетін ерітінділер қойылды. Демонстрация ретінде ас содасының ерітіндісі және құм мен су қоспасы дайындалды. Ерітіндінің компоненттерін анықтауды сұрау: Ерітінді қандай заттардан тұрады? Қай зат қай затта еріген? Алдағы берілген ерітінділерде қай зат қай затта ерітілген? Барлық осы ерітінділер қандай бөлшектерден тұрады? Кестені толықтырыңдар: Барлық ерітінділер еріткіштен және еріген заттан тұрады. Оны формула ретінде қалай өрнектер едіңдер? Ең кеңінен кездесетін еріткіш- су. Бірақ барлық заттар суда жақсы ери бермейді. Мысалы, майлы дақтарды қандай еріткішпен кетіруге болады? (бензин, керосин, фейри) Білімленд ресурсы (4 бет) Практикалық жұмыс №6 Оқыту мақсаты: ерігіштікке температураның әсерін білу және түсіну. Құрал- жабдықтар мен реактивтер: су, Тұз$_1$, Тұз$_2$, спарк, температуралық датчик, құты қыздырғыш, сынауықтар, стақандар, химиялық қасықтар мен шыны таяқшалар. Жұмыс барысы: 1. сынауыққа 20 мл су құю.	Презентация http://bilimland.kz/kk/content/category/free#opt[lang][2]=1&opt[structure][976]=1&p=13&pn=6&lesson=10488

Йод ерітіндісі		
Тәтті шай		
Спирт ерітіндісі		
Еритін кофе		
Сутек пероксиді		

35 мин. Сабақтың соңы. 2-3 мин	2. Судың температурасын белгілеп алу 3. Тұздың массасын өлшеп, суда еріту, максималды ерігенше. 4. Еріген тұздың массасын белгілеп алу 5. Алынған нәтижелерді графиктермен салыстырып тұздың атын анықтау. 6. Тексеру ретінде ерітіндіні колба қыздырғыш құралға орналастыру 7. Қосымша тұзды еріту. 8. График бойынша тұздың атын анықтау. Сұрақтарға жауап бер: 1. ерітінді неден тұрады? (еріткіш, еріген зат) 2. заттың ерігіштігі қандай жағдайға тәуелді? - сабақты қорытындылау -Үй тапсырмасы: 1. сабақ материалын білу 2. Адам ағзасындағы ерітінділер маңызы туралы қызықты мәліметтер қарастыру	

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқумақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қолжеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалпы баға
Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқытуралы даойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

Мұғалімдердің назарына Орал қаласындағы №14 орта мектептің химия пәні мұғалімі Дүйсенова Света Ғұбайдоллақызының қысқа мерзімді жоспары ұсынылады.

Сабақтың тақырыбы	Натрий және оның маңызды қосылыстары, қасиеттері, алынуы және қолданылуы.
Сабақтың мақсаты	**Білімділігі:** Натрийдің периодтық жүйедегі орны, атом құрылысы, ашылу тарихы, табиғатта кездесуі мен физикалық және химиялық қасиеттерін түсіндіру; **Дамытушылығы:** Типтік металл натрийдің қасиеттерін реакция теңдеулерімен жаза білу, логикалық ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін арттыру; **Тәрбиелігі:**

	Әр түрлі тапсырмалар орындату арқылы оқушылардың білімін жетілдіру және белсенділігін, қызығушылығын ояту, еңбекті бағалай білуге, сүйіспеншілікке,оқушының шығармашылық, ойлау қабілетін дамыту, өз ойларын жеткізе білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	-Натрийдің қасиеттерін сипаттай біледі; -Өз бетімен тапсырмаларды орындай алады; -Элементтің биологиялық маңызын біледі; -Химиялық реакцияларды жүргізіп, өзгерістер тізбегін орындай алады;
Сабақтың типі	Аралас сабақ, есептер шығару
Әдістер	Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, топтық жұмыс, АКТ элементтерін қолдану, диалогтық оқыту, оқыту үшін және оқуды бағалау, қабілетті оқушыларды анықтау.
Дереккөздер	Химия 8 сынып оқулығы М.Б.Усманова, Қ.Н.Сақариянова. Алматы, «Атамұра» 2016ж. «Химия анықтамалығы» әдістемелік журналы 2016-17ж. Интернет желісі.
Көрнекіліктер	Оқулық, периодтық жүйе, интерактивті тақта, бағалау парағы, тест тапсырмалары.

Сабақ бойынша мұғалімнің жазбалары

Кезеңдері	**Мұғалімнің әрекеті**	**Тапсырма мазмұны**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**
Ұйымдастыру	Оқушылармен амандасу, топқа бөлу. (топқа қалай бөлінгенін білу) Топ ережесін еске түсіру Психологиялық ахуал орнату	I.Сілтілік металдар Li, Na, K, Rb, Cs, Fr II.Галогендер Cl, I, Br, F III.Химиялық элементтер Si, S, Cu, Al, Ca IY.Жай заттар оттек, сутек, азот, көміртек, темір «Қара жәшік» ішінде әр топқа өткен тақырып бойынша сөздер берілген, сол сөздерді келесі топқа жумбақтап таныстыру, келесі топ жасырынған	Мұғаліммен амандасады, алған формулалары бойынша бөлінеді. Ерекше белгі арқылы топ жетекшісін сайлап алады. Бағалау парағы таратылады. Химиялық тілмен сөйлеуі, биологиямен байланыстыруы қадағаланады.	

		нәрсенің не екенін анықтау. (су, ауа, сутек, оттек) **Су**- еріткіш, олсыз тіршілік жоқ, екі элементтен тұрады, мөлдір, таза, үш агрегаттық күйде болады, жасушаның %-ын құрайды. **Ауа**- таза, иіссіз, дәмсіз, фотосинтез процесі арқылы толықтырылып отырады, құрамында 21% оттек бар **Сутек**- «жанғыш ауа» деген аты бар, иіссіз, дәмсіз, өте жеңіл, 1776ж Г.Кавендиш ашқан, суда нашар ериді, үш изотопы бар **Оттек**- табиғатта екі түрлі жай зат түрінде кездеседі, түссіз, иіссіз, суда нашар ериді, тыныс алу, шіру, жану процесіне қатысады, аллотропиялық түр өзгерісі азон деп аталады, фотосинтез нәтижесінде түзіледі.		
Білу.	«Ой шақыру» Химиялық жұмбақ	Менделлев қалашығында сілтілік металдар деп аталатын ықшам аудан бар екенін білесіз. Осы ықшамауданның 3 көшесінде 11 пәтерде бір металл тұрады, бұл қандай металл?	Натрий деп жауап береді.	Формативті бағалау
Түсіну	«Мағынаны тану»	І топ: Атом құрылысы, ашылу	Әр топ алдарына	Дескриптор

		тарихы, алынуы II топ: Физикалық қасиеті, қауіпсіздік ережесі III топ: Қолданылуы, биологиялық маңызы IY топ: Табиғатта таралуы	алдын ала үлестірілген ресурстарды танып, мағынасын ашу керек.	арқылы топ мүшелері жауап берген оқушыны бағалайды бағалайды.
Қолдану	Тәжірибелік кезең Химиялық қасиеттері.	1.Натрий мен суды әрекеттестіру. Натрий судың бетінде шыр айналып жүреді. Себебі сутегі бөлінеді де, ол жеңіл болғандықтан натрийді жан жағынан итеріп қозғалысқа келтіреді. 2. Сілті түзілгенін анықтау үшін, бір тамшы фенолдфталеин тамызамыз, ерітінді таңқурай түске боялады. 3.Натрий күкіртпен әрекеттескенде от алады.	Топпен түсініп, тыңдап алады, соңынан бір оқушы реакция теңдеуін жазады.	Мадақтау, бағалау парағы
Сергіту сәті	«Эстафета» Әр топтың жетекшілеріне парақшалар таратылады, екі топтан біріктіріліп, жарысады. Екі топқа сұрақпен, екі топқа жауаппен парақшалар таратылады.	1.Химиялық таңбасы 2.Оқылуы 3.Салыстырмалы атомдық массасы 4.Валенттілігі 5.Оттекті қосылысының формуласы 6.Оқылуы 7.Салыст. молекулалық массасы 8.Оттегімен әрекеттесу формуласы	Екі топ кезекпен кезек топ жетекшілерінің берген тапсырмаларын орындайды	Формативті бағалау, балл қою
Талдау	«Біліміңді сынап көр»	Оқулықпен жұмыс Оқулықтағы	Оқулықтағы тапсырманы	А-2балл В-3 балл

	Деңгейлік тапсырмалар орындау	тапсырмаларды деңгейлерге бөліп таратылады. Қызыл түске А деңгей, жасыл түске В деңгей, сары түске С деңгей.	жеке орындайды. Көрсетілген балдық жүйе бойынша бағалау парағына бағаланады.	С-5 балл
Жинақтау	Бекіту тапсырмалары	Жұптық жұмыс. Жаңа тақырып бойынша бір оқушыға сұрағы, екінші оқушыға жауабы үлестіріледі, екеуі тауып, жұптасу керек.	Өз жұбын табады	2балл
Үйге тапсырма	Тапсырма тақтадан көрсетіледі, жазып алулары талап етіледі	Тақырыпты оқу. Натрий қосылыстары туралы қосымша ақпарат жинақтау. Есептер жинағынан 2-56; 2-57 есептер	Тапсырманы мұқият жазып алу.	
Бағалау	Бағалау парағынан қорытынды баға шығарады			Баға журналға түседі
Рефлекция	Интерактивті тақтадан көрсетіледі «Басбармақ»	Басбармақ жоғарыға қарай - Мен түсінемін. Басбармақ көлденең - Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай - Мен түсінбедім.	Аты жөндерін жазып, өз деңгейлерін көрсетеді.	

Астана қаласы №76 мектеп-лицейінің биология және химия пәнінің мұғалімі Калиханова Шугыла Ергалиевнаның 7-сыныпқа арналған «Химия» оқу пәнінен қысқа мерзімді жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: 7.3 А Химиялық реакциялар	**Мектеп:** Астана қ, №76 мектеп-лицей
Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні:** Калиханова Ш.Е.
Сынып: 7 сынып	**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы: Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау»	
Оқу мақсаты	7.3.4.1 -«қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін білу; 7.3.4.2 -химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу; 7.3.4.3 - pH шкаласы негізінде әмбебап индикаторды қолданып, сілтілер мен қышқылдарды анықтай алу
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар білу керек:** • Табиғи қышқылдар мен сілтілерді және олардың қасиеттерін атайды; • Индикатор туралы ақпарат алады **Көптеген оқушылар білу керек:** • Индикатор туралы анықтама жазады; • Ортаға байланысты сәйкес түстерді анықтайды **Кейбір оқушылар білу керек:** • Ерітінділердің қышқылдық және сілтілік ортасын зерттеп, қорытындылайды.
Бағалау критерийі	**Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер:** • Табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілерін біледі; • Химиялық индикаторларды, олардың түсінің өзгеруін, pH мәндерін біле алады; • Қышқыл және сілті ерітінділерін бір-бірінен индикатор көмегімен ажыратуды үйренеді, зерттейді.
Тілдік мақсаттар	мақала немесе диалог түріндегі қауіпсіздік ережелері жайлы қысқаша ой-пікір білдіру. **Пәнге қатысты лексика мен терминология CLIL-әдісін қолдану.** Индикатор-**Indicator**. Лакмус қағазы- **Lacmus paper.** Фенолфталеин-**phenopthalein**. Метилоранж- **methylorange**. pH орта- **pH medium**, ерітінді-**solution**, бейтарап-**neutral**, бейтараптану, қышқылдылық-**acid**, сілтілілік- **alkalies pl.** **Диалогқа/жазылымға қажетті:** **https://bilimland.kz/kk#lesson=11317**



https://bilimland.kz/kk#lesson=10292





Әмбебап индикатор ... алынады Қышқылдардың pH мәні ... және негіздердің мәні ... Рн шкаласы ... қолданылады Зертханада қауіпсіздік өте маңызды, себебі … . Қышқылдар теріні күйдіреді, себебі ... . Зертханада / тәжірибе жүргізу кезінде, біз …

	жасауымыз/жасамауымыз керек/ керек емес
Құндылықтар	Ортақ істің нәтижесіне жауапкершілік; жеке жұмыс – өмір бойы білім алу, өз бетімен жұмыс орындау кезінде адалдылық.
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану. Дүниетану. https://bilimland.kz/kk#
Алдыңғы білім	https://bilimland.kz/kk#lesson=13831 Табиғаттану→ Табиғат элеметтері. https://bilimland.kz/kk#lesson=13806 Денелер мен заттар→Сұйықтықтардың қасиеттері.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	**Сабақтың жоспарланған жаттығу түрлері**	**Ресурстар**
Сабақтың басы ***7 минут***	***Ұйымдастыру кезең.*** **Психологиялық ахуал *тугызу.*** ***3 минут.*** «Шаттық шеңбері» арқылы «Ащы және тәтті», яғни оқушылар өзінің бойындағы бір жағымды, бір жағымсыз қасиетін айтады. (Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауына, бүгінгі тақырыпты ашуға бастапқы түрткі болады) ***2 минут.*** **Топқа бірігу.** Оқушылардың алдына түссіз ерітінділер құйылған сынауықтар ұсынылады, әр оқушының қолына әмбебап индикаторы беріліп, 1 сынауықты тексеріп көру ұсынылады. Индикатор түсіне сәйкес (қызыл, көк, түссіз, таңқурай түсіне қарай) төмендегі топтарға бірігеді. Тақырыпты ашуға екінші түрткі жасалады. **1-топ «Лакмус»** **2-топ «Фенолфталеин»** **3-топ «Индикатор»** **4-топ «Метилоранж»** https://bilimland.kz/kk#lesson=18658 Қышқылдар мен сілтілер. Видеотоптамасын көрсету арқылы оқушылармен бірлесіп жаңа тақырып, оның мақсаты, күтілетін нәтижесі ашылады. Бағалау парағы таратылады.	Әмбебап, метиоранж индикаторлары, ішіне 8 сынауыққа сірке қышқылының, 8 сынауыққа ас содасының ерітінділері, 8 сынауыққа су құйылады. Сынауық штативі. https://bilimland.kz/kk#lesson=18658 Видеотоптама. Қышқылдар мен сілтілер.
Сабақтың ортасы ***33 минут***	Оқушылардың оқылым дағдысын дамыту мақсатында оқулық мәтінімен жұмыс жасалады және мәтіндегі негізгі терминдерді **CLIL-әдісі арқылы** (терминдердің қазақша-орысша-ағылшынша атауларын) ***«Мидың суреті» әдісін*** қолданып жаңа тақырыппен танысады. **№7 зертханалық тәжірибе** https://bilimland.kz/kk#lesson=11140 ximiya_estestvennaya_nauka ***Бейне жазба көрсету арқылы қауіпсіздік ережесін есіне түсіреді***	Оқулық, https://bilimland.kz/kk#lesson=11140 ximiya_estestvennaya_nauka Химия зертханасындағы қауіпсіздік ережесі. 5 бет https://twig-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-1

	Ерітінділердің қышқылдық және сілтілік ортасын зерттеу https://bilimland.kz/kk#lesson=11318 pH шкаласы 2-3 бет. pH шкаласының ашылуы, бейнежазбасын көру арқылу тыңдалым дағжысын қалыптастыру.  **Бейнежазбадан кейін тыңдалым дағдысын тексеру үшін тапсырма орындату:**  **Мақсаты:** қышқылдық, негіздік орталарды индикатордың түсін өзгертуі арқылы анықтауды үйрену. Құралдар мен реактивтер: пробиркалар, штатив, натрий гидроксиді, мыс (II) хлориді, тұз қышқылы, су, лакмус, фенолфталеин, метилоранж. **Жұмыс барысы:** https://bilimland.kz/kk#lesson=11318 Тапсырмаларын жеке компьютерде қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындау:  **Зертханалық тәжірибе жасау.** Әр оқушының алдына белгісіз, түссіз 3 стақандағы ерітінді	Қышқылдар және сілтілер-1. https://bilimland.kz/kk#lesson=11318 pH шкаласы 2-3 бет. https://bilimland.kz/kk#lesson=11317 Индикаторлар https://bilimland.kz/kk#lesson=10294 Оксидтердің сумен әрекеттесуі. 3 бет. *https://bilimland.kz/kk#lesson=9269* *Виртуалды зертхана pH шкаласы*

беріледі. Әртүрлі индикатор қағаздары беріледі. Берілген заттардың қышқыл, сілті, суға индикаторларды әсер ету арқылы кестені толтыру арқылы жазылым дағдыларын дамытуға тапсырма беріледі.

Индикатор атауы	Индикатордың түсі		
	Бейтарап орта	Қышқыл орта	Сілтілік орта
Лакмус			
Фенол-фталеин			
Метило-ранж			

https://bilimland.kz/kk#lesson=11317

Индикаторлар. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары:





Алған білімді өмірмен байланыстыру.







https://bilimland.kz/kk#lesson=10294

Оксидтердің сумен әрекеттесуі. 3 бет. Алған білімдерін бекіту. Дұрыс және бұрыс жауапты тапсырма.



https://bilimland.kz/kk#lesson=9269 Виртуалды зертхана pH шкаласы



<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы
3 минут</td>
<td>Бағалау. Бағалау парағы арқылы оқушы өзін-өзіі бағалайды.
<table>
<tr><td>Компьютер бағасы</td><td>Өз бағаң</td><td>Қорытынды баға</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>


Үй тапсырмасы. Төмендегі фильмдерді көріп, бүгінгі сабақты байланыстырып «Табиғи қышқылдар мен негіздер» тақырыбында ой-толғау жазу.
https://twiq-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-1
Қышқылдар және сілтілер-1.
https://twiq-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-2
Қышқылдар және сілтілер-2.
3 минут. Рефлексия «SMS» ұялы телефон арқылы «Қызық. Қиын. Құнды» ойларын жазу</td>
<td>Қалам, бағалау парағы, ұялы телефон,
https://twiq-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-1
Қышқылдар және сілтілер-1.
https://twiq-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-2
Қышқылдар және сілтілер-2.</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Сабақ өткізгенен кейін толтыратын мұғалімнің өзіндік рефлексия парағы</td></tr>
<tr><td>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</td><td>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</td></tr>
<tr><td>Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін.
Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданыла алады</td><td>Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз</td><td>Денсаулық сақтау технологиялары.
Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.
Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ бойынша рефлексия
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?
Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?
Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?</td><td>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
</table>

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	
Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	

Сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану өте тиімді әдіс. Сонымен қатар пәнаралық байланысты қамти отырып, өткен сабақ білім алушылардың метатанымдық көзқарастарын кеңейтуге, біоімнің нәтижелі болуна ықпал етеді.

Осындай жаңа әдістерді қолдана отырып өткізген Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданындағы Абай атындағы орта мектептің «Химия» пәні мұғалімі Кенжебекова Құттықыздың қысқа мерзімді сабақ жоспары ұсынылады.

САБАҚ: Химия	**Мектеп: Абай атындағы жалпы о/м**	
Күні:	**Мұғалімнің есімі: Кенжебаева Құттықыз**	
СЫНЫП: 8 «ә»	**Қатысқандар саны: 20**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Химиялық байланыстың түрлері туралы білімді қалыптастыру;	
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:**	
	Химиялық байланыстың негізгі түрлері туралы білімнің негізін қалау	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	Жаңа теориялық ақпаратты беру арқылы химиялық байланыстардың маңызы бар екенін сезіндіру	
	Кейбір оқушылар:	
	Жаңа білімнің өмірде бар екендігін, оны біз өмірде байланыстарда пайдаланудың мүмкіндіктері қандай? - деген жаңа сабаққа үлкен қызуғышылық тудыру;	
Тілдік мақсат	**Оқушылар:** Химиялық байланыстың түрлерін ажрата және жаза алады;	
	Негізгі сөздер мен тіркестер:	
	Ковалентті, полюсті, полюссіз, иондық;	
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:	
	Талқылауға арналған тармақтар:	
	1.Химиялық байланыстың түзілуі 2. Формулалар жазу механизмі	
	Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?	
	- Химиялық байланыстың түрлері?	

	- Ковалентті байланыстың түрлерін ата? - Полюсті байланыс дегеніміз не? - Полюссіз байланыс дегеніміз не?
	Жазылым бойынша ұсыныстар: Байланыс типін анықтау, кестені толтыру, полюсті және полюссіз байланыстарды анықтау
Алдыңғы тақырып	Химиялық элементтердің электр терістілігі;

Жоспар

Жоспарланған уақыт	**Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)**	**Ресурстар**
Басталуы Психологиялық ахуал (10 мин.) Сабақтың ұраны: Үй тапсырмасы	- Келген қонақтармен сәлемдесу; - Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне гүл ұсыну арқылы жақсы тілек айту. «Атомдар мен молекулалар» ойыны арқылы топқа бөлу; -коваленттті; - иондық; - металдық; - сутектік. Әр топ топбасшысын сайлайды, топбасшыны бағалау парағымен таныстыру. Білім деген биік шың, Бақытқа сені жеткізер. Білім деген ақылшың, Қиындықтан өткізер. Үй тапсырмасын экрандағы ұяшықтардағы сұрақтар арқылы пысықтау; Әр ұяшықтағы сұрақтарға жауап беру арқылы соңында Д.И. Менделееевтің бейнесі ашылады. 	
Ортасы Қызығушылықты ояту (25 мин) Оқулықпен жұмыс:	Ендеше, біз бүгін Химиялық байланыстың негізгі түрлері тақырыбын өтеміз. Яғни барлығымыз экранға назар аударайық. Экраннан химиялық байланыстардың түрлері көрсетіліп өтіледі. Топтастыру (топпен жұмыс) 1-топ Химиялық байланыстың түзілуі	

Бейнекөрініс Дәптермен жұмыс.	2-топ Химиялық байланыстың типтері 3-топ Ковалентті полюссіз байланыстың түзілуі 4-топ Ковалентті полюсті байланыстың түзілуі Мәтінді барлық оқушылар оқып, әр топ берілген тапсырманы постер арқылы қорғап шығады. Полюсті, полюссіз байланыстардың түзілуінің бейнекөрінісі көрсетіледі. 4 топқа әр түрлі тапсырмалар беріледі, дәптерге орындап, әр топтан бір оқушы шығып тақтаға орындайды.	
Аяқталуы (10 мин.) Ой-толғаныс Үйге тапсырма	Графикалық диктант. Сабақты бекіту пысықтау мақсатында, Экраннан сұрақтар шығарылып, оқушылар ия және жоқ деп жауап беру арқылы өздерін бағалап шықты. Сабақтың соңында оқушылар, бір шумақ өлеңмен қорытындылады Химия қиын дейді Ашиды миың дейді Тереңдеп оған енсең Қиындығы білінбейді Химиялық байланыстың түрлері, 2-3 есеп.	

Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	**Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?**	**Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс**
	Басбармақ арқылы бағалау Жиынтық бағалау	

Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	**Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.**
Қорытынды бағамдау. Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: топттық жұмыс. 2: диалогтық оқыту. Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)? 1: уақытты тиімді пайдалану. 2: бағалау. Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?	

Ақмола облысы, Степногорск қаласы №9 орта мектебінің химия пәні мұғалімі Оспанова Гүлмира Нұрғазықызының 7-сыныпта өткізген сабағы ұсынылады.

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі: 7.2В Ауа. Жану реакциясы	**Мектеп: А.Косарев атындағы №9 орта мектебі**
Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні: Оспанова Гүлмира Нұрғазықызы**
Сынып: 7	**Қатысқандар саны:** **Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы: Ауа. Ауаның құрамы	
Оқу мақсаты	7.3.1.2 атмосфера ауасын ластанудан қорғаудың мәнін түсіндіру
Сабақтың мақсаты	**Барлық оқушылар білу керек:** • Атмосфера ауасының неден ластанатынын • Атмосфера ауасын қалай қорғауға болатынын **Көптеген оқушылар білу керек:** • Атмосфера ауасын ластанудан қорғаудың мәнін түсіндіру **Кейбір оқушылар білу керек:** • **А**тмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың жоспарын құруды.
Жетістік критерийі	**Оқушы оқу мақсатына жетеді, егер:** • атмосфера экологиясы туралы талқылайды • ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіреді
Тілдік мақсаттар	**Пәнге қатысты лексика мен терминология** Оттек , оксид, тез тұтанатын, өртке қауіпсіз, жану, сынау, жанармай, жанбайтын, тұтану, жану өнімдері, отын, тұтану көзі, өртсөндіргіш. **Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер** • От жануы үшін қойылатын **талаптар ... …-сыз** от жана алмайды, себебі ...

	• Отпен күрес кезінде … пайдаланбау маңызды, себебі ... • Өрт сөндіргіш … . Отпен күресте оңтайлы, себебі ... . Отпен күрес тәсілдері … болдырмаудан тұрады.	
Құндылықтар	Топтық жұмыста – ұжымшылдық, ортақ істің нәтижесіне жауапкершілікпен қарау; жеке жұмыс – тәжірибеде қолдана алу, өзін-өзі реттеу	
Пәнаралық байланыс	География	
Алдыңғы білім	Жер атмосферасы (Жаратылыстану, 5-сынып) 5.2 Ауа (1-4 сыныптар)	
Сабақ барысы		
Сабақтың басы **Ұйымдастыру кезеңі (3 мин)**	Сәлемедесу, оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, оқушылардың сабаққа дайындығына назар аудару. Сабақтың тақырыбын ашқызып, мақсатын қою Көзге ілінбейді, Жұтсаң білінбейді. (Ауа) Ал енді қалай ойлайсыңдар, өткен сабақта ауаның құрамымен таныстық, бүгінгі сабақтан не үйренулерің керек?	
(7 мин)	Мұғалімнің/оқушының іс-әрекеттері	Ресурстар
	Өткен сабақты «Өрмекшінің торы» әдісі арқылы тексеремін. Формативті бағалау.	Презентация «Өрмекшінің торы» әдісінің өткізілу жолы жазылады.
(2 мин)	Мұғалім оқушыларды үш топқа бөледі. (Оттегі, азот, басқа газдар). Оқушылар топқа қалай бөлінгендері жайлы айтады.	Қосымша 1.
Сабақтың ортасы **(8 мин)** **(2 мин)** **(3 мин)** **(17 мин)**	**(Жж)** Суретпен жұмыс **С**уретке қарап, қандай жағдайда атмосфера ластанатынын түсіндіру Формативті бағалау. (**К**) Оқушыларға ағаштың, күкірттің жану процесін көрсету. *Оқушылар заттардың жануы кезінде ауаның құрамына кіретін оттегі жұмсалатынын түсінуі және есте сақтаулары қажет.* (**Т**) Оқушылар өз көргендерін талқылайды:Заттың жануы кезіндегі қандай өзгерістер болады? Жану үшін не қажет? Не түзілуі мүмкін? (**К, М**) Жанып тұрған шамның жалынына шыныны әкеліп, күйе түзілгенше ұстаңыз, кейін шамды стақанмен жабыңыз. Шам сөнген кезде түтін бөлінеді, оқушыларданоның не екендігін сұраңыз. Оқушылардан жану өнімдерінің қоршаған ортаға әсер ететіндігі жайында сұраңыз, әңгімені бүкіл сыныптың талқылауына алып келіңіз. (**Т**) Оқушылар атмосфералық ауаның ластанудан қорғау жайында талқылайды. Олар постер дайындап, сыныптың алдында баяндайды.	Қосымша 2. **(тапсырма)** **С** – бүкіл сыныпты оқыту әдісі **Т**–топтық жұмыс **Жж**– жұптық жұмыс **Ж** – жеке жұмыс **Э** – оқушы эксперименті **К** – мұғалімнің көрсетілімі **М** – мұғалім нің түсіндіруі

		Б –бағалау **ҚТ**– қауіпсіз дік техни касы
Сабақтың соңы **Рефлексия** **(3 мин)**	1. Мен үшін бүгінгі сабақта құнды болғаны 2. Топтық талқылауда мен не үйрендім? Үйге тапсырма. Эссе «Мен атмосфера ауасын ластанудан қорғаймын»	

Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	**Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?**	**Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**
Дифференциация сабақтың көпшілігі үшін жеке жұмыс орындау кезінде жүргізіледі. Қабілеті төмен оқушыларға Қазақстан экологиясы туралы міліметтер әкеліп оқыту, ал барынша үлгеретіндерге Қазақстан зколоиясы бойынша талдау жасату арқылы олардың білімдерін кеңейту.	Бұл сабақта бағалау «Өрмекшінің торы» әдісі арқылы алдыңғы алған білімдерін сұрақ-жауап кезінде және жұптық,топтық жұмысты орындау барысында жүргізіледі	Шаршаудың алдын алу үшін барлық оқушыларға дене қимылдарын орындату

Сабақ бойынша рефлексия	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?	
Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?	
Жеткізбесе, неліктен?	
Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?	
Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?	
Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?
1:
2:
Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

Қосымша 1.

Оттек	Оттек	Оттек	Оттек
Азот	Азот	Азот	Азот

Басқа газдар	Басқа газдар	Басқа газдар	Басқа газдар

2-қосымша
Тапсырма



Суретке қарап қандай жағдайда атмосфера ластанатынын талқыландар.
Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіріңдер.
Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың жоспарын құрыңдар.

Бағалау критерийі	Дескриптор
Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы туралы қорытынды жасайды	Суретке қарап атмосфера экологиясы туралы талқылайды. Атмосфералық қарап атмосфера экологиясы туралы талқылайды ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіндіреді.

Орал қаласындағы Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешенінің «Химия» пәні мұғалімі Эльмира Бейсенбайқызы Казиханованың қысқа мерзімді сабақ жоспары үлгі ретінде ұсынылады.

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	**Мектеп: Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат**

7.2.В Ауа. Жану реакциясы (2 сағ)	**кешені**	
Күні:	**Мұғалімнің аты-жөні: Казиханова Э.Б.**	
СЫНЫП: 7	**Қатысқандар:**	**Қатыспағандар:**
Сабақтың тақырыбы	**Ауа. Ауаның құрамы. №6 Зертханалық тәжірибе: «Балауыз шамның жануы»**	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.3.1.1 - ауаның құрамын білу; 7.3.1.2 - заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу; 7.3.1.3 - атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну	
Сабақ мақсаттары	**Барлық оқушылар:**	
	- Ауаның сандық және сапалық құрамын біледі; - Ауаның құрамындағы тұрақты, тұрақсыз және тез өзгеретін газдарды жіктей алады.	
	Оқушылардың басым бөлігі:	
	- «Балауыз шамның жануы» тәжірибесі арқылы жану өнімдерін атайды; - Жану кезінде ауа құрамындағы оттектің жұмсалатындығын дәлелдейді.	
	Кейбір оқушылар:	
	- Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың тың идеяларын ұсынады.	
Бағалау критерийі	1. Ауаның сандық және сапалық құрамын атайды 2. Заттардың жануы кезінде ауа құрамындағы оттегінің жұмсалатындығын анықтайды 3. Жану өнімдерін атайды 4. Атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызы туралы қорытынды жасайды	
Тілдік мақсаттар	**Оқушылар:**	
	тақырыпқа қатысты лексиканың көмегімен атмосфералық ауаның ластану көздерін және ластанудан қорғаудың жолдары туралы баяндап түсіндіреді	
	Негізгі сөздер мен тіркестер:	
	Ауа, атмосфера, оттек, оксид, тез тұтанатын, өртке қауіпсіз, жану, сынау, жанармай, жанбайтын, тұтану, жану өнімдері, отын, тұтану көзі, өртсөндіргіш	
	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер	
	- От жану үшін қойылатын талаптар ... ... – сыз от жана алмайды, себебі ... - Отпен күрес кезінде ... пайдаланбау маңызды, себебі ... - Өрт сөндіргіш .... . Отпен күресте оңтайлы, себебі ... - Отпен күрес тәсілдері .... болдырмаудан тұрады	
Құндылықтарға баулу	Сыни тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс барысында сыйластық, құрметпен қарау, ынтымақтастық, өздігінен іздене отырып білім алу, өз ара бірін-бірі оқыта отырып өздері оқуға үйрену.	
Пәнаралық байланыс	Жаратылыстану – жер атмосферасы (5-сынып)	
Алдыңғы оқу	Дүниетану, жаратылыстану пәндерінен ауаның газдар қоспасы екені, қандай газдардан тұратындығын туралы түсініктері болады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың	**Сабақта жоспарланған жаттығу**	**Ресурстар**

жоспарланған кезеңдері	түрлері	
Сабақтың басы 5-7 мин	**Ұйымдастыру кезеңі** *«Серпілген сауал»* әдісі арқылы оқушылардың ойы жинақталады, жаңа тақырыпқа назар аудартылады. 1. Адамдарда тыныс алу процесі қалай жүреді? 2. Оттегіні қайдан аламыз? 3. Өсімдіктерде тыныс алу процесі қалай жүреді? 4. Адам тыныс алу кезінде тек қана оттегіні сіңіріп, көмір қышқыл газын бөліп шығарады дегенге келісесіздер ме? Жауабыңды түсіндір. 5. Ауа неден тұрады? 6. т.б. сауалдар (оқушылардың дұрыс жауаптарын ауызша мадақтау) *«Сенің ресурсың...»* әдісі арқылы топқа бөлінеді. Тақырыпқа қатысты талдауға ресурстар таратылады. Талдауға берілген ресурстың түріне қарай 3 топқа бөлінеді. **1-топ.** Ауа газдар қоспасы. Заттардың ауада жануы; **2-топ.** Атмосфералық ауаның ластану көздері; **3-топ.** Атмосфераны қорғауға байланысты жүргізілетін іс-шаралар	Тақырыпқа қатысты қосымша ресурстар жазылған материалдар
Сабақтың ортасы 33-35 мин	Таратылған ресурстар бойынша *«Ойлан-жұптас-бөліс»* әдісі арқылы жұмыстанады. **Топтық жұмыс.** **1-топ** ауаның сапалық құрамын тәжірибе арқылы анықтайды. Жұмыс барысымен нұсқаулық арқылы танысып шығады. *Нұсқаулық:* ауамен толтырылған шыны қалпақ суға төңкеріледі. Темір қасыққа салынған қызыл фосфорды тұтатып, суға төңкерілген қалпақ астында жақса, су қақпақтың 1/5 бөлігіне дейін көтеріледі. *Тапсырма:* неліктен су 1/5 бөлігіне дейін ғана көтеріледі? *Ескерту:* тәжірибені міндетті түрде мұғалімнің көмегімен тарпта шкафтың астында ғана жүргізу керек!!! Бұл топ жұмыс нәтижелерін басқа топтарға тәжірибе арқылы көрсетіп, реакция белгісінің себебін түсіндіреді. Ауа құрамын кесте, шеңберлі диаграмма	Тәжірибеге қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтер: Шыны қалпақ, кристаллизатор, темір қасық, шырпы, қызыл фосфор.

	арқылы көрсетеді. Заттардың жануын анықтауға да тәжірибе жасайды. Көмірдің кішкене түйірін темір қасыққа салып алдымен от жалынында қыздырады. Содан соң қызған көмірді оттегі толтырылған ыдысқа салады. Екі жағдайдағы жану процесін бақылап, салыстырады. Нәтижесін келесі кестеге толтырып түсіндіреді:	Тәжірибеге қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтер: Оттегі толтырылған колба, көмір, темір қасық, спирт шам, шырпы. Плакат, маркер.
	2-топ. Жұмыс нәтижесін сызбанұсқа құрастыру арқылы түсіндіреді.  	Плакат, маркер, түрлі-түсті қағаз, қайшы т.б.
	3-топ. Постер қорғайды.	«Мадақтау сэндвичі» әдісінің мазмұны жазылған слайд немесе плакат.
	Топтық жұмыстан соң топтар өзара бірін бірі бағалайды. **Бағалау әдісі.** *«Мадақтау сэндвичі»* 1-топтың жұмысы туралы 2-топ позитивті коментраий айтады, ол топтың жұмысынан не ұнады? 3-топ осы топтың жұмысы туралы сындарлы сын айтады, не нәрсені жақсарту керек? Ал 1-топ соңында өз жұмыстарын жетілдіру үшін өздеріне баға береді. келешекке арналған коментраий: өзімізге ұнады, бірақ келесі жолы ... . (осы бағытта топтардың жұмысы бағаланады) **Жеке жұмыс** жүргізіледі. Әр оқушыға үлестірме материал арқылы тапсырмалар жинағы беріледі. Әр қайсысы жұмыс дәптерлеріне орындайды. Алғаш орындап болған оқушылардың жұмысы тыңдалады. Қажет болған жағдайда	Үлестірме материалдар.

оқушылар бірін-бірі өзара толықтырады. Сабақ соңында оқушылардың дәптерін жинап алып, тексеріп, дескрипторға сәйкес коментарий жазылды.

«Жедел хат» әдісі арқылы қалыптастырушы бағалау тапсырмалары конвертпен үлестіріледі. Оқушылар өз алдына жеке орындайды.

1-тапсырма. *Барлық оқушылар орындайды.*

Ауаның құрамындағы мына газдарды тұрақты, тұрақсыз және тез өзгеретін газдарға бөліп жазыңыз: азот, оттегі, аргон немесе басқа инертті газдар, көмір қышқыл газы, сутегі, метан, су буы, азоттың қос тотығы, күкірттің қос тотығы. Осы газдардың өмір сүру ұзақтығын айтыңыз.

Газдар тобы	Аттары	Өмір сүру ұзақтығы
Тұрақты		
Тұрақсыз		
Тез өзгеретін		

Дескриптор. Білім алушы

- ауаның құрамындағы газдарды тұрауты, тұрақсыз және тез өзгеретін газдарға бөліп жазады;
- ауаның құрамындағы газдардың өмір сүру ұзақтығын анықтайды.

2-тапсырма. *Оқушылардың басым бөлігі орындайды.*

Лабораториялық тәжірибе «Балауыз шамның жануы».

Тәжірибе №1. Шамды жағыңыз. Парафиннің еріп, фитильдің жанында ағып, дөңгелек болып ерігенін көрсетіңіз. Бұл кезде қандай процесс жүрді?

Тәжірибе №2. Жалындағы жану өнімдерін анықтау. Шыны ыдысты алып, ұстағышқа орнатыңыз. Оны жанып жатқан шамның қараңғылау жеріне алып барыңыз да, 3-5 секунд ұстаңыз. Онда не пайда болды, түсіндіріңіз. Құрғақ пробирканы ұстағышқа орнатып, түбін жоғары қаратып, төңкеріңіз де жалынның үстіне терлегенше ұстаңыз. Бақылаған құбылысты түсіндіріп, қорытынды жазыңыз.

Қорытынды

